

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 37.02:81'243:82(574)

Қолжазба құқығында

ОРАЛБЕКОВА ҚҰРАЛАЙ ОРАЛБЕКҚЫЗЫ

Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру (Абай шығармалары негізінде)

8D01717 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор м.а. Қапантайқызы Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Ғылым докторы, профессор
Нергиз Б. (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Астана, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
КІРІСПЕ	7
1 ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	15
1.1 Тілдік тұлға теориясы және тілдік тұлғаның даму деңгейлері	15
1.2 Көптілді білім беру ортасының тілдік тұлға қалыптастыруға әсері	25
1.3 Көптілді оқушы тілдік тұлғасының моделі.....	33
1-бөлім бойынша қорытынды.....	45
2 АБАЙ МҰРАСЫ – ОҚУШЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ	48
2.1 Абай шығармаларындағы сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесі.....	48
2.2 Абайдың дидактикалық ой-пікірлерінің тілдік тұлға қалыптастырудағы маңызы.....	56
2.3 Ұлттық білім беру жүйесіндегі Абай шығармашылығын оқыту тәжірибесі	66
2-бөлім бойынша қорытынды.....	76
3 ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ	79
3.1 Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің зерттелуі.....	79
3.2 Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесі	87
3.3 Абай шығармалары негізінде оқушының тілдік тұлғасын дамыту тәжірибесін ұйымдастыру.....	107
3-бөлім бойынша қорытынды.....	118
ҚОРЫТЫНДЫ	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	124
ҚОСЫМША А - Оқу әдістемелік құрал.....	135
ҚОСЫМША Ә - Авторлық бағдарламаны оқу процесіне енгізу туралы акт	136
ҚОСЫМША Б - «Абай шығармалары арқылы оқушының тілдік тұлғасын жетілдіру» авторлық бағдарламасы.....	137
ҚОСЫМША В - Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік....	138
ҚОСЫМША Г - Авторлық жұмыстың Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК отырысында қаралғаны туралы құжат....	139
ҚОСЫМША Ғ - Диссертация аясында жасалған тәжірибе мен нәтижелер	140

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 15.07.1996 ж. № 3058.

“Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 (12)-сыныптарына арналған "Қазақ тілі және әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес. - Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 84-қосымша.

Негізгі орта және жалпы білім берудің 9-11 сыныптарына арналған «Абайтану» курсының үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31-қазандағы № 328-бұйрығымен аталған бұйрыққа өзгерістер енгізілген.

Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай» мектептерінің» 10-11 сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес). ҚР БЖҒ министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Грек. – грек тілінен

Лат. – латын тілінен

Т.б. – тағы басқа

ҚР – Қазақстан Республикасы

PhD – философия докторы

АНЫҚТАМАЛАР

Бағалау критерийлері – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын өлшемшарттар жүйесі.

Вербалдық – ақпаратты қабылдау немесе ойды білдіруде тілдік құралдарды арқылы сөзбен берілуі.

Импринт – адамның миында із қалдыру, әсер ету құбылысы.

Инверсия – ақын өлеңінде сөздердің орын тәртібінің ауысып қолданылуы.

Интегративтік ұстаным – пәнаралық байланысты сақтау ұстанымы

Интерииоризация (фр. interiorisation – сырттан ішке ауысу, лат. interior – ішкі) – сыртқы саяси өмір құрылымының адам психикасының ішкі құрылымына әсері.

Когнитивтік деңгей – тіл мен ойлаудың, әлем туралы білімнің санада өңделуі мен жарыққа шығуы арқылы көрінетін құзыреттілік.

Концепт – көп құрамды, күрделі когнитивтік құбылыс, тілдік тұлғаның лингвомәдениеттанымдық мәнін ашатын тілдік бірлік.

Құзыреттілік – жеке тұлғаның белгілі бір әрекетті тиімді атқаруға мүмкіндік беретін білім, дағды және тәжірибе жиынтығы.

Қостілділік – адамның немесе қоғамның екі тілді кезектесіп немесе қатар қолданып, коммуникативтік қызмет атқара алуы.

Ойқондырғы (ор. установка) – адамның табыс пен жетістікке жетуі үшін миына бекітетін ойы, мақсатына қарай бағытын айқындайтын мидағы берік бағдарламасы. Абай қолданған «жүректегі байлаулылық» деген сөзбен мағыналас.

Паритеттік (лат. Paritas - тең) – көптілді білім беру барысындағы оқытудың тең дәрежелі үлгісі;

Перцептивті (лат. perceptio – қабылдау) – психикалық қабылдау, объективті шындықты сезім арқылы тікелей көрсету;

Прагматикалық деңгей – тілдік бірліктердің қолданыс жағдайын, сөйлеушінің мақсатын және коммуникациядағы әсерін түсініп, соған сай әрекет ете алу қабілеті.

Промт (ағылшын. prompt — «сұрау») — жасанды интеллектіге жіберілетін сұрақ.

Рефлексия (лат. Reflexio – кейінге қарай назар аудару) – жүріп өткен жолына, өз әрекеттеріне назар аудару, қайта қарастыру.

Семантикалық деңгей – сөздердің семантикалық, мағыналық ерекшеліктерін түсініп, қолдана білу қабілеті.

Сөйлеу интенциясы (лат. Intentio) – сөйлеу ниеті;

Сторителлинг (ағылшын т. storytelling) – шығармашылық тапсырма түрі, өз өмірімен байланыстырып, әңгіме құрастырып айту;

Тезаурус – жиілік ретті сөздік және осындай сөздік негізінде анықталатын тілдік тұлғаның бірегей әмбебап бейнесі. Бұл бейне тілдік тұлғаға тән ғалам үзінділерінің бейнелерімен тікелей байланысты концептуалды құрылымға негізделеді.

Тілдік аялық білім – тілдік тұлғаның үйренетін тілде қарым-қатынас жасау арқылы алатын тіл туралы білімдерінің жиынтығы.

Тілдік тұлға – адамның тілдік қабілеті, сөздік қоры, сөйлеу мәнері және дүниетанымы арқылы көрінетін тілдік-мәдени бейнесі.

Уәждемелік деңгей – сөйлеу тілі мен мәтіннің қалыптасуына негіз болатын мүдде мен уәжді қамтитын жоғары уәждемелік деңгей.

Фрустрация (лат. frustratio – «жоспарлардың бұзылуы») — белгілі бір қажеттіліктер мен тілектер және оларға қол жеткізудің мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік жағдайында туындайтын психикалық күй.

КІРІСПЕ

Зерттеудің жалпы сипаттамасы.

Тілдік тұлға – адамның тілі және дискурсы негізінде айқындалатын психикалық, әлеуметтік, этикалық т.б. құрамдастардан тұратын құбылыс. Адамды тілден тыс зерттеу мүмкін емес, тілді қолданушыға мән бермей, тіл шекарасынан шықпай, тілдің өзін де, адамды да тану мүмкін емес. Тіліміздегі «адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген мақал соны меңзейді. Халқымыз көрген адамын бір ауыз сөзінен таныған. Абай бұл жайында: «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» деген. Тіл – адамның ішкі ойларының айнасы. Адам тілсіз өмір сүре алмайтыны сияқты, тіл де адамсыз тек таңбалар жүйесі болып қалады. Олай болса, тіл адамның тұлғалық қасиетін көрсетеді, адамның тұлға ретінде қалыптасуы ең алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Тілді қолданатын адам қарым-қатынас жасау қабілетіне қарай тілдік тұлға. Көптілді оқушының тілдік тұлғасы – тілде мәтін арқылы көрініс табатын және негізгі белгілері тілдік құралдар негізінде өзгеше құрылған тұлға.

Бірнеше тілді қатар меңгеріп келе жатқан оқушының тілдік тұлғасы күрделі жағдайда дамиды. Тілдердің өзара айырмашылықтары көп жағдайда оны қолданушы тұлғаға кедергілер келтіреді. Егер оқушы бір тілді ортада көбірек болып, басқа тілдердің ықпалына аз ұшыраса, онда әңгіме басқа. Ал ата-анасы да, араласатын достары да орыс тілінде сөйлейтін, сыныпта сабақ үш тілде қатар жүріп, үзілісте өзара көбінесе орыс тілін қолданатын оқушының тілдік тұлғасының дамуы аталған кедергілердің әсерінен өте баяу жүзеге асады.

Әдетте, бұндай жағдайда оқушының тілдік санасында бір тіл басымдық шепке шығады. Оқушыға ойын ауызша және жазбаша жеткізуде сол тілді қолдану жеңіл болады. Осы кезде оқушы тілдерді меңгеру мәселесіне саналы түрде келіп, әр тілдің өз өміріндегі маңызын айқындап, тереңдете меңгерудің қажеттілігін түсінсе, екінші, үшінші т.б. тілдерді де еркін меңгеріп кете алады. Себебі жас баланың есте сақтау қабілеті жоғары, тілді меңгеруге уақытын да көп жұмсай алады.

Екінші бір тілді меңгеріп жатқан адамға тән тілдік сипаттамалардың жиынтығы оның бастапқы тілдік тұлғасына қосымша мән жүктейді. Оған жаңа тілді меңгеру үдерісінде меңгеретін сөздік қоры, сонымен қатар, оның сөйлеу тәжірибесінде жиі қолданатын лексикалық бірліктерін қамтитын лексикалық құзыреттілігі жатады. Сонымен қатар, тілдің грамматикасын, оның ішінде синтаксис, морфология және семантиканы меңгеру деңгейін көрсететін грамматикалық дағдылары да тілдік тұлғаның сипатын толықтыра түседі. Тіл үйренушінің қарым-қатынас жағдаяты мен мәнмәтінге байланысты жиі қолданатын тілдік стилистикалық құрылымдары, жаңа тілдің фонетикалық заңдылықтарына сай екпін, интонация, дыбыстардың айтылуы және басқа айтылу аспектілерін меңгеруі де оның тілдік тұлғаның даму деңгейлеріне сай көрініс табады. Тіл үйренушінің үйренетін тілге байланысты мәдени нормаларды, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тереңдеп түсіне бастауы, сонымен қатар, мәдени контекстке бейімделу қабілеті, тілді меңгеру дағдысын жетілдіру

мақсатында қолданатын әдіс-тәсілдері т.б. – барлығы жинақталып келіп, тілдік тұлғаның болмысын аша түседі. Бұл сипаттамалар көптілді ортада дамып келе жатқан тілдік тұлғаның жеке бас психофизиологиялық ерекшеліктеріне, тілді меңгеру қабілет-қарымы мен табиғи бейімділігі деңгейіне, тілді оқып-үйрену уәждемесі мен мақсатына және тағы басқа көптеген факторларға байланысты өзгеріп отырады.

Зерттеудің өзектілігі.

Адамның жаңа тілді үйрену кезіндегі мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен құндылықтарын зерттеп, оның тілдік тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал ететін әдістемесін ұсыну мәселесі ғылым дамуының адамзекті парадигмасына сәйкес келеді. Тілдік білім берудің өзегі дәстүрлі парадигмада лингвистикалық норма болса, қазіргі жаңа парадигмада тілдік тұлға қалыптастыру мәселесі басты орынға шығып келеді. Ол тілдік норманы игеруші тұлғаны жан-жақты аспектіде зерттеуді көздейді. Сондықтан тілдік тұлғаның қалыптасу жолдарын анықтаудың негізгі жолы антропологиялық бағыттағы зерттеулер болмақ. Сонымен, лингвистика мен лингводидактиканың бүгінгі даму тенденциялары оқушының өз халқының тарихы мен мәдениетіне қатыстылығын сезінетін тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайтын технологиялар мен әдістерді іздестіру және негіздеудің перспективаларын көрсетеді. Біздің жұмысымызда тіл біліміндегі сөйлеуші, сөзді қолданушы, тілді тұтынушы оқушы категориясы лингводидактика іліміндегі тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесімен байланыста қарастырылады. Тіл үйренуші оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасу деңгейлеріне сәйкес сөздік қорын, тіл байлығын, лингвистикалық, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әдістемесінің лингвистикалық, психологиялық, әдістемелік, дидактикалық тұрғыдан бұрын-соңды зерттелмеуі жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстан қоғамында Хәкім Абай ілімін зерттеп, жас ұрпаққа жеткізу жолында кешенді іс-шаралар көптеп жүзеге асырылуда. Солардың қатарында жалпы білім беру жүйесінде «Абайтану» курстары негізінде «Абайдың толық адам ілімі» оқытылуда. Бұл пән негізінде Абай шығармаларын әдеби, тарихи, мәдениі, қоғамдық аспектіде оқыту жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ақынның өлеңдері мен қарасөздері бастауыш, орта білім беру жүйесінде «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің білім мазмұнына да іріктеліп, екшеліп енгізілген. Алайда ақын шығармашылығының оқушының тіл байлығын дамытуға әсері, ақын тілін талдай оқыту әдістемесі мәселесі әлі күнге арнайы зерттелмеген. Атап айтсақ, Абай шығармалары қатарындағы тіл үйретуде қолдануға болатын мысалдары толық іріктеліп алынбаған, Абай шығармаларының тіліне талдау жасату арқылы ақын қолданған сөз айшықтарын таныту, соның негізінде оқушының тіл байлығын дамыту, тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселелері қарастырылмаған. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде бұл сипаттағы зерттеулердің болмауы тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Абай нағыз тұлға «толық адам» болады деп санады, «адамның адамшылығының таразысы оның білімі мен өнері» деп есептеді. Ақын

шығармашылығын педагогикалық тұрғыдан қарастыру ақын философиясындағы адамның толықтығының, кемелденуінің өлшемшарттарын тануға мүмкіндік береді. Абай шығармаларындағы сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесіне қойылатын талаптар мен өлшемшарттарды саралап зерттеу өте маңызды. Бұл ақынның тілдік тұлғасын үлгі ете отырып, оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру жолдарын айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан ақынның «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын Қазақтың келістірер қай баласы?» деген сұрауына жауап іздеу арқылы білім алушының тілдік тұлғасының құрылымы мен мазмұнын зерделеу, «Сөйлесе сөзі әдепті, һәм мағыналы» тілдік тұлға қалыптастыру жолдарын айқындау қазіргі тілдік және әдеби білім берудің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Абайды тану, оның өлеңдерінің мәнін түсініп, бағалап, сезініп, өмірде қолдану әркімнің қолынан оңай келе беретін дүние емес. Абайды білемін деу оқушылар үшін көп жағдайда оның өмірбаянын, шығармаларының атауларын білумен, мектеп бағдарламасына енгізілген бірер өлеңдерінің үзінділерін жатқа оқумен ғана шектеледі. Яғни, таным үдерісінің ең төменгі – «білу» деңгейінен аспай жатады. Блум таксономиясының «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» деңгейлерін атамағанда, тіпті «түсіну» деңгейінің өзіне жету үлкен қиындық тудырады. Бұл мәселе мектеп бағдарламасына енген ақын өлеңдерін оқыту әдістемесін жетілдірудің өзектілігін анық көрсетеді.

Абай шығармаларын оқыту оқушының ұлттық тілдік санасын қалыптастыруға әсер етеді. Әсіресе, көптілді білім беру жүйесінде оқушыға бабалардың қанымен берілетін ана тілінің нәрін сезініп, ұлттық кодын қабылдай алуына мүмкіндік беретін оқу материалдарын сұрыптап ұсыну аса маңызды. Абай шығармаларын оқу үдерісіне кіріктіру – оқушының тілдік тұлғасын жан-жақты дамытудағы аса өзекті бағыттардың бірі. Себебі Абай шығармалары тек тілдік құралдарды меңгертумен шектелмей, оқушыны мәдени, рухани, этикалық және әлеуметтік нормалармен терең таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл – оқушының азаматтық санасын қалыптастыруға, ұлттық болмысын сезінуге және рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал ететін маңызды тетік. Абай мұрасы – қазақ тілі сабақтарын мазмұндық әрі құндылықтық жағынан байытатын бірегей әдістемелік ресурс. Ақын шығармаларын тіл дамыту жұмыстарына жүйелі түрде қолдану оқушының сөздік қорын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар, ойлау мәдениетін, мәнерлі сөйлеу дағдыларын, тілдік талғамын және ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталады. Деңгейге негізделген тапсырмалар мен мақсатты тілдік жаттығулар оқушының тілдік тұлғасын кезең-кезеңімен, құрылымды түрде жетілдіруге жағдай жасайды. Сондықтан оқушы тілдік тұлғасының қалыптасу деңгейлеріне сай деңгейлік тапсырмалар әзірлеудің лингводидактикалық негіздерін айқындап, тәжірибе арқылы тиімділігін тексеру мәселесі де өте өзекті болып отыр.

Зерттеудің нысаны.

Зерттеу нысанына Абай ақын шығармаларын оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру үдерісі алынды.

Зерттеудің пәні.

Тілдік тұлға қалыптастыру теориясы мен әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты:

Абай шығармашылығын оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін деңгейлік шығармашылық тапсырмаларға негізделген тіл дамыту әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- тілдік тұлға теориясын зерделеу арқылы оқушы тілінің даму деңгейлерінің басты ерекшеліктерін айқындау;
- көптілді білім беру ортасының оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға әсерін зерделеу;
- көптілді оқушының тілдік тұлғасының құрылымын ғылыми негіздеу;
- Абай шығармаларындағы сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесін айқындау;
- Абайдың дидактикалық ой-пікірлерінің тілдік тұлға қалыптастырудағы маңызын саралау;
- ұлттық білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын оқыту мәселесіне талдау жасау;
- Абай шығармашылығы негізінде деңгейлік тапсырмалар құрастырудың лингводидактикалық негіздерін айқындау;
- тәжірибе негізінде Абай өлеңдері арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру жолдарын айқындау;
- Абай тілінің мәнін түсініп, қолдану жолдарын меңгерту әдістемесінің тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің болжамы: егер Абай шығармаларының тілін талдай оқыту әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері қаланып, деңгейлік тапсырмалар жүйесі жасалса, онда оқушы ақын шығармаларын рухани құндылық ретінде бағалайтын, сөз саптауын үлгі тұтып, өмірде қолдануға ұмтылатын ұлтжанды, зерек, саналы тұлға, толық адам болып қалыптасу мүмкіндігі ұлғаяды.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде жүргізілетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде Абай шығармаларының тілін талдай оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасының қалыптасуына ықпал етуге болады.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.

Лингводидактика бағытында орындалған зерттеу жұмысымызда «альфа ұрпақтың тілдік санасына тек қана рухани құндылықтарға толы оқу материалы арқылы әсер етуге болады» деген идея мен «Абайдың мол мұрасы оқушы тілдік тұлғасының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді» деген концепция негізге алынды. Көптілді оқушының тілдік тұлғасының сапалық ерекшеліктерін айқындауда педагогика, әлеуметтік лингвистика ғылымдарының; Абай шығармаларындағы сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесіне қойылатын талаптарды айқындауда мәтін лингвистикасы ғылымының; тілдік тұлғаның қазақ тілінің жүйелік ерекшеліктерін меңгеру деңгейлерін анықтап, тілдік тапсырмалар жүйесін құрастыруда лингвистика ғылымының; тілдік тұлға қалыптастырудың лингводидактикасын зерделеуде антропологиялық лингвоәдістеме ғылымының; сөз өнерінің көркемдік қуатын танытуда әдебиеттану ғылымының; оқушының

тілдік санасын, рухани құндылықтарын саралауда мәдениеттану, аксиология ғылымдарының; эксперименттік зерттеулерімізді жүргізуде әлеуметтік-психология ғылымдарының теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйендік.

Зерттеу әдістері.

Зерттеу барысында Абай шығармаларының тілін және теориялық ұғымдар мен тұжырымдарды талдау; оқулық мазмұнын сараптау; тілдік тұлғаны модельдеу; оқу материалдарын жинақтау; оқыту тәжірибесін бақылау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңызы.

Зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі оның теориялық тұрғыдан маңыздылығын айқын көрсетеді. Жұмысымызда жасалған көптілді білім беру жүйесінде оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселесі жайлы; Абай шығармаларындағы оқушының тілдік тұлғасын жаңа деңгейге көтеретін білім мазмұны жайлы; Абай шығармаларының тілін оқыту әдістемесі жайлы теориялық тұжырымдарымыз осы бағыттағы зерттеулерге ауқымды үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.

Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру теориясы мен әдістемесіне қатысты алынған нәтижелер мен пайымдауларымызды қазақ тілі мен әдебиетінің практик және болашақ мұғалімдеріне, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселесімен шұғылданатын зерттеушілерге арналған дәрістер мен семинарларда қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Оқыту тәжірибесі. Тілдік тұлға қалыптастыру тәжірибесіне Астана қаласындағы Әбіш Кекілбаев атындағы BINOM School мектеп-лицейінің оқу орыс тілінде жүретін 9,10-сыныптарының 77 оқушысы тартылды. Тәжірибе нәтижелері негізінде авторлық бағдарлама мен оқу-әдістемелік құрал жазылып, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК шешімімен бекітілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

1. Тілдік тұлға теориясындағы еңбектер «қалыптасқан тілдік тұлғаны зерттеу» және «тілдік тұлға ретінде қалыптасуды зерттеу» деген екі бағыт бойынша жүйеленді, зерттеу мақсатымызға сәйкес көптілді білім беру жүйесіндегі оқушының тілдік тұлға болып қалыптасу үдерісін лингводидактикалық тұрғыдан тұңғыш рет қарастырдық;

2. Абай шығармаларындағы «бес асыл іс» – «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» концептілерімен *айқындалатын*, мазмұндық, эмоциялық, уәждемелік және іс-әрекеттік *бөліктерден тұратын*, тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивті-тезаурустық және прагматикалық-уәждемелік деңгейлерімен *сәйкес келетін* оқушының тілдік тұлғасының моделі ұсынылды;

3. Қазақстандық көптілді білім беру жүйесіндегі оқушы тілдік тұлғасының қалыптасуына әсер ететін факторлар, жағдайлар мен механизмдер диахронды және синхронды аспектіде жан-жақты зерттеліп, «альфа» буын мектеп оқушысының тілдік тұлғасы категориясы, виртуалды тілдік тұлғаның ерекшеліктері айқындалды;

4. Ақын мұрасынан тілді тұтынушы, сөйлеуші, тыңдаушы тұлғаның жағымды бейнесін қалыптастырудың біртұтас моделін құрастыруға болатын сипаттарды айқындадық;

5 Абай қалдырған мол мұраны түсініп оқып, талдау арқылы тілдік тұлға қалыптастыруда тірек идея етіп алуға болатын дидактикалық тұжырымдар анықталды;

6 Абай шығармаларын оқыту әдістемесі бойынша зерттеулерге талдау жасалды, олардың ішінде көркем мәтіннің тілін оқыту, қаламгер сөзқолданысын таныту бағытындағы зерттеулердің тапшылығы анықталды;

7 Тілдік тұлғаның танымдық, тілдік және шығармашылық дағдыларын дамыту кезеңдерінен тұратын, қарапайым, орта және жоғары деңгейдегі тапсырмалар жүйесін қамтитын Абай шығармашылығы арқылы тіл дамыту әдістемесі ұсынылып, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденді.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары:

1. Адамның тұлғалық болмысы ең әуелі оның тілді меңгеру деңгейімен анықталады. *«Білгендердің сөзіне махаббатпен еріп», «осы дүниеден өткен не дүлдүл, не бұлбұл шешен, көсемдердің» «сөзін оқып және ойлап», «сөз мәнісін біліп», қазақ тілінің табиғатын жүрегімен сезініп, «өзі үшін үйреніп», «егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап, құлаққа іліп», үйренгенін өмірде қолданып, «харекет қылған»* сайын оқушының тілдік санасы да кеңейіп, тіл байлығы арта береді;

2. *Атын адам қойған соң, ғылымға көңіл бөліп, бойды жеңіп, ақылға ерген* оқушыға Абайдың элитарлық тұлғасы үлгі, өнеге болады. *Білімдіден шыққан сөздің сырын, нұрын көруге ұмтылып, түбі терең сөздің артықтығын байқап, әр сөзін бір ойланып, салмақтайтын* оқушы талап, еңбек, терең ой иесі болып, қанағат, рақым қасиеттерін дамытса, *ойы мен тілі бөлінбес* тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі;

3. Тілдік тұлғаның қалыптасу кезеңінде оны қоғамдық-әлеуметтік орта мен түрлі субмәдениеттердің теріс ықпалдарынан қорғаудың басты жолы – ұлттық рухани-мәдени негіздерге сүйену. Сондықтан оқушының аялық тілдік білімін Абай шығармалары негізінде толықтырудың маңызы зор;

4. Абай жырлаған «тіл» және «сөз» ұғымдары мен ақылды, көркем мінезді сөйлеуші және тыңдаушы тұлғаның сипаттары оқушы тілдік тұлғасының жаңа сапасына қойылатын талаптарды айқындауға негіз болады;

5. Ақынның шығармаларына арқау болған «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» идеясы тілді өнер ретінде бағалап, жоғары деңгейде меңгеруге ұмтылған әрбір оқушының басты қасиетіне айналған кезде ол тілдік тұлға деңгейіне көтеріледі. Бұл қасиеттерді адам бойында қалыптастыру үшін қажетті дидактикалық талаптар Абай шығармаларының өзегін құрайды;

6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде Абай шығармаларын оқытуда ақын өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы ақпараттармен таныстыру, шығармаларының мазмұнын талдау жұмыстарымен ғана шектелмей, Абай шығармаларының тілін талдау жұмыстарын кешенді түрде, үнемі жүргізіп отырған кезде оқушының сөйлеу тілінің дамуына, тілдік тұлғасының қалыптасуына тиімді әсер етуге болады;

7. Абай шығармалары арқылы тіл дамытуда ақын шығармалары жайлы қосымша құнды мәліметтер беру, Абай әндерін пайдалану, аударма мәтіндермен жұмыс жүргізу, жасанды интеллект көмегіне жүгіну, Абай шығармаларына сүйеніп, жазбаша және ауызша шығармашылық жұмыстар орындау тиімді.

Зерттеудің жарияланымдары мен мақұлдануы:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміндегі журналға жарияланған мақалалар - 2:

1. Абай шығармашылығын оқытудың авторлық технологиясын жасаған ұлы ұстаз // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы, №4. - 2019. - 347-352 б. https://vestnik-kufil.kz/&journal_page=archive&id=43 ISSN 1608-2206 (Авторлық бірлестікте: Қапантайқызы Ш.);

2. Тілдік тұлға: негізгі зерттелу бағыттары // С. Торайғыров университетінің хабаршысы, Филология сериясы, №1 – 2021. – 191-197 б. <https://doi.org/10.48081/HGOV7835>

Scopus деректер базасына енетін импакт факторлы басылымда шыққан мақалалар - 2:

1. Problems of Reception, Understanding, and Interpretation of Abai's Works // Interdisciplinary Literary Studies, (2024) 26 (2): P. 162–178. <https://doi.org/10.5325/intelitestud.26.2.0162> (Авторлық бірлестікте: Karantaikyzy, Sh., Akhmetova, M., Orazbek, M., & Kenzhebayeva, G.);

2. Abay's legacy as a fundament of the art of speech // Scientific Herald of Uzhhorod University, Series Physics. ISSN: 2415-8038. Journal homepage: <https://physics.uz.ua/en> Issue 55, 819–828 (Авторлық бірлестікте: Karantaikyzy, Sh., Kairbayeva K., Kelgembayev B., Sadyrbateva R.).

Халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған мақалалар:

1. Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық (психологиялық) негіздері // Ахмет Байтұрсынұлы Оқулары-2019 «Ғасырлар тоғысындағы руханият мәселелері»: халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Астана, 2019. – 195-199 б.

2. Абай шығармаларын оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру // Ұлы ақын, ағартушы, гуманист Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Абай мұрасы және әлемдік руханият» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы, 2020. - 205-208 б.

3. Произведения Абая – основа формирования языковой личности // Духовный мир мусульманских народов: материалы Международной научно-практической конференции «XVI Акмуллинские чтения». Том II. – Уфа, 2021. 383-386 с.

4. The role of the concept of the "complete person" in the formation of a language personality («Толық адам» тағылымының тілдік тұлға қалыптастыруындағы рөлі) // «International congress of kazakh history, culture and language». - Ankara Turkey, 2021. - 244-248 p.

5. Абай шығармалары ізгілікті қоғам қалыптастыру негізі // М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «М. Серғалиев және филология мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 17 Наурыз, 2023. – 152-155 б.

6. Abai's creative legacy as the foundation of linguistic, cultural, and personal development // «Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - 31 қазан, 2025. – 192-194 р.

Оқу-әдістемелік құралдар – 2.

1. Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: MediASoft, 2025. – 48 бет. (Авторлық бірлестікте: Қапантайқызы Ш.);

2. Абай шығармалары арқылы оқушының тілдік тұлғасын жетілдіру. Жалпы білім беретін мектептердің 9-10 сынып (Т2) оқушыларына арналған авторлық бағдарлама. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК шешімімен қала деңгейіне таратуға ұсынылған. Хаттама №3. 23.12.2025 ж.

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 1.

Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесі. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. № 66075. 06.01.2026 ж. (Авторлық бірлестікте: Қапантайқызы Ш.).

1 ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Тілдік тұлға теориясы және тілдік тұлғаның даму деңгейлері

Тұлға ұғымы адамның сапалық қасиетін сипаттауда қолданылады. Адам тұлға болып тумайды, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл тілдік тұлғаға да қатысты. Тілдік тұлғаның қалыптасу үдерісі онтогенездік сипатқа ие. Онтогенез принципі бойынша жеке тұлға дайын күйінде емес, даму барысында біртіндеп қалыптасады. Бұл ұстаным оқушының тілдік тұлғасының да сатылай түрде жетілуімен сәйкес келеді, яғни оқушы тілдік бірліктерді алғаш қабылдап, меңгеріп, кейін оларды сөйлеу әрекетінде қолдану арқылы тілдік тұлға деңгейіне көтеріледі. Сол себепті тілдік тұлға даму кезеңдерін онтогенездік тұрғыда қарастыру оның қалыптасу механизмдерін терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Тұлға өз ортасындағы басқа адамдарға, әлеуметтік институттарға қатысты, қоғамдық қатынастар жүйесінде танылады, сол арқылы тарихи тұлға ретінде қалыптасады. Яғни, адамның тұлғалық мәні оның өмірге, өзін қоршаған ортасына, адамдарға деген құндылық қарым-қатынасы арқылы ашылады. Ол қарым-қатынасын адам сезімдері, іс-әрекеті, тілі арқылы жеткізеді. Тұлғаның тілі арқылы жеткізетін құндылық қарым-қатынасы адамның тілдік тұлғасын анықтайды. Адамның сөзі арқылы оның қандай адам екенін білуге болады. «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» деген Абай тұжырымы осыны меңзейді, тұлғаның әлеуметтік, білімдік, психологиялық қырларын тану жөніндегі адамзаттық идеямен үндеседі. Адамның тұлғалық болмысы ең әуелі оның тілді меңгеру деңгейімен анықталады. «Білгендердің сөзіне махаббатпен еріп», «осы дүниеден өткен не дүлдүл, не бұлбұл шешен, көсемдердің» «сөзін оқып және ойлап», «сөз мәнісін біліп», тілдің табиғатын жүрегімен сезініп, «өзі үшін үйреніп», «егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап құлаққа іліп», үйренгенін өмірде қолдана бастаған сайын адамның тілдік санасы да кеңейе береді. Осылайша адамның ақыл-ойы, ой-өрісі, сөздік қоры да дами түседі.

Тілдік тұлғаның құзыреттілігі құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен танылады. Тілдік тұлға ұғымын зерттеуші ғалымдар адамды өз тілінен тыс қарастыратын идеяға қарсы шығады. Тіл біліміндегі сөйлеуші, сөзді қолданушы, тілді тұтынушы адам категориясын зерттеу мәселесі осыған байланысты өзекті болып саналады. Тілдік тұлға – белгілі бір тілдің кез келген сөйлеушісі, ол өзін қоршаған әлем бейнесін суреттеу үшін мәтіндер тудыруда тілдік құралдарды қолдану деңгейі арқылы сипатталады.

Тілдік тұлға категориясы түрлі ғылыми-лингвистикалық бағыттарда қарастырылуда. Таза филологиялық тұрғыдан қаламгердің өзі мен оның кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы; психоллингвистикалық тұрғыдан сөз тудырушы адам; прагматлингвистикалық тұрғыдан тілдік қарым-қатынасқа (коммуникацияға) түсуші адам; әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қоғамдық ортада тілді қолданушы адам; аксиоллингвистика тұрғысынан тіл арқылы құндылықтар жүйесін бойына сіңіруші адам; лингводидактика тұрғысынан тіл туралы білімін

тереңдету арқылы тұлғалық өсу үдерісіне қатысушы адам категориялары зерттелуде.

Тілдік тұлға теориясы тілдік зерттеулердің барлық аспектілерін қамтиды. Тілдік тұлғаны талдау қарапайым тілді меңгеру деңгейін көрсететін құрылымдық-тілдік деңгейден бастап, оның дамуын, мінез-құлқы мен уәждемесін, мақсаттарын анықтайтын лингвистикалық-когнитивтік деңгейге дейінгі аралықтағы одан жоғарғы сөйлеудегі дітіне жете алатын прагматикалық деңгейге дейінгі тұлғаның ерекшеліктерін жан-жақты тұрғыда қарастырады, оның мәтін құру деңгейі мен әлемнің лингвистикалық моделіндегі мағыналар мен құндылықтар иерархиясын анықтайды.

Тілдің негізгі қызметі жайлы А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды», - деп жазады [1]. Ғалымның осы тұжырымынан тілші ғалымдардың ғасырлар бойы дәлелдеп келген тілдің қызметі мен дамуын оны қолданушы тұлғамен байланыста қарастыру идеясын, тілдік тұлға жайлы зерттеулердің бастауы деп танылып жүрген И.Л. Вайсгербер, И.А. Бодуэн де Куртэне, В. Фон Гумбольдт, Г. Штейнталь, А.А. Потебня, М.М. Бахтин, В.В. Виноградов еңбектерімен үндестігін анық көруге болады. Аталған ғалымдардың еңбектерінде тіл, қоғам, мәдениет, тұлға мәселелері жоғары көтерілді. Алайда XX ғасырдың бірінші жартысында тіл білімінде құрылымдық бағыт үстемдік алып, бұл мәселелер назарға ілікпей қалды. XX ғасырдың соңына қарай тілдік тұлға категориясы жаңаша қарқынмен зерттеле бастады.

Тілдік тұлға ұғымының филологиялық категория мен термин ретінде қалыптасуы неогумбольдтық тіл білімінің өкілі И.Л. Вайсгербердің «Родной язык и формирование духа» (1927) еңбегінен басталды деп саналады [2]. В. фон Гумбольдт барлық адамзат баласы ортақ бір тілдерде сөйлегенімен, әрбір адам өз тілінің жеке иесі деп есептеді. Өйткені жеке индивидтің қолданысында ғана тілдің сипаты түбегейлі түрде анықталады. Сондықтан адамның тілін «шектеулі болмыс шарттарындағы рухани құбылыс» деп санады [3]. И.Л. Вайсгербер В. Фон Гумбольдтың осы идеясын жалғастырушы ретінде тілдік тұлға (Sprachliche Persönlichkeit) мәселесімен ғылыми тұрғыда айналыса жүріп, өмірінің қырық жылдан астам уақытын орта мектеп мұғалімі ретінде тіл оқыту мәселесімен шұғылданып, практикалық тұрғыда да зерттеді [4].

Академик В.В.Виноградов «тілдік тұлға» ұғымын ғылыми қолданысқа енгізе отырып, «автор бейнесі және персонаж бейнесі» категорияларын ашты. Ғалымның пікірінше, тілдік тұлғаның бойында қауымдастықтың әлеуметтік және тілдік маркерлері көрініс табады. Сондықтан ұжымдық (әлеуметтік) және жеке тілдік тұлғалардың өзара айырмашылықтары болады [5]. Тілдік тұлға – бір жағынан тілді тұтынса, екінші жағынан осы елдің мәдениетін таратушы тұлға. Ғалым В. Маслова тілдік тұлғаның құндылықтар жүйесі немесе өмір мәні, мәдени-танымдық құрамы, яғни мәдениетті меңгеру деңгейі және жеке, өзіндік тылсым жан дүниесі сынды құрамдас бөліктері бар деп көрсетеді [6].

Біздің зерттеу жұмысымызда Абайдың тілдік тұлғасы «автор бейнесі» ретінде қарастырылып, Абай шығармаларының тілі арқылы оқушының тіл байлығын, сөздік қорын дамыту әдістемесі сараланады. Себебі Абай – «шын мәнісінде, ойы дариядай толқыған, ақылы мұхиттай шалқыған, қиялы кеңістіктей шексіз Абай, Әлихан Бөкейханов айтқандай, «өз Отанының сом алтыны», Ахмет Байтұрсынов жазғанындай, «Қазақтың бас ақыны», Міржақып Дулатов құрметтегендей, «қараңғы заманда шырақ жаққан» шамшырақ» [7].

Тілдік тұлға ұғымы түрлі аспектіде жан-жақты қарастырылып келеді. Зерттеулерде берілген тұжырымдарды жинақтай келе тілдік тұлға – мәтінді қабылдау және оны түсініп, өңдеп, жаңаша тудыра алу қабілеті бар адам деген анықтама беруге болады. Біздің зерттеу жұмысымызда оқушының тілдік тұлғасы деп Абай шығармаларының тілін түсініп қабылдап, меңгерген тілдік бірліктерін күнделікті сөйлеу әрекетінде қолданатын, А. Байтұрсынұлыша айтсақ, «тілді жұмсай білетін» оқушыны қарастырамыз.

Тілдік тұлғаны лингводидактикалық тұрғыдан зерттеудің басында Г.И. Богин тұрады. Бұл бағыт тұлғаны тілдік қабілеттердің жиынтығы ретінде қарастырады. Г.И. Богин лингводидактикасының өзекті идеясы ретінде бір деңгейден екінші деңгейге қарай табиғи түрде дамитын тілдік тұлға мәселесі көтерілді және дамудың заңдылықтары мен нәтижелері сипатталды. Зерттеуші тілдік тұлғаны лингводидактиканың орталық концепциясы ретінде қарастыра отырып, оны лингвистикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға, тілдік шығармалар жасауға және қабылдауға қабілетті тұлға ретінде қарастырды, тілдік тұлғаның қалыптасу үдерісінде оның көп қырлы тілдік қызметі түсіну мен рефлексияның сипаты арқылы көрініс табады деп санады [8]. Г.И. Богин 80-жылдардың басында ғылыми терминологияға «тілдік тұлға» ұғымын айқын енгізген және тілдік тұлғаның өзіндік моделін ұсынған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Ол «Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов» атты диссертациясында тілдік тұлғаның даму үдерісін сипаттады. Зерттеуші жеке тұлғаның қабылдап, тудыратын мәтіні оның тілдік тұлғасының негізгі сипаты екендігін атап көрсетті. Біздің зерттеу нысанымызда тілдік тұлға лингводидактикалық аспектіде қарастырылатын болғандықтан, ғалымның тілдік тұлғаны сөйлеу шығармаларын (мәтіндерін) жасауға және қабылдауға дайындығы деңгейлері арқылы көрінетін сөйлеу әрекетінің субъектісі ретінде қарастыруы маңызды. Оның талдауында тілдік тұлға ақпарат байлығы мен оның тілдік іске асуы әртүрлі дәрежедегі мәтіндерді қабылдауға және түсінуге мүмкіндік беретін негізгі филологиялық білімнің белгілі бір жүйесі бар, толыққанды қарым-қатынасқа қатысушы сөйлеу әрекетінің субъектісі ретінде қарастырылды. Тілдік тұлғаның даму кезеңдері оның жас факторымен байланысты емес екендігін ескерте отырып, сөйлеу мәтінімен әрекетке дайындық деңгейінің бір деңгейден екіншісіне табиғи түрде дамитындығы, сонымен қатар, бұл дамудың нәтижесін ретті түрде сипаттауға болатындығы жайлы жазды. Сонымен қатар, Г.И. Богин тілдік тұлғаның 1. «Тілдік қабілеттілік» және 2. «Коммуникативтік құзыреттілік» деген негізгі екі белгісін анықтады [9]. Бұл жердегі «тілдік қабілеттілік» дегенді адамның жалпы ішкі

мүмкіндіктері (тілді біршама білуі, түсінуі) деп қарастыруға болады. Бұл көп жағдайда Ю.Н. Караулов бойынша вербалды-семантикалық деңгеймен сәйкес келеді. Ал «коммуникативті құзыреттілік» дегенді сыртқы ортамен қарым-қатынас жасай алуы деуге болады. Осы екінші параметрді ерекшелеу Г.И. Богин концепциясын коммуникативті мінез-құлық жөніндегі еңбектерге жақындатады.

Тілдік тұлғаны сипаттаудың екінші моделі Ю.Н.Карауловтың «Русский язык и языковая личность» еңбегінде берілді. 1988 жылы Ю.Н. Караулов бастаған белгілі ғалымдар ұжымы (Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева, Г.А. Черкасова) «Замандасымыздың лингвистикалық санасы: когнитивтік құрылымы және лингвомәдени мазмұны» атты ғылыми жобаны жүзеге асыруға бағытталған ғылыми мектеп құрып, тілдік тұлғаны лингвокогнитивтік және лингвомәдени тұрғыда тереңдете зерттеді. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны өз ішкі бағдармақсаттары бар индивид және мәтіндер авторы, тілдік қауымдастық, ұжым өкілі немесе сол тілді тұтынушы адам және табиғи тілдің таңбалық жүйесін қолданушы саналы адам ретінде сипаттады. Ғалым тілдік тұлғаның көркем мәтін негізіндегі деңгейлік үлгісін жасап, 1. Вербалды-семантикалық (құрылымдық-жүйелік); 2. Когнитивтік (тезаурустық); 3. Прагматикалық (уәждемелік) деңгейден тұратын үш құрылымдық деңгейін анықтады [10]. Тілі мен дискурсы арқылы анықталатын тұлғаны психикалық, этикалық, әлеуметтік және басқа компоненттерімен бірлікте қарастыра келіп, тілдік тұлғаның құрылымын вербалды-семантикалық немесе лексикалық, лингвокогнитивтік немесе тезаурустық және уәждемелік, яки прагматикалық деген үш деңгейден тұратын үлгі түрінде ұсынды [11]. Ю.Н. Караулов еңбегінің жарық көруімен тілдік тұлғаның тұтас теориясының негізі қаланды деп айтуға болады. Себебі тілдік тұлғаның классикалық үлгісін, яғни ақын-жазушылар мен әдеби кейіпкерлердің тілдік тұлғасын зерттеушілер де, қарапайым тілді тұтынушының (үйренушінің) тілдік тұлғасын зерттеушілер де осы үш деңгейлік үлгіні негізге ала бастады. Яғни, ғалым ұсынған тілдік тұлғаның үш деңгейлік моделі әлі лингвомәдени, әрі лингводидактикалық тұрғыдағы зерттеулерде негізге алынып келеді. Біз өз зерттеуімізде осы Ю.Н. Караулов ұсынған тілдік тұлғаның үш деңгейлік моделін негізге алдық.


В.И. Карасик қарым-қатынас барысында қалыптасатын тілдік тұлға мәселесін қарастырды. Оның пікірінше, тілдік тұлға немесе коммуникативтік тұлға дегеніміз – мәдени-тілдік және коммуникативтік-әрекеттік құндылықтарды, білімдерді, бағдармақсаттар мен мінез-құлықтық әрекеттерді иеленуші адамның жалпылама бейнесі. Ғалым тілдік тұлғаның «өз тілінде сөйлеуші (өз); өзге тілде сөйлеуші (өз-өзге) және оқу мақсатында өзге тілде сөйлеуші (өзге)» деген үш типін және «тілдік қабілет, коммуникативтік қажеттілік, коммуникативтік құзыреттілік, тілдік сана және сөйлеудегі мінез-құлық» деген бес құрамдас бөлігін жіктеп көрсетеді [12].

Тіл мен тұлғаны байланыста зерттеу барлық кезеңде болса да, қалыптасып келе жатқан тілдік тұлға жайында жазылған еңбектер қазақ тіл білімінде 2000 жылдардан басталды. Ғалым Н. Уәли тіл білімінің дәстүрлі парадигмасында сөз мәдениетінің түп қазығы, орталық ұғымы ретінде тілдік норма қарастырылып

келсе, ендігі жерде жаңа парадигмада сөз мәдениетінің түпқазығы ретінде тілдік тұлғаны тану бағытына көшудің маңыздылығын атап өтті [13]. «Соңғы жылдардағы зерттеулерге негіз болған тілдік тұлға ұғымы кейіпкер мен жазушының тілдік тұлғасы, автор мен аудармашының тілдік тұлғасы арасындағы айырмашылық, сонымен қатар, шешілмеген мәселелері бар қарама-қайшылықты құбылыс. Антропоэекті бағытта ұлттық тілді ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық ділді, ұлттық тілдік мұраны, ұлттық психологияны терең меңгерген жеке тұлғаны зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашуда түрлі тұжырым жасауға мүмкіндік туады» [14].

Тілдік тұлғаның үш деңгейлік теориясына сүйеніп, таза филологиялық тұрғыдан лингвомәдени бағытта, көркем әдебиет тілі арқылы автор мен кейіпкердің тілдік тұлғасымен байланыстыра қарастырған көптеген еңбектер бар. Олардың қатарында Ф.Б. Қожахметова Т. Ізтілеуовтың тілдік тұлғасын дискурстық тұрғыда [15], А.Б. Жуминова О. Сүлейменовтің тілдік тұлғасының тезаурусын [16], Ф.Е. Терекова Қ. Жұбановтың тілдік тұлғасын әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан [17], Ш.С. Ниятова Махамбеттің тілдік тұлғасын [18], Ж.Б. Ермекова М. Жұмабаевтың тілдік тұлғасын [19], Г. Мұратова Абайдың тілдік тұлғасын [20], Г.Е. Имашева М. Дулатұлының тілдік тұлғасын [21], А.А. Аккузова Д. Исабековтың тілдік тұлғасын [22] қарастырып, қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлға теориясының дамуына зор үлес қосты. Бұл аталған диссертациялық зерттеулерде тілдік тұлға теориясы қазіргі антропоцентристік лингвистиканың бір саласы – лингвоперсонология, тілдегі адамды зерттеуге бағытталды, тілдік тұлғаның классикалық үлгісі рухани, этикалық, психикалық, әлеуметтік компоненттерден тұратын және сөйлеу арқылы өз қабілеттерін жүзеге асыратын автор және кейіпкер тұлғасы, шығарманы тудырушы, тарих пен мәдениеттің туындысы және объектісі ретінде қарастырылды. Тілді қолдану шеберлігінің шыңына шыққан әдебиеттің дара өкілдерінің туындыларының тілі, олардың кейіпкерлерінің тілі зерттелді. Тілдік тұлға теориясына сәйкес лингво-когнитивтік, прагматикалық-уәждемелік сипаттарына талдау жасалды.

Жоғарыда жүргізілген тілдік тұлға теориясына талдау жасау барысында тілдік тұлғаны зерттеудің екі басым бағытын айқындадық. Олар: 1. Қалыптасқан тілдік тұлғаны зерттеу және 2. Тілдік тұлға ретінде қалыптасуды зерттеу (1-сурет).



Сурет 1 - тілдік тұлғаны зерттеудің екі басым бағыты

Қалыптасқан тілдік тұлғаны зерттеуге арналған еңбектер әдеби тілді шығармашылық деңгейде қолданатын тұлғаларды, көпшілік жағдайда белгілі бір атақты қаламгер шығармаларының тілі мен кейіпкер тілі арқылы зерттеуге бағытталады. Қаламгер шығармаларының тілі арқылы автордың тілдік тұлғасы анықталса, оның шығармаларына арқау болған кейіпкерлерінің тілі арқылы кейіпкер тұлғасы қарастырылады. Осындай зерттеулер лингвомәдени немесе қалыптасқан тілдік тұлғаның классикалық үлгісін зерттеу бағытының айқындалуына негіз болды.

Классикалық тілдік тұлғаны таза филологиялық тұрғыдан қарастыратын лингвомәдени бағыт «тілдік тұлға – тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы көрінетін тұлға, оның негізгі белгілері тілдік құралдар негізінде қайта құрылады» тұжырымын негізге алады. Себебі әрбір мәтіннің артында адам, яғни оның авторы тұрады. Лингвомәдени бағытта тілдік тұлға белгілі бір тілдік және ұлттық-мәдени дәстүрді ұстанатын тұлғаның ұжымдық бейнесі ретінде қабылданады. Соңғы кезде лингвомәдениеттану бағытында «тілдік тұлға» ұғымын белгілі бір ұлттық-лингвомәдени қоғамның мүшесі ретінде ұлттық мәдениетпен тығыз байланыста қарастыру үрдісі байқалуда. Бұл жерде тілдік тұлға «тіл-мәдениет-тілдік тұлға» үштігінен тұратын әлеуметтік құбылыс ретінде танылып, қоғамдағы тілдік дәстүрдің қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Осы тұста Ж. Манкееваның: «Көркем мәтінді танымдық тұрғыда зерттеу барысы жеке тілдік тұлғаның ойы, қиялы, болжамы, ғалам жөніндегі өзінің біртұтас тұжырымы мен білімін дәйектеп, автордың жеке тәжірибесі мен таным үрдісі негізінде қалыптасатын өзіндік тілі мен даралығын идиостиль (жеке стиль) ұғымы ретінде анықтайды. Соған сәйкес жеке тілдік тұлғаның көркем мәтіндік тілі ұлттық болмыс пен автордың тарихи-мәдени тәжірибесімен толықтырылған шығармашылық нәтижесі», - деген пікірі біздің осы ойымызды нақтылай түседі [23].

Жыраулар поэзиясы тіліндегі поэтикалық-психологиялық параллельдерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеуге арналған Б.И. Нұрдәулетованың мақаласында жыраулар тілдік тұлға ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында тілдік тұлға туралы теориялық мәліметтерге сүйене отырып, тілдік тұлғаның үш деңгейінің ішінде жыраулар қолданған поэтикалық құрылымдардың уәждемелік-прагматикалық деңгейдегі көрінісінің танымдық негіздеріне талдау жасалады. Жыраулар тілінде жиі қолданылатын көркемдік құралдардың бірі ретінде параллелизмдер қарастырылып, олардың поэтикалық-психологиялық сипаттарына тілдік талдау жасалады. Зерттеу нәтижесінде параллелизм тек көркемдік құрал ғана емес, жыраулардың тілдік тұлғасын белгілі бір ұлттық таным танытатын этнотанымдық жүйе деген қорытындыға келеді [24].

Белгілі бір ұлт тілін қолданудың жоғары деңгейіндегі тұлға сол ұлттың дүниетанымын, мәдениет деңгейін көрсетеді. А. Ислам адам болмысы мен тіл табиғатын бірлікте қарастыра келе, ұлттық тілдік тұлға мәселесін әлемнің тілдік бейнесі аясында, лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеді. Ғалымның пікірінше, әр ұлттың концептілер жүйесін оның дүниетанымын білдіретін құндылықтар жүйесі құрайды. Қоғам дамуының әр кезеңіне сәйкес тіл мен

мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып-түсінуінде өзгерістер болғанымен, олардың негізгі дүниетанымдық мәні ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз беріліп отырады [25].

Қалыптасқан немесе жоғары деңгейдегі тілдік тұлғаны зерттеуге арналған еңбектерде «элитарлық тілдік тұлға» деп атау да кездеседі. Элитарлық тілдік тұлға кез келген күрделі мәтіндерді де жасау мүмкіндігіне ие болады. Тілдік және коммуникативті нормаларға сәйкес келетін мәдени және сөйлеу құзыреттілігінің идеалды тасымалдаушысы болады. Элитарлық сөйлеу мәдениетінің өкілдері тілдік жүйені барынша толық білу, сөйлеу және қарым-қатынас жағдайларының әртүрлі формаларын ажырату, риторикалық әдістерді меңгеру және этикалық құзыреттіліктеріне ие болады [26]. А. Алдашева осы бағыттағы зерттеу мақаласында тілші-ғалым тұлғасын қарастыра отырып, оның филолог мамандар тәрбиелеудегі маңызын атап көрсетеді [27]. «Кәсіби дискурстағы элитарлық тілдік тұлға» атты ғылыми еңбек авторы М.С. Силантьева филолог ғалым, педагог маманның тілдік тұлғасын қарастыра келіп: «Тілдік тұлғаны элиталық типке жатқызуды немесе жатқызбауды анықтайтын негізгі параметр – норма категориясы. Элитарлық, бір жағынан, нормаларды білу және оларды меңгеруді, екінші жағынан, норма шегінен шығуға негізделген жеке тұлғаның сөздік және психикалық әрекетінің шығармашылық бастауын болжайды. Классикалық филологтың кәсіби тілдік тұлғасы элиталық тілдік тұлға немесе сөйлеу мәдениетінің элиталық түріне ұмтылушы тұлға ретінде түсіндіріледі. Элитарлық тілдік тұлғаға тән белгілер лингвистикалық, сөйлеу және этикалық нормаларды сақтаудың эталоны ретінде қарастырылады», - деп атап көрсетеді [28].

Қалыптасқан тілдік тұлғаны зерттеу жазушы, тілші, әдебиетші мамандардан бөлек, басқа мамандық иелерінің тілдік тұлғаларын зерттеуге де бағытталады. Белгілі бір мамандық иелерінің өз кәсіби әрекетіндегі тілдік тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуде «кәсіби тілдік тұлға» термині қалыптасып келеді. С.В. Мыскин кәсіби тілдік тұлғаны: «Кәсіби іс-әрекеттің талаптары мен мақсаттарын және кәсіби қызметтің табыстылығын ескере отырып, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру барысында коммуникативті өзара әрекеттесудің әртүрлі жағдайларында кәсіби дикурстарды қабылдау мен тудыру әрекетін анықтайтын тілдік құзыреттіліктер жиынтығы», - деп анықтайды [29]. Осы ретте Б.С. Каримованың БАҚ материалдары негізіндегі саясаткердің тілдік тұлғасын зерттеген еңбегі кәсіби қызмет аясында қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдірген саясаткер мамандардың тілдік тұлғасын зерттеуге арналған [30]. Сот шешені А.Ф. Конидің тілдік тұлғасын зерттеген З. Баишева осындай шешендік өнерді бағындырған ұлы тұлғаның қызметі мен сөйлеу әрекеті сот шешенінің үздік тілдік тұлғасының теориялық моделін жасауға мүмкіндік беретінін айтады [31].

Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасын зерттеген ғалым Б. Хасанов: «Мемлекеттік қызметші – заңда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражаты есебінен төленетін қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында ресми билікті жүзеге асырады. Оның тілдік тұлғасы

өркениетті елдерде мемлекеттік тіл арқылы танылады. ...Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы – белгілі бір білім мен түсінік жиынтығын игеріп, мемлекеттік қызметте өзін сөйлеу әрекеті арқылы танытатын тұлға», - деп атап көрсетеді [32].

Ал тілдік тұлғаны зерттеудің екінші бағыты нөлдік тұлғадан бастап, біртіндеп қалыптасу, өсу үстіндегі қарапайым тілді тұтынушы тұлғаның мәтін тудыру қабілетінің деңгейлерін зерттеуді көздейді.

Алайда тілдік тұлға туралы зерттеулерді осылай екі бағытқа ғана бөле алмаймыз. Себебі екі бағыттың да ортақ белгілері бар аралас зерттеулер де көптеп кездеседі. Мысалы З.А. Абдуллинаның балалар әдебиеті шығармаларының тілін зерттеуге арналған жұмысында қарастырылған кейіпкерлердің тілдік тұлғасын классикалық үлгі деуге болмайды. Бұл нақты бір кезеңдегі жекелеген адамдардың тілін талдау арқылы сол заманға тән типтік бейнелердің тілдік тұлғасын анықтауға арналған еңбек деп бағалауға болады [33].

Осы жерде тілдік тұлғаның классикалық үлгісін зерттеу бағыты өкілдерінің тілді қарапайым тұтынушыны тілдік тұлға деп атауға келіспейтін көзқарасы барын да атап өтуіміз қажет. Бұл көзқарасты жақтаушылар белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат дәрежесіндегі адамды ғана тұлға деп санауға болады деп есептейді. Мысалы, ақынның тілдік тұлғасын рухани-танымдық, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан зерттеген Г. Мұратова тіл дамуында, тіл тарихында өзіндік келбеті айқындалмаған, мәнді қолтаңба қалдырмаған, тек тіл жүйесінде бұрыннан тұрақталған дәстүрлі тілдік құралдарды ғана қолданған, сондай-ақ, мәтін қалыптастыруға шығармашылық тұрғыда келе алмаған авторды «тілдік тұлға» термині сипаттай алмайды деп есептейді [20, б.18].

Ғалымның осы пікіріне қосыла отырып, біздің зерттеу нысанымыз – оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолдары мен оның әдістемелік мәселелері екенін баса айтуымыз қажет. Еліміздегі білім берудің гуманистік идеялары оқушыны тұлға ретінде қарастыра отырып, оның тұлғалық қасиеттерін, дағдылары мен қабілеттерін дамытуды көздейді. Бұл жайында Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады», - деп атап көрсетіледі [34]. Соған сәйкес оқушының тұлға ретінде қалыптасу жолындағы сөйлеу тілінің дамуын, ой-өрісінің кеңеюін, құндылық бағдарының қалыптасуын қамтамасыз ететін тілдік білім беру үдерісі тұлғаралық ұстанымдарға негізделіп жүргізіледі.

Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қатысты еңбектердің қатарында Ш. Құрманбайұлының «Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі» атты мақаласын атап көрсетуге болады. Ғалым осы еңбегінде: «Ірі, таңдаулы тілдік тұлғаның қалыптасуы мектеп жасынан басталады», - деп атап көрсетеді. Ю.Н. Караулов теориясы бойынша оқушы тілдік тұлғасының

деңгейлік ерекшеліктеріне талдау жасай келіп, оның лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне тоқталады. Тілдік тұлғаны тәрбиелеуге, дамытуға, қалыптастыруға зор ықпал ететін оқулық мәтінінің сапасы, оған қойылатын талаптар мен өлшемшарттар барынша нақтылана түсуі қажеттігін ескертеді [35].

Тілдік тұлғаны қалыптастыру әдістемесінде жазылым әрекетін дамыту ерекше маңызды. Т.Н. Дорожкинаның диссертациялық зерттеуі осы мәселеге арналады. Ғалым тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесін лингвистикалық және риторикалық білімдер негізінде жанрлық жазба мәтіндер тудыруда оқушының коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын, сондай-ақ, жалпы мәдени және әдеби құзыреттіліктерін дамытудың біртұтас әдістемелік жүйесі құрамында қарастырады [36].

Соңғы кездерде тілдік тұлғаның қалыптасу үдерісін зерттеу мен басқаруда педагогикалық идеялардың, тұжырымдамалардың және әдістердің жиынтығын пайдалануды көздейтін танымдық және практикалық әрекеттердегі әдістемелік бағыттардың бірі ретінде синергетикалық тәсілдемені қолдану өзекті болып келе жатыр. Осы мәселені көтерген А.Ф. Куриннаяның зерттеуінде тілдік тұлға қалыптастыруда оқушының сөзге деген қызығушылығын дамытудың бір тәсілі ретінде сөзді тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастыра отырып, жан-жақты ұйымдастырылған тәжірибе негізінде меңгеруге жетелейтін сөздермен жұмыс істеудің жаңа бағыттары қарастырылады [37].

Е.В. Ермакова адыгей балаларының өз ана тіліндегі тілдік тұлғасын дамытуды мектепке дейінгі даярлық кезеңнен бастап қолға алу керектігін айтады. Ол үшін коммуникативтік бағдарлы оқыту үдерісін жүйелі және интегративті түрде ұйымдастыру қажеттігін ескертеді. Балалардың сөйлеу тілін дамытуда шығармаларды жаттату, әндер айтқызу, театрлық қойылымдарда ойнату тәсілдерін қолдануды ұсынады [38].

Қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлғаны дидактикалық тұрғыдан зерттеуге бағытталған еңбектердің қатарында Ж. Дәулетбекованың диссертациялық еңбегі ерекше орын алады. Ғалым сөз мәдениетін тілдік тұлғаның ұлттық әдеби тілді, оның функционалдық сипатын өз сөйлеу әрекетінде қолдана білу қабілеті, білімі мен дағдысы сияқты қасиеттердің жиынтығы туралы ғылыми пән ретінде қарастыра отырып, оқушының тіл мәдениетін дамыту оны тұлға ретінде қалыптастырумен барабар екендігін атап өтеді. Қазақ тілінен сөз мәдениетін оқыту арқылы тілдік тұлғаның мәдени-танымдық құзыреттілігін дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады [39].

Ш. Құрманбаеваның диссертациялық зерттеуінде ересектер, жеке тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің тілдік тұлғасын қалыптастырудың андрогогикалық, аксиологиялық және акмеологиялық негіздері қарастырылады. Қазақстандық тілдік тұлғаның моделі беріліп, оның оқу-танымдық уәждемесін, қатысымдық құзыреттілігін арттырудың жолдары ретінде өздігінен тіл үйрену мүмкіндіктерін арттыратын ақпараттық білімдік орта тудыру, дискурстық мәтіндер мен жағдаяттық сөйлеу тапсырмалары жүйесін қамтитын деңгейлік оқу-әдістемелік кешендер даярлау жолдары ұсынылады. Қазақстандық тілдік

тұлғаға: «өз ана тілін, мемлекеттік тілді, шет тілін, ақпараттық технологиялар тілдерін жетік меңгерген, үйреніп жүрген қазақ тілін қарым-қатынаста қолдану құзыреттілігі бар, сол арқылы өзінің кәсіби, мәдени, рухани, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, саналы, белсенді, өзін-өзі дамытушы таным субъектісі», - деген анықтама беріледі [40].

Тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесін арнайы сөз еткен еңбектердің басында А.С. Исақованың қазақтілді студент-филологтың тілдік тұлғасын қалыптастырудың лингвомәдени негіздерін зерттеуге арналған филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысын атап өту қажет. Зерттеуші әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филолог студенттерінің тілі, сөзқолданысы, мәтін құрау ерекшеліктері, оларда кездесетін нормадан ауытқушылықтарға жан-жақты лингвистикалық талдау жасай отырып, оқытушы сөзіне қойылатын талаптарды айқындап, тілдік терминологияны, ғылыми стильді, сөз мәдениетін меңгерту жолдарын ұсынады [41].

Қазіргі жалпы білім беру жүйесін жаңғырту контексіндегі әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық жағдайлар сипатталып, мектеп оқушысының тілдік тұлғасының дамуы тұжырымдамасы ұсынылған еңбектердің бірі Е. Володинаның монографиясы болды. Автор тұжырымдамасы мәдени-семиотикалық механизмдерді белсендіру арқылы металингвистикалық білім кеңістігіндегі жеке тұлғаны дамытуда ойлау мен қиялдың ұштасуы мен өзара әрекеттесуі идеясына, ғылыми білімнің теориялық-концептуалды негізіне және тілдің бейнелі-метафоралық қабатына, оқыту мен тәрбиелеудің логикалық-гносеологиялық және эмоционалдық аспектілерінің бірін-бірі толықтыруына негізделген. Еңбекте тілді оқыту контексінде тұлғаның тілдік дамуының кезеңдері, оның психологиялық-педагогикалық механизмдері, мазмұны мен процесі, технологиялары, әдістері мен формалары қарастырылады. Пәнаралық ұғымдармен және критерийлермен жұмыс істеу әдістері, желіні жобалау тәжірибесінде сыналған критериялды-диагностикалық кешен ұсынылды [42].

Жоғарыдағы талдау нысанына алынған зерттеу жұмыстары негізінде тілдік тұлғаны дидактикалық тұрғыдан қарастыру бағыты педагогикадағы жеке тұлғаға бағытталған оқыту ұстанымына сүйенетіндігін байқаймыз. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – әрбір жеке оқушыны тұлға деп қабылдап, оның ынтымақтастық, қарым-қатынас, ұйымшылдық, өзін-өзі көрсету, азаматтық, жауапкершілік, дербестік, шешім қабылдаушылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған педагогика. Жеке тұлғаға бағытталған оқытуда әрбір жеке оқушының дара қасиеттерін дамытуға басымдық беріледі. Оқушы қоғамдағы өз маңыздылығын дәлелдеген тұлға болмауы мүмкін, алайда оқу үдерісінде олардың әрқайсысының жеке қасиеттері ескеріле отырып, әрбірі дара тұлға ретінде бағаланады. Соған байланысты әрбір оқушының тілдік тұлғасы да басқа зияткерлік сапаларының қатарында қарастырылады.

Ғалым Ф. Оразбаева тіл үйренушінің оқылым әрекеті кезінде көңілге түйгенін жинақтау, сұрыптау, тұжырымдау үдерісі жүретінін және сол арқылы оның қоғамдағы рөлі артатынын, коммуникация процесі дамитынын айтады [43].

Яғни, адамның тілдік тұлға ретінде қарым-қатынасқа түсе алу мүмкіндігі оның оқылым, тыңдалым тәрізді перцептивті (лат. perceptio «қабылдау, сезіну») сөйлесім әрекеттері негізінде қалыптасады. Тұлғаның тілді меңгеру, қолдану және қабылдау сияқты тілдік үдерістер кезінде мінез-құлқы мен танымдық, қатысымдық әрекеттерінде үлкен өзгерістер жүзеге асады. Ол әрбір тұлғаның жеке ерекшеліктеріне, тілдерді үйрену тәсілдеріне, қарым-қатынаста тілді қалай пайдаланатынына және тілдік ақпаратты қалай қабылдайтынына және бағалайтынына байланысты болады. Бұл кезеңді тілдік тұлғаның нөлдік деңгейден бастап, біртіндеп өсу, қалыптасу үстіндегі кезеңі деп қабылдаймыз.

Тілдік тұлғаның қалыптасуын лингводидактикалық тұрғыдан зерттеуде, оның сөйлеу тіліндегі жиі қолданылатын тілдік бірліктері, тілдік құзыреттілігі, оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым әрекеттерін жүзеге асыру деңгейі, оқу-танымдық уәждемесі мен өздігінен тіл дамытуды ұйымдастыруы, қолданатын оқу стратегиялары, оның тіл мен мәдениетке қатынасы және тілдік сәйкестік пен тұлғаның басқа да лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік аспектілері арасындағы қарым-қатынастар қарастырылады. Тілдік тұлға теориясын зерттеу тұлғаның тілді қолдану мен қабылдауға қалай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектеседі, бұл өз кезегінде тілді оқытудың тиімді әдістерін дамытуға, сонымен қатар, тіл, тұлға және мәдениет арасындағы қарым-қатынасты жақсырақ түсінуге пайдасы тиеді.

1.2 Көптілді білім беру ортасының тілдік тұлға қалыптастыруға әсері

Тұлғаның қалыптасуына өз кезеңіндегі саяси, әлеуметтік, білім беру орталары елеулі ықпал етеді. Кеңес үкіметі кезеңінде Қазақстан қоғамында қостілділік саясаты жүргізілді. Осы тілдік ахуалды қолдау, оның ең «дұрыс» бағыт екендігін дәлелдеу мақсатында Абайдың 25-қарасөзінде айтылған: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі, олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әлдебіреудің тілін, өнерін білген адам онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. ...Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», - деген сөзі жиі насихатталды [44].

Алайда осы сөздің жалғасында айтылған: «Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек», - деген сөздерінің мәні назардан тыс қалып келді.

Осы жерде Абай сөздерінде кездесетін «ниет» сөзі барлық мәселенің мәнін көрсетеді. Адамның тілді үйренудегі ниеті дұрыс болуы керек. «Жұрт білген» жақсылықтарды үйреніп, жаңа бір өнер, жаңа бір ғылым, жаңа бір білімді

меңгерген адам өз еліне қызмет етіп, дамуына үлес қосу керек деген өзекті ойды ниет етуі керек. Яғни, тілді меңгеру арқылы өзін де дамытып, елін көркейтуге де үлес қоса алатын саналы азамат, белсенді тұлға болуы керек.

Отандық тіл білімінде қостілділік мәселелерін зерттеген Е.Д. Сүлейменова, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е. Байболсынова, М.Қ. Исаев, Б.Хасанұлы т.б. ғалымдардың еңбектерінде бұл жайында кеңінен сөз болады. Б.Х.Хасанұлы: «Қос тілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) кезектесіп немесе бір мезгілде қолдануы. ...Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлессе (жазса, оқыса) ғана қос тілді (билингв) болып саналады», - деп атап көрсетеді [45].

Үйлесімді дамыған қостілділік – әрбір тілді еркін, мінсіз, тең дәрежеде қолдану деген сөз. Ал Кеңес кезеңінің соңына қарай еліміздегі тіл саясаты қазақ-орыс қостілділігінің дамуындағы үйлесімсіздікті көрсетті. Бұл жөнінде Э.Д. Сүлейменова өз еңбегінде кеңестік кезеңде Қазақстанда көптеген жылдар бойы қостілділік кезінде ана тілінің жоғала бастауы, оны сақтау мәселесінің бүркемеленіп келгенін, керісінше, орыс тілімен байланыстағы тілдерді байыту міндетіне ерекше көңіл бөлініп, қостілділікті әлеуметтік тұрғыдан талдау көбінесе тілдік түсінік пен ұлттық сана-сезім сияқты маңызды факторларды есепке алмай жүргізілгенін айтады [46]. Қазақстандағы қостілділік саясаты кезіндегі қазақ тілін менсінбеу, ана тілін ұмыта бастау, қостілділіктің орыс монотілділігіне ауысуы салдарынан қазақ елінде бөтен тілдің басымдық алуы сынды келеңсіз құбылыстар туындады. Бұл жағдайлар тілдік санада да ауыр із қалдырды. Ауыр дейтініміз, сол кезеңнің салдары бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Сол кездерде орыс тілінде білім алған ұрпақ бүгінгі күнде өздері ата-әже, ата-ана болып отыр. Өз ана тіліне салғырт қарау бірнеше ұрпаққа жалғасып кеткен кезде, тілмен бірге ұлттық құндылықтарға деген көзқарас та өзгере бастайды.

1991 жылы мемлекет тәуелсіздік алғаннан кейін ел еңсесін көтеріп, түрлі салада кеңес кезеңінің салдарымен күрестер басталды. Соның бірі – қазақ тілін үйретуге арналған оқу құралдарына жаппай ұлттық өнер, мәдениет, тарих, салт-дәстүр т.б. жайлы елтанымдық бағыттағы мәтіндер енгізіле бастады. Ата-аналар балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге ауыстырып, тіпті, балабақшалар мен мектептерде оқитын басқа ұлт өкілдері балаларының қатары да көбейе бастады.

Алайда бұл серпіліс ұзаққа созылмады. 2000-жылдардың басында басталған алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу, жаһандық сын-қатерге толы дүниедегі бәсекеге қабілеттілік идеялары «үштұғырлы тіл» жобасын тудырды. Ол жоба 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII сессиясында жарияланды. 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыру ұсынылды. Аталған идея бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс

тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі болып белгіленді [47].

Елімізде көптілді білім беру мәселесі «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы No 1118 Жарлығымен 2010-жылдардан кейін басталды. Бұл бағдарламада еліміздің ЖОО-нда көптілді білімді педагог кадрларды даярлау базалық пәндер циклінде шет тілі бойынша кредиттердің көлемін ұлғайту есебінен жүзеге асатыны жөнінде және білім берудің көптілді, инновациялық моделін жасау мақсатында білім беруді үш тілде ұсынатын мектептердің саны 33-тен 700-ге дейін көбейетіні, оның ішінде «НЗМ» мектептері желісінің саны 6-дан 20-ға дейін көбейетіні жөнінде айтылды [48].

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру мәселесі көтеріліп, көпдеңгейлі стандарт арқылы оқыту жүйесінің негізінде мемлекеттік қазақ тілін бастауыш сынып оқушылары А1 деңгейінде, орта сынып оқушылары А2 деңгейінде, жоғары сынып оқушылары мен техникалық және кәсіптік оқу орындарының студенттері В1 деңгейінде, жоғары оқу орындары студенттері В2 деңгейінде, ал жоғары оқу орнынан кейін білім алатындар С1 деңгейінде меңгеруін қамтамасыз етуге болатыны жайлы сөз етілді [49].

2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-сыныпта ағылшын тілін оқыту енгізілді. Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан бұл өзгерістер қоғамда балаларының болашағына деген үлкен алаңдаушылық тудырды. Кеңестік кезеңде «орыс тілін білмесең, адам бола алмайсың» деген қорқыныш енді «ағылшын тілін білмесең, болашағың бұлыңғыр болады» деген үрейге ұласты. Ата-аналар балаларын қосымша ағылшын тілін үйрету курстарына апара бастады. Қоғамдағы ақпараттық-тілдік орта үш тілдегі атаулар мен жарнамаларға тола бастады. Өзгерістер халық санасында көптілді білудің маңыздылығына назар аударта бастады. Тілдік ахуал бүгінгі күнге дейін көпшілік аумақтарда басымдық танытып келеді.

Көптілді білім беру деп мектеп пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқытуды айтамыз. Бұл жас ұрпақтың білім кеңістігін еркін танып-білуіне жол ашады, әлем ғылымының тылсым сырларына үңілу арқылы өз қабілетін танытуға мүмкіндік береді. Елімізде жеке бір тілде ғана білім беретін және екі тілде қатар білім беретін мектептер бар, олар ресми түрде ұлттық және аралас мектептер деп аталады. Аралас мектептерде көптілді білім беру – оқу және сыныптан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде жүзеге асыру, екі тілді педагогикалық үдерісте оқыту құралы ретінде пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Осы тұста зерттеушілердің көптілді білім беру барысындағы оқытудың паритеттік (тең) және ығыстырушы үлгілері жайлы пікіріне назар аударып көрелік. Қазіргі білім беру мекемелеріндегі жағдайға келер болсақ, аралас мектептерді қойып, ұлттық мектептердің өзінде орыс тілінің ығыстырушы күшке ие екендігі анық байқалады. Оған мысал ретінде

оқушылардың өзара сөйлесу тілі ретінде орыс тілін басымдықпен қолданатынын, интернетті қолдануда орыс, ағылшын тіліндегі ақпараттарды көбірек таңдайтындарын айтсақ жеткілікті. Бұл жағдай біз зерттеу нысанына алып отырған оқушының тілдік санасында қазақ тіліне қарағанда шет тілдердің (орыс, ағылшын) ығыстырушы позицияда екендігін көрсетеді.

Тілдік тұлға психологиялық, этикалық, әлеуметтік т.б. құрамдас бөліктердің жиынтығынан тұрады. Әр адамның тілдік тұлға ретіндегі өзіндік танымдық кеңістігі болады. А.С. Әділова осы кеңістіктің өз кезегінде әр түрлі ұжымдық (отбасылық, кәсіптік, діни, әлеуметтік) танымдық кеңістіктердің жиынтығынан тұратынын және ұлттық, тілдік, мәдени-танымдық кеңістіктерге негізделетінін айта келе: «Дегенмен, біртұтас ұлттық танымдық кеңістікте жатқанның өзінде, тілдік тұлғалардың когнитивтік базасы қоғамдағы саяси-идеологиялық ұстанымдардың насихатталуы, ақпарат көздерінің жеткіліксіздігі, ұлттық әдебиет пен мәдени деректердің кейінгі орынға ығыстырылуы сынды тілден тыс экстралингвистикалық себептердің әсерінен әртүрлі қалыптасады. Бұл, әрине, тұлғаның әлеуметтену үдерісіне байланысты», - деп атап көрсетеді [50]. Ғалымның осы ойы көптілді білім беру ортасында оқушының тілдік тұлғасының қалыптасуы қоғамдағы түрлі факторлардың, оның ішінде елде жүргізіліп отырған тіл саясатының да ықпалына тікелей байланысты деген жоғарыдағы біздің пікірімізді дәлелдей түседі. Сондықтан көптілділік үйлесімді дамуы үшін көптілді білім беру паритеттік (тең) үлгіде жүзеге асуы қажет.

Г.И Богин тілдік тұлға болу үшін кем дегенде үш деңгейді меңгеру керек деп есептейді. Олар: 1) әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейі, 2) интериоризация деңгейі, 3) тіл байлығы деңгейі. Қалған екі деңгейді, атап айтқанда адекватты таңдау деңгейі мен адекватты синтез деңгейін өмір бойы дамытып отыруға болады [51]. Осы жердегі «интериоризация» терминін (фр. interiorisation – сырттан ішке ауысу, лат. interior – ішкі) – сыртқы саяси өмір құрылымының адам психикасының ішкі құрылымына әсері деп түсіндіруге болады. Себебі адамның өмір сүріп отырған ортасындағы тілдік ахуал, тіл саясаты әрбір жеке адамның тілдік тұлғасының қалыптасуына да белгілі бір дәрежеде өз ықпалын тигізбей қоймайды. Оқушының тұлға болып қалыптасуына көптеген микро және макрофакторлар өз әсерін тигізеді. Олар, атап айтқанда, әлеуметтік, гендік және табиғи-географиялық факторлар. Сонымен қатар, қоғамда үстемдік құрып отырған идеология, жүргізіліп отырған тіл саясаты да макрофактор ретінде оқушы тұлғасының қалыптасуы кезеңінде үлкен рөл атқарады. Яғни, тілдік тұлғаның қалыптасуы барысында оған қоғамдағы ішкі және сыртқы факторлар елеулі әсер етеді. Бұл жерде психологиялық және биологиялық факторлар ішкі факторға, ал әлеуметтік фактор сыртқы факторға жатады. Тұлғаның әлеуметтік факторын отбасы және қарым-қатынас ортасы, білім мен тәрбие алатын тілдік ортасы мен оқу орны құрайды. Мәдениет мекемелерінің қызметі мен бұқаралық ақпарат құралдарының адамдарға әсері де сыртқы факторлар ретінде қарастырылады. Ішкі фактор – адамның жеке темпераменті, жасы мен жынысы, тілді үйренуге деген қызығушылығы мен оны еркін меңгеруге деген ұмтылысын көрсетеді. Яғни, тіл үйренуге сыртқы

(қоғамдық, әлеуметтік) ықпалдар емес, ішкі (танымдық, қатысымдық) уәждеменің әсері көбірек болған кезде тіл үйренудің нәтижелілігі жоғарырақ болады.

Тілдік тұлғаның қалыптасу кезеңінде қоғамдық-әлеуметтік ортадағы түрлі субмәдениеттер де өз ықпалын тигізбей қоймайды. Бұл жөнінде М. Дүйсебекова мен М. Муслманбекованың зерттеу мақаласы назар аударарлық. Авторлар нағыз тұлғалық қасиеттері дамып, қалыптасатын кезеңде түрлі батыс, т.б. елдерге шамадан тыс еліктеуге ұрындыратын субмәдени орталар жас жеткіншектердің тіл тазалығына, сөз мәдениетіне, сөйлеу әрекетіне кері әсерін тигізіп жатыр деп есептейді. Тілдік тұлғаның орта деңгейдің өзіне көтеріле алмауының себептері қатарында тілдік ортаның (көше тілінің) әсері, көркем әдебиетті аз оқуы, отбасы ықпалының төмендігі, бастауыш сыныпта берік тілдік іргетастың қаланбауы, кей мұғалімдердің тілдік сауаттылығының төмендігі, отбасында ұлттық тәрбиеден қол үзу, халық ауыз әдебиеті үлгілерін аз қолдану сынды мәселелерді атап көрсетеді [52].

Тіл – халықтың барлық тілдік бірліктерінің жиынтығы және мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу құралы. Ұлттық тілдік тұлға тіл арқылы өз халқының менталитетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, әлемнің ерекше тілдік бейнесін қабылдау негізінде қалыптасады. Қазіргі әлем көпмәдениетті және көптілді. Мұндай кеңістіктегі халықтардың қалыпты, қақтығыссыз өмір сүруінің басты шарттарының бірі – тілді меңгеру, өйткені бір этнос өкілдерінің өмірін қоғамның басқа мүшелерімен өзара байланыссыз елестету қиын. Бір адам қоғамның басқа мүшелерімен үнемі байланыста болады. Басқа ұлтпен, топпен, оның өкілдерімен араласу үшін ең алдымен оның тілін білу керек. Біз қарастыратын тілдік тұлға категориясы – өзі білетін, үйреніп жүрген тілдердегі тілдік құралдарды сауатты және үйлесімді қолдана алатын және сол тілдердің көмегімен өзінің идеялық, мәдени, рухани, танымдық және қатысымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тұлға. Ол өзінің дүниетанымдық, мәдени, рухани, танымдық және қатысымдық қажеттіліктерін өтеу мақсатында тілдік бірліктерді үйлесімді пайдалана отырып, өз өміріне қажетті ақпаратты алып, оны өңдеп, пайдалана алатын мүмкіндіктерге ие бола алады. Тілдік тұлға теориясында бір тілде туғаннан бастап сөйлеп жүріп, кез келген екінші бір тілді үйренуді қолға ала бастаған адамның тілдік тұлғасын зерттеу барысында «екінші тілдік тұлға» деген термин қолданылып жүр. Ондай зерттеулердің бірінде тіл үйренушінің бойында қалыптасатын құзыреттіліктер жайлы мәселе қарастырылса [53], енді бірінде шеттілдік білім берудің қазіргі замандағы маңыздылығына жалпылама шолу жасалып өтеді [54, 55].

Тұлға деген ұғымның өзі адамның өзгелерден ерекшелейтін жекелік, даралық қасиеттерін көрсететіні белгілі. Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде тұлға ұғымын өз бетінше әрекет ететін субъект ретінде нақты жеке тұлғаның, болмыстың қайталанбас, қайталанбайтын тәсілі, адамның әлеуметтік өмірінің бірегей формасы деп беріледі. Қ.Б. Жарықбаев адам өзінің қоғамдық өмір салты бойынша ерекше, оның өзіндік әлемі қайталанбас өмір салтын анықтайтынын, ал мазмұны жағынан ол әлеуметтік жағдайлармен

анықталатынын айтады. Сонымен қатар, тегі, құрылымы және нысаны жағынан жеке даралық сипатта болатынын, тұлғаның мәні нақты индивидтің бірегейлігінде, оның әлеуметтік жүйе шеңберінде өзімен-өзі болу қабілетінде ашылатынын айтады [56].

Олай болса, даралық, жекелік, бірегейлік қасиеттерге ие адамның екінші тұлғасы болуы деген ақылға сыймайды. Бұл жерде тұлға екеу болып кетпейді, тіл үйрену, жаңа білім қорын жинақтау, жаңаша құзыреттіліктерге ие болу арқылы тұлғаның ерекше қасиеттері арта түседі. Олай болса, орыс тіліндегі «вторичная языковая личность» терминінің калька аудармасы ретінде «екінші тілдік тұлға» деп қолданылып жүрген терминді қате деп есептейміз.

Ғалым М.Р. Кондубаева екі тілде сөйлеу әрекеттерін орындауға, шығармалар жасауға және қабылдауға дайындығы тұрғысынан қарастырылатын адамды сипаттайтын «қос тілді тұлға» деген терминді ұсынған. Бұл кеңес дәуіріндегі қостілділік саясаты кезіндегі атау болды. Ғалым өз зерттеуінде қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділігі жағдайында жұмыс істеуге қабілетті тіл-әдебиет мұғалімінің моделін жасап, оның әдістемелік, психологиялық, педагогикалық және филологиялық негіздерін анықтаған болатын [57].

Біздің зерттеу жұмысымызда көптілді білім беру жағдайында орыс тілді мектептерде білім алып, сөйлеу тілінде көбінесе орыс тіліне басымдық беріп келген, ана тілі – қазақ тілін жоғары сыныптарға келген кезде терең меңгеруді саналы түрде өз алдына мақсат етіп қойған қазақ баласының тілдік тұлғасын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Бірнеше тілді қатар меңгеріп жүрген оқушы сөйлеу барысында аса күрделі психикалық үдерістерді басынан кешіреді, екі-үш тілдің ерекшеліктерін санасында сүзгіден өткізіп, ой таразысына салып, қажетін іріктеп қолдануға жан жүйесі орасан зор күш жұмсайды.

Бүгінгі күнде шетел тілдерін ерте оқытудың теріс әсерінен оқушының тілдік тұлғасының (ана тілінде де, үйренетін екінші, үшінші тілдерде де) мүлде дамымай қалуы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл жөнінде А.В. Травина балаларға шет тілдерін мүмкіндігінше ертерек үйрету тенденциялары жасөспірімдік шағында екінші тілді меңгеру деңгейін айтпағанда, оның базалық тілдік тұлғасының алғашқы екі деңгейінің де қалыптаспауына әкеліп соқтыратыны туралы айтады [58].

Шетел тілін меңгеру нәтижесінде қалыптасатын тілдік тұлға моделін И.И.Халеева жасады. Бұл модель бойынша адамның мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасау қабілеті зерттеліп жатқан тілдің вербалды-семантикалық кодын, осы тілде сөйлеушілердің әлемді тіл арқылы бейнелеуін меңгеруден, яғни, қосарлы тілдік сана мен әлемнің жаһандық (концептуалды) бейнесінің қалыптасуынан тұрады [59].

Екінші тіл үйрену арқылы қалыптасатын тілдік тұлғаға А.Н. Плехов: «Айналадағы шындықты белгілі бір дәрежеде тануға, сипаттауға, бағалауға, түрлендіруге және шет тілінде сөйлеу әрекетінде басқа адамдармен қарым-қатынасқа қатысуға қабілетті коммуникативті-белсенді субъект», - деген анықтама береді [60]. Е.И.Пассов адамның өзін жаңа бір тілді меңгерген тілдік тұлға ретінде сезінуі үшін біріншіден, вербалды-семантикалық, лингвистикалық-

когнитивтік және уәждемелік деңгейлерді қоса алғанда, өзін тұтастай тілдік тұлға ретінде сезінуі қажет екендігін; екіншіден, тілді мәтіндік әрекетте, яғни қарым-қатынаста қолдана білуі және үшіншіден, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық мәтіндік белсенділікті қамтамасыз етуге қабілеттілігі болуы қажет екендігін атап көрсетеді [61].

Жоғарыда айтылғандар қазіргі лингводидактикада екінші тілді оқытудың әдістемелік негізгі категория ретінде «екінші тілдік тұлға» ұғымы алға қойылғанын көруге мүмкіндік береді. Тілдік тұлғаның бастапқы және қосалқы сипатының дамуы өзара байланысты екені даусыз. Өйткені тілдік тұлғаның қосалқы сипаты оның бастапқы негізгі сипатының табиғи жалғасы. Екінші тілді меңгеру кезінде тілдік тұлғаның негізгі (немесе бастапқы) және қосалқы сипаттарының қатар дамуы байқалады. Себебі тілдік тұлға феноменін зерттеуші ғалымдар оның қалыптасу үдерісі ең әуелі ана тілін меңгерген оқушы тұлғасынан басталады деген концепцияны қолдайды.

Орыс тілінде тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселесіне қатысты біршама зерттеулер бар. Олардың қатарында концептік-полимәдени тұрғыда қарастырған А.М. Шуралевтің [62], орыс тілі пәнін ана тілі ретінде оқыту барысында қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеген Н.В. Васильеваның [63], бастауыш сыныпта оқып жүрген кезінен бастап тілдік, қатысымдық құзыреттілігін дамыта отырып қалыптастыруды қарастырған Г.С. Квасныхтың [64], бастауыш сынып оқушысының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызын қарастырған Т.А. Каясованың [65] еңбектерін атап өтуге болады.

Аталған еңбектердің бәрінде оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда, оның рухани, мәдени құрамдасын байытудың маңыздылығын атап өтеді. Себебі жат тілді өз өмірінде сөйлеу құралы ретінде қаншалықты жоғары дәрежеде, шебер қолданып жүрсе де, ол адамның ішкі рухани қажеттілігі толық қанағаттана алмайды. Себебі адам жаратылған кезде белгілі бір ұлттың өкілі ретінде дүниеге келеді, ата-бабаларынан берілетін рухани құндылықтарын өз ана тілі арқылы ғана толық мәнінде бойына сіңіре алады. Олай болса, қоғам, заман талаптарының ықпалымен орыс тілін басымдықпен қолданатын, ана тілі – қазақ тілін жеткілікті дәрежеде білмейтін көптілді оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда да ең алдымен оның жан-дүниесін рухани-мәдени құндылықтармен байыту жолдарын қарастыру қажеттілігін айқындаймыз. Сол кезде тілді тек қарым-қатынас құралы деп түсініп келген оқушы оның басты рухани құндылық екендігін сезінетін болады. Себебі ана тілі – адамның тілдік болмысын анықтайтын ең маңызды фактор. Ана тілі негізінде дамып келе жатқан қостілділік пен көптілділік жеке адамға да, тұтас этносқа да көп нәрсе бере алады. Ал ана тілінің рөлін төмендетіп, оны жоғалтып, ұмытуға апаратын көптілділік зиян. Қазақстан сияқты көпэтносты мемлекет үшін көптілділік ана тілін сақтау және дамыту, сол арқылы әрбір халықтың жеке ұлттық құндылықтарын қорғау үшін қажет. Мұндай жағдайда жеке тұлғаның ана тілін сақтай білуі оның тарих сахнасынан жоғалып кетпей, өзінің ғана емес, бүкіл ұлттың өмір сүруіне қосқан үлесі деп бағалауы керек.

Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасында мәдени-тілдік плюрализм идеясына, білім беруді дәстүрлі мәдени құндылықтармен байыту негізделген білім беру мен оқытудың ұлттық жүйесін құру мәселесі көтеріледі. Осы идеяны жүзеге асыру үшін мектептегі білім берудің ұлттық негізін дамыту және нығайту, жеке тұлға үшін ана тілі мен төл мәдениетінің абсолютті басымдылығын мойындау және оны қамтамасыз ету, білім беруді демократияландыру; меншік түрі бойынша да, этномәдени мүдделерді жүзеге асыру арналарының әртүрлілігі бойынша да білім берудің әртүрлілігі мен оңтайлылығын қамтамасыз ету, ұлттық білім беру жүйесінің осы саладағы барлық озық тәжірибеге ашықтығы мен икемділігі, тұлғаның және қоғамның этномәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру қызметінің үздіксіздігі, этномәдени мүдделер саласындағы қызметтерге сұраныстарды анықтау және қанағаттандыру бойынша білім беру жүйесін мақсатты түрде бағыттау талаптары белгіленген. Тұжырымдамада *«жан-жақты мәдениетті тұлға»* ұғымына *«кемел лингвистикалық сана мен бедерлі тарихи сана иесі»* деген анықтама беріледі [66].

Біз ұсынып отырған рухани-мәдени білім беру идеясы көтерілген құжат болғандықтан, назарымызға ілінген осы тұжырымдама тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда қабылданған екен. Кейінгі кезеңдерде көптілді білім беру саясатына ауысқан кезде ұмытылып қалған бұл құжат отыз жыл бұрынғы еліміздің тіл саясатының, тілдік білім беру саясатының бағытын көрсетеді.

Әлеуметтік-саяси институттар ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру жүйесінің негізгі бағыттарын үздіксіз қадағалауда ұстап отырады. Ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие ұлттық құндылықтардан, ұлт мәдениеті мен руханиятынан қол үзіп кетпеу керек екендігі үнемі ескеріліп отырады. Алайда осы құжат мазмұнында қамтылған көп мәселелер көпшілік жағдайда қағаз бетінде қалып, жүзеге асырылмай жатқанын көреміз.

Қазақ тілін оқытуда рухани-мәдени негіздерге сүйену идеясын көтерген тағы бір мемлекеттік маңызы бар ресми құжат – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала болды. Құжатта өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болғаны айтыла келіп, «тіл мен мәдениет құрдымға кете жаздады», - деп біз айтып отырған ой ашық жазылады. «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», - дей келіп, сонымен бірге, - «бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей», - деп, көптілді білім беру идеясын қолдайды [67].

Аталған мақала өз кезінде үлкен қоғамдық талқылауға түсіп, зиялы қауым рухани құндылықтарымыз жаңғыратын болды деп, қуанып, елеулі өзгерістер күтті. Алайда, сол кезеңде үштілді оқытуды ұсынатын жаңартылған білім беру бағдарламасының енгізілуі, халықаралық бағдарламалар бойынша шетел тілдерін тереңдете оқытатын элиталық мектептер қатарының жыл өткен сайын

көбейе түсуі қоғамда осы мәселеге қатысты батыстық көзқарастардың басымдық алуына әсер етіп, рухани жаңғыру мәселесі сол идея күйінен аспай қалды.

Тілдік тұлға – құрамдас бөліктері әртекті және өзара байланысты күрделі интегративті құрылым. Тілдік тұлғаның толық сипаттамасы оның тілдік, когнитивтік, коммуникативтік және мәдени ерекшеліктерінен келіп шығады. Бұл – кез келген коммуникациялық жағдайда коммуникативті мақсатына қол жеткізуге қабілетті лингвистикалық білім тасымалдаушының жалпылама бейнесі. Зерттеушілер тілдік тұлға қалыптастыруда рухани-мәдени негіздерге сүйенудің маңыздылығын бірауыздан атап көрсетеді. Мәселен, тілдік тұлғаның нөлдік деңгейін қалыптастырудың өзекті мәселелеріне арналған мақаласында М.Б. Безрокова оған полимәдени, полиэтникалық, политілдік орта факторлары терең әсер ететінін және осындай ортада отбасылық мәдени дәстүрлер рөлінің маңызын айтады [68].

Жалпы, тілдік тұлғаның қалыптасып келе жатқанының негізгі белгілері оның интеллектуалдық немесе тезаурустық деңгейінен бастап айқын көріне бастайды. Себебі «тек осы деңгейден бастап, оның жеке таңдауы, бір ұғымның екіншісінен артықтығын айқындай алуы жүзеге асады» [10, б.53], «өзінің әлемді бейнелеуіндегі, тезаурусындағы мәндер мен құндылықтар иерархиясын анықтау және орнату мүмкіндігіне ие болады» [10, б.36]. Ал мәндер мен құндылықтар тек қана рухани-мәдени негіздерді меңгерту арқылы айқындалып, танылып, бағаланады, тұлғаның құндылықтар жүйесінен тұратын тезаурусын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан көптілді білім беру ортасында оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда мәдени-рухани мазмұнға бай оқу материалдарын қолдану қажет болады. Олай болса, қазақ тілін үйретуде Абай шығармаларын оқу үдерісіне біртіндеп енгізу арқылы оқушыға қазақ тілінің рухани-мәдени кодын тануға мүмкіндік бере аламыз.

1.3 Көптілді оқушы тілдік тұлғасының моделі

Сөйлеу – адам әрекетінің құрамдас бөлігі, сондықтан ол қазақ тілін үйретуде Абай шығармаларын оқу үдерісіне біртіндеп енгізу арқылы оқушыға қазақ тілінің рухани-мәдени кодын тануға адамның физиологиясымен, психологиямен, ойлау үдерісімен тығыз байланыста қарастырылады. Нәтижесінде адамдардың танымдық қабілетін, тұлғалық мәдениетін, этностық болмысын, ұлттық психологиясын, өмірлік дағдысын, ішкі толғанысын, көңіл-күйін, жан дүниесін дәйектейтін антропоөзекті категория ретінде ерекшеленеді. «Формирование и развитие языковой личности в полиэтнической среде» атты ұжымдық монографияда тілдік тұлғаны түсіндіру мен құрылымдау мәселесін мәдени және тілдік алуантүрлілік жағдайында тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар, жағдайлар мен механизмдерді жан-жақты аспектіде, кешенді түрде зерттей келіп, сонымен қатар әрбір оқушының жеке бас ерекшелігін ескере отырып қарастыру қажеттілігі айтылады [69].

Тіл – сөйлеуге қажетті материалдардың (тіл дыбыстары, сөз, сөйлем, мәтін) жинағы. Оларды қабылдау мен жеткізу үдерісі адамның сөйлеу мәдениетінің,

тілдік санасының деңгейіне байланысты жүзеге асады. Б. Хасанұлы адамға тілдік қабілеттің туа бітетінін, сол қабілеттің арқасында ол биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналатынын айтады. Ғалым адамның әлеуметтенуі барысында оның тілдік қабілеті жетіліп, тілдік тұлғаға айналады деп есептейді [70].

Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаның бірінші деңгейін вербалды-семантикалық (құрылымдық-жүйелік) деп атайды. Бұл кезде тіл үйренушінің тілдік норманы меңгеру деңгейі «нөлдік деңгей» деп есептейді. Осы деңгейде тіл үйренуші меңгеретін тіл жүйесіндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің қалыптасқан құрылымын қарапайым деңгейде меңгереді деп санайды. Вербалдық-семантикалық деңгейде үйренетін сөздер негізгі коммуникативтік бірлік ретінде қарастырылады. Тілдік бірліктер арасындағы байланыстар грамматикалық, парадигмалық және синтаксистік байланыстар негізінде көрініс табады. Бұл деңгей тіл жүйесінде жүзеге асырылады. Онда адам тілдің өз ана тілінен айырмашылықтарын айқындай отырып, оның жалпы ерекшеліктерін таниды. Тіл білімінде бұл «тілдік аялық білім» деп аталады. Тілдік аялық білімді тілдік тұлғаның үйренетін тілде қарым-қатынас жасау арқылы алатын тіл туралы білімдерінің жиынтығы деп түсінуге болады. Бұл тек грамматика мен лексика туралы білімді ғана емес, тілді әртүрлі мәнмәтіндерде қолданудың практикалық дағдылары, сыпайылық ережелері, мәдени нормалар және т.б. сияқты тілдің мәдени аспектілерін қамтиды.

Тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеуші мен тыңдаушының арасында толық түсіністік орнауы үшін, олардың әрқайсысы тек тілдік нормаларды меңгеріп қана қоймай, сол тілді қолданушы халықтың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы және рухани құндылықтары туралы белгілі бір білім қорына ие болуы маңызды. Бұл білім қоры “тілдік аялық білім” деп аталады және ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұжымдық тәжірибені, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды және ұлттық танымды қамтиды. Тілдік аялық білім ұлттың тарихи санасы мен мәдени ерекшеліктерін көрсететін ұғымдар, сөз тіркестері, тұрақты сөз орамдары арқылы жүзеге асады. Аялық білім адамның танымдық әрекетінің маңызды бөлігі болады. Тіл мен ойлау тығыз байланыста болғандықтан, адамның тілдік санасында қалыптасатын білім қоры оның әлемді тану, түсіну және интерпретациялау қабілетіне тікелей әсер етеді. Тұлғаның тілдік санасындағы аялық білім оның жаңа ақпаратты қабылдауына, оны ұғынуына және сөйлеу кезінде қолдануына мүмкіндік береді. Тілдік бірліктерді дұрыс түсіну тек олардың сөздік мағынасын білу ғана емес, сонымен қатар, олардың қолданылу контекстін, прагматикалық рөлін және мәдени мәнін түсінуді де қамтиды. Сөйлеуші мен тыңдаушының тілдік аялық білімі қарым-қатынастың сәтті өтуіне шешуші рөл атқарады. Мысалы, белгілі бір метафора немесе мақал-мәтел қолданылған жағдайда, оның мағынасын түсіну үшін тыңдаушы бұл тілдік бірліктің тарихи-мәдени негіздерін білуі керек. Егер тыңдаушының бұл білім деңгейі жеткіліксіз болса, түсіністікке кедергі келуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік аялық білімнің жетіспеушілігі тілдік тұлғаның бастапқы деңгейін анықтайтын негізгі өлшем болады.

Тілдік тұлғаның когнитивтік-тезаурустық немесе екінші деңгейін оның танымдық әлемінің тереңдігін сипаттайтын күрделі құрылым деп сипаттауға болады. Бұл деңгей тілдік тұлғаның білім қоры мен танымдық қабілеттерінің бірегей көрінісі болады. Ол тұлғаның ұғым, идея, тұжырым сияқты абстракттілі ойлау элементтерін қамтып, шығармашылық әрекеттері мен танымдық үдерістерін қалыптастырады. Тезаурустық деңгейде адам өз санасындағы ұғымдар мен идеяларды ұжымдық және жеке когнитивтік кеңістікте байланыстыра отырып, белгілі бір жүйелі көзқарас қалыптастырады. Бұл деңгей тілдік тұлғаның мәтін тудыру және оны қабылдау қабілеттерімен тығыз байланысты дискурсының табиғаты арқылы танылады. Тілдік тұлғаның дискурсы – әлемді қабылдау, түсіну және бейнелеу тәсілі ретінде оның прагматикалық, когнитивтік және эмоционалдық қабілеттерін көрсетеді. Тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейі оның мәтіндер арқылы танылатын күрделі құрылымдық бірлігіне негізделеді. Тұлғаның мәтіндерінде тек тілдік құралдар ғана емес, сонымен бірге оның рухани және әлеуметтік болмысы, танымдық ерекшеліктері көрініс табады. Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеті оның эмоционалдық және психологиялық жағдайынан, сондай-ақ, әлеуметтік және мәдени құндылықтарынан көрінеді. Сөйлеу барысында қолданылатын сөздер, сөйлем құрылымдары, стильдік ерекшеліктер – мұның барлығы тілдік тұлғаның танымдық және эмоционалдық әлемін бейнелейді. Бұл деңгейде тілдік тұлғаның дискурсында оның ұлттық-мәдени ерекшеліктері, өмірлік тәжірибесі және жеке тұлғалық қасиеттері көрініс табады.

Тілдік тұлғаның когнитивтік немесе тезаурустық деңгейі – тіл мен таным бірлігінің нәтижесінде қалыптасатын әлемнің тілдік бейнесін анықтайтын маңызды кезең. Бұл деңгей тілдік тұлғаның мәдениетаралық құзыреттілігі арқылы көрініс табады және оның сөздік қорының концептуалды құрылымын танытады. Тілдік тұлғаның тезаурусы оның сөйлегенде немесе тыңдағанда түсінетін сөздері мен сөз тіркестерін, идиомалар және басқа да лексикалық элементтердің жиынтығын қамтиды.

Тілдік тұлғаның тезаурусы оның әлеуметтік, мәдени немесе кәсіби ерекшеліктерін көрсетеді және соларға тән лексикалық элементтерді қамтуы мүмкін. Тезаурус адамның сөздік қоры мен танымының көрінісі ретінде оның жалпы қолданатын сөздерін қамтиды. Бұл бірліктер адамның мәдени тәжірибесіне, әлеуметтік мәртебесіне, кәсіби бағытына байланысты ерекшеленеді. Әрбір тіл үйренушінің тезаурусы оның грамматикалық білімі мен лексикалық байлығына негізделіп, оны қолдану қабілетімен айқындалады. Тілдік тұлғаның тезаурусында сөздер мен ұғымдар бір-бірімен иерархиялық жүйе бойынша байланыста түзіледі және оның дүниетанымын бейнелейді. Мұндай құрылымда тұлғаның танымдық тәжірибесі мен мәдени ерекшеліктеріне негізделген тұрақты стереотиптер мен стандартты тілдік бірліктер маңызды орын алады.

Тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейі оның лексикалық және грамматикалық білімінің айқын көрінісі болады. Бұл деңгей адамның тек сөздерді жаттап алу қабілеті емес, сонымен қатар, олардың арасындағы семантикалық, мағыналық

байланыстарды түсініп, қолдана білу қабілетін білдіреді. Лингвокогнитивтік деңгейде тілдік бірліктер әртүрлі ұғымдарды, идеяларды және концептілерді қамтиды, белгілі бір концептілер арасындағы байланыстар адамның дүниетанымын, ойлау жүйесін және танымдық тәжірибесін бейнелейді. Осы деңгейде қалыптасқан тезаурустық жүйе адамға жаңа ақпаратты қабылдап, оны танымдық жүйесіне интеграциялауға мүмкіндік береді.

Тілдік тұлғаның басым қажеттіліктерін, мүдделерін, идеалдарын көрсететін маңызды ұғымдар оның тезаурусында көрініс табады. Тезаурус – жиілік ретті сөздік және осындай сөздік негізінде анықталатын тілдік тұлғаның бірегей әмбебап бейнесі. Бұл бейне тілдік тұлғаға тән ғалам үзінділерінің бейнелерімен тікелей байланысты концептуалды құрылымға негізделеді. Тіл біліміндегі концепт ұғымы көп құрамды, күрделі когнитивтік құбылыс болғандықтан, оны тіл үйренуші тілдік тұлғаның тілдік-танымдық деңгейлерінің негізгі бөлігі, дүниенің шындығын немесе көркемдік негізін көрсететін тілдік сананың даму деңгейін анықтайтын бірлік ретінде қарастырамыз. Адам санасындағы әлемнің тілдік бейнесі ұғымдар арқылы сөзбен таңбаланады, айқындалады, вербалданады. Оның құрылымын ішкі тірек-негізі, яғни, өзегі бар және осы өзектің айналасында жиналған білімдерден, қорытындылардан, идеялар мен түсініктерден, ойлар мен идеялардан, болжамдардан және ассоциациялардан тұратын өріс ретінде көрсетуге болады. Адамның тіл үйрену кезіндегі таным үдерісі оның өзі үшін тың әлемде қандай құндылықтарды басшылыққа алып, қандай бағытты таңдағанына тікелей байланысты. Яғни, үйренетін тілдегі әлемнің тілдік бейнесі тіл үйренушінің тілдік санасында жаңаша бір концептуалды өріс құрады. Осы кезеңде тіл үйренушіге қажетті тілдік аялық білім қорын толықтыратын жаңа мәліметтерді жүйелі түрде, жан-жақты мазмұнда, барынша қызықтырып ұсыну арқылы тілдік тұлғаның тілдік санасына әсер етуге болады. Бұны тілдік білім берудің антропоцентристік парадигмасын қалыптастырудағы логикалық қадам деп санауымыз қажет. Осы тұста тілдік тұлғаның лингвомәдениеттанымдық мәнін ашатын тілдік бірлік ретінде концепт ұғымын бірлікте қарастырамыз.

Концептілердің тілдік тұлғаны қалыптастыруда алатын орны зор. Тілдік тұлға – тілді қолданушы адамның жеке ерекшеліктерінің жиынтығы, оның ішінде оның сөздік қоры, грамматикалық дағдылары, қарым-қатынас стилі, тілдік ұғымдарды қабылдауы, түсінуі және білдіруі. Концептілер – адамдардың санасында тәжірибе, мәдени контекст, әлеуметтік өзара әрекеттестік және басқа да факторлар негізінде қалыптасатын дүние туралы дерексіз идеялар. Олар тілді түсінуге және түсіндіруге және сол тілде өз ойлары мен эмоцияларын білдіруге негіз болады. Тілдік тұлғаның тезаурусында ғаламның тілдік бейнесінің қалыптасуына ұлттық танымдағы туған жер, тіл, тарих, адамгершілік, әдебиет, мәдениет т.б. базалық концептілердің рөлі зор. Себебі тілдік тұлға – ұлттық құндылықтардың ішінде ұлттық тіл ортасында тәрбиеленген, ұлттық код пен рухты толық меңгерген, бойына бүкіл ұлттық болмысты жинақтаған адам. Тілдік тұлғаның концептілік өрісін құрайтын барлық ұғымдар тұлғаның «МЕН»

төңірегінде шоғырланып, тілдік санасында қалыптасқан әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрініс табады.

Тілдік тұлғаның үшінші прагматикалық деңгейі – сөйлеу тілі мен мәтіннің қалыптасуына негіз болатын мүдде мен уәжді қамтитын жоғары уәждемелік деңгейі. Бұл деңгейде сөйлеуші дітіне жету үшін тілді мақсатты түрде қолдану мүмкіндігіне ие болады. Сөйлеуші тілінде оның прагматикасы, уәждемесі, мүддесі мен құндылықтары айқын көрінеді. Тұлғаның қазақ тілін үйренуге талпынуының уәждемесі тіл арқылы қазақ халқының ұлттық рухани-мәдени құндылықтарын меңгеру мақсатына ұласқан кезде тілдік тұлға жоғары прагматикалық-уәждемелік деңгейге көтерілді деп санауға болады. Бұл деңгейде адам ішкі ойы мен ниетін жеткізудің ең тиімді тілдік құралдарын тандап қолдану мүмкіндігіне ие болады. Сәйкесінше, оның сөйлеу тілінен өмірлік мақсаттары, қызығушылықтары мен уәждері, көзқарастары мен ниеттері сынды жеке басына тән тұлғалық ерекшеліктері айқын көрінеді. Бұл деңгейдегі тілдік қатынас оның тіршілік әрекетінің мәнін түсінуге әсер етеді.

Тілдік тұлғаның құрылымын деңгейлерге бөлу шартты түрде жүзеге асырылады, нақты өмірде бұл деңгейлер өзара байланысты және өзара тәуелді. Бұл деңгейлердің барлығы да адамның танымдық әлемін бейнелейтін, тілдік тұлғаны жасайтын тілдік құралдар жүйесін біріктіріп, айқындайды. Тіл үйренудің әрбір деңгейінде адамның жеке интеллектуалдық ерекшеліктерін көрсететін кеңістік бар. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, тілдік тұлғаның толық қалыптасуы лингвокогнитивтік немесе тезаурустық деңгейден басталады. Бұл деңгейде әлемнің тілдік бейнесі және мәндер мен құндылықтар иерархиясы қайта құрыла бастайды. Уәждемелік деңгей тіл білімінің шеңберінен шығып кетеді, дегенмен тілдік тұлғаның ерекшеліктері осы деңгейде анықтала бастайды. Тілдік тұлғаның вербалды-семантикалық және тезаурустық аспектілері әсер ете бастайды. Тілдік тұлға тезаурусы адамның жеке басына тән тұрақты қарым-қатынас қажеттіліктерін анықтауға көмектеседі. Осылайша, тезаурус деңгейінде адам «субъект», ал вербалды-семантикалық деңгейде «жеке тұлға» ретінде көрінеді.

Тіл арқылы адамның ішкі дүниесі, мәдениеті, таным-түсінігі, сана-сезімі бейнеленеді, яғни, тіл – адам рухының айнасы болса, ең алдымен, осы айнадан адамның жеке тұлғасы көрінеді. Тілдік тұлға ұғымы адамның жеке санасы, дүниетанымы және тілі арасындағы байланысты білдіреді. Кез келген адам өзін және өзінің субъективтілігін тіл мен сөйлеу арқылы ғана толыққанды жүзеге асырылатын қарым-қатынас негізінде көрсетеді. Адамның сөзі оның ішкі жан дүниесін ашады және оның тұлғасын танытады. Сөз құндылығын тану, таныту мүмкіндігі тіл қолданушының ішкі дүниесінің деңгейіне байланысты. Прагматикалық деңгейде тілдік тұлға қоршаған ортамен тығыз байланысты және оған тәуелді. Бұл объективті қажеттілік оның психикасында көрінеді. Қажеттілік қызығушылыққа айналады, ал қызығушылық идеалға айналады. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тұлға басқа адамдармен, әлеуметтік институттармен қарым-қатынаста, қоғамдық қатынастар жүйесінде жүзеге асады. Тілдік тұлғаның мәні қарым-қатынас құндылығы деңгейінде ашылады.

Зерттеуші ғалымдар тілдік тұлғаның деңгейлерге сәйкес білім, білік, дағдыларын немесе құзыреттіліктерін айқындаудың түрлі критерийлерін ұсынады. Тілдік тұлғаның даму деңгейлерін бағалау критерийі ретінде оның тіл құрылымындағы осы аталған үш деңгейге сәйкес үш топқа біріктірілген нақты дағдылар жиынтығын қарастыруға болады. Бағалау критерийлерін айқындап алу мұғалім үшін қажет екені түсінікті. Сонымен қатар, бұл оқушының өзі үшін де өте маңызды. Себебі оқушы әрбір критерийге байланысты өз нақты жетістіктерін айқын біліп отырса, алға басуына, қадамдарын жоспарлауына мүмкіндіктері арта түседі. Бұл жерде Г.И. Богиннің: «Тілдік тұлғаның қалыптасу тәсілі оның өмір сүру тәсілі сияқты қарама-қайшы. Қайшылықтардың қайнар көзі тілдік тұлғаның даму фактісінде жатыр», - деген тұжырымын негізге аламыз. Себебі әрбір тілдік тұлға – индивид. Сондықтан олардың әрқайсының мүмкіндіктері мен қабілетіне, қажеттіліктері мен уәждемелеріне байланысты деңгейлер арасындағы ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктер орын алуы әбден заңды.

Г.И. Богиннің тілдік тұлға теориясының дамуына қосқан үлесі ретінде оның тілдік тұлға моделін шет тілдерді үйрету үдерісіне қатысты қарастыруға тырысуын атап көрсету қажет. Арада жылдар өткен соң бұл идея Еуропалық қауымдастықта халықаралық деңгейде шет тілдерді үйретуде тіл үйренушінің тілді меңгеру деңгейін анықтауда қолданыла бастады. Нәтижесінде 1996 жылы Жалпыеуропалық компетенция қабылданды. Соған сәйкес оқу-әдістемелік құралдар мен шет тілдер оқулықтарын, оқу бағдарламаларын құрастыруда, сондай-ақ, оқу үдерісінде білім, білік және шет тілін меңгеру деңгейін бақылауда тілдік тұлғаның даму деңгейлерін анықтау қажеттігі ортаға шықты. Бүгінгі күнде Еуропада қолданылатын шет тілін меңгеру деңгейлерінің жүйесі CEFR (Common European Framework of Reference) Еуропалық Одақ Кеңесінің қарарымен тілдік құзыретті бағалауда қолданылады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде қолданылатын құзыреттілік деңгейін бағалау да CEFR осы жүйесіне негізделеді.

Ф.И. Буслаев өз еңбегінде *тілдік тұлғаның қалыптасуы ана тілін меңгерген оқушы тұлғасынан басталады* деген концепциясын ұсынады. Тілдік тұлғаның бойында сөйлеу әрекетінің түрі мен тілдік деңгейлері бойынша әр түрлі күрделіліктегі сөйлеу әрекеттерін орындауға тілдік қабілеттердің, дағдылар мен әзірліктердің жиынтығының көп деңгейлі және көп компонентті сипаты болатынын көрсетеді [71]. Біздің зерттеу нысанамыз болып отырған көптілді білім беру жүйесіндегі оқушы негізінен әдеби сөйлеу тілін аз қолданатын, қарапайым ауызекі-тұрмыстық сөйлеу тілінде сөйлейтін және әдеби емес тілдік элементтерді жиі қолданатын типке жатады. Яғни, қазақ тілін білуі тұрғысынан тілдік тұлғаның бірінші вербалды-семантикалық деңгейіне көбірек сәйкес келеді. Тілдік тұлғаның қалыптасып келе жатқанының негізгі белгілері оның когнитивтік-тезаурустық деңгейінен бастап айқын көріне бастайды.

Тілдік тұлғаны әдеби тілді қолдануы тұрғысынан қарастырған ғалым Н.Уэли оның төрт түрлі типі болатынын атап көрсетеді: әдеби тілді шығармашылық деңгейде меңгерген элитарлық типі; әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын сақтауды білетін, ал кейде кодификацияланған

нормалардан қате жіберіп, ауызша сөйлеу тілі мен кітаби әлеуеті кей кезде айқын ажыратылмайтын орташа мәдени-тілдік тип; әдеби сөйлеу тілін басым пайдаланатын және арасында кәдімгі сөйлеу тіліне тән элементтерді қолданатын лингвомәдени тип; қарапайым сөйлеу тілінде сөйлейтін және әдеби емес тілдік элементтер мен диалектілерді қолданатын тип. Осылардың ішінде сан жағынан басымдықта орташа тип болатынын айтады [72]. Тіл үйренуші тұлғаның ауызекі тілді меңгеру деңгейін Ә. Жүнісбек зерттеді. Ғалым қазақ тілін меңгерудің төрт деңгейіне сай келесі ерекшеліктерін сипаттады: «1) Ауызекі-тұрмыс тілі (отбасындағы, ауыл арасындағы күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерді өтейтіндей сөйлей алады); 2) Ауызекі-кәсіби тіл (ересектер өздерінің кәсіби мамандығы төңірегінде еркін сөйлей алады); 3) Ауызекі іскери тіл (басқару және ұйымдастыру жұмыстарын қазақ тілінде жүргізе алады); 4) Ауызекі әдеби тіл (көркем шығармаларды түсініп, әдеби сөйлей алады)» [73].

Тіл үйренуші қазақстандық тілдік тұлғаның моделін өз зерттеуінде Ш.Қ.Құрманбаева ұсынды. Ғалым қазақ тілін үйренуші тілдік тұлғаның бойынан әл-Фараби дәріптеген еркін адам, Абай айтқан толық адам, өзін-өзі дамытушы, белсенді әрекет иесі, қатысымдық құзырет иесі, саналы, ерікті, білімді, білікті, еңбекқор, шығармашыл, рухани бай, мәдениетті, зиялы, дәстүршіл, таным субъектісі, намысшыл, адамгершілік, ізгілік иесі, антропоцентрист, отансүйгіш, патриот тұлғаның қасиеттері табылуы тиіс екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, Ш. Құрманбаева тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлерін тіл үйренудің деңгейлерімен және оқытудың кезеңдерімен байланыстырды. Оның айтуынша, тілдік тұлғаның Ю.Н. Караулов ұсынған үш деңгейі тіл үйретудің үш деңгейіне (А1, А2; В1.В2; С1, С2) және оқу үдерісін ұйымдастырудың үш (дағдыларды қалыптастыру және орнықтыру; сөйлесім әрекетін дамыту; тілдік қатынасты жетілдіру) кезеңіне сәйкес келеді [74].

Осы аталған жүйелеуді негізге ала отырып, тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлері, оның коммуникативтік құзыреттіліктері мен тілдік қарым-қатынасқа түсе алу деңгейлері және тіл үйрету деңгейлері мен оқыту үдерісін ұйымдастыру кезеңдері арасындағы байланысынан тұратын күрделі құрылымын келесі кесте түрінде ұсынамыз (1-кесте).

Кесте 1- Ш.Қ. Құрманбаева зерттеуінен. Тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлері

Тілдік тұлғаның деңгейлері	Коммуникативтік құзыреттіліктері	Тілдік қатынас деңгейлері	Тіл үйрету деңгейлері (CEFR жүйесі бойынша)	Оқыту кезеңдері
1	2	3	4	5

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Вербалдық-семантикалық	Байланыс орнату	Жеңіл қарым-қатынастық	Қарапайым (A1) Базалық (A2)	Дағдыларды қалыптастыру және орнықтыру
Когнитивті-тезаурустық	Ақпаратты жеткізу	Интерактивті	Орта (B1) Ортадан жоғары (B2)	Сөйлесім әрекетін дамыту
Прагматикалық-уәждемелік	Ықпал ету	Перцептивті (қабылдау)	Жоғары (C1) Жетік (C2)	Тілдік қатынасты жетілдіру

Осы кесте арқылы берілген ақпараттарды жинақтай келе, тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлері – оның коммуникативтік құзыреттіліктері мен тілдік қарым-қатынасқа түсе алу деңгейлері мен тіл үйрету деңгейлері және оқыту үдерісін ұйымдастыру кезеңдерімен өзара тығыз байланыстан тұратын күрделі құрылым деген қорытынды жасауға болады.

Тілдік тұлғаның қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан жаңаша типіне ақпараттық қоғам мен виртуалды әлемнің шарттары әсер етуде. Біздің зерттеу нысанамызға алынып отырған орта буын оқушысы – альфа ұрпақ деген атауды иеленіп, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің заманға сай соңғы үлгісін меңгерген жастар. Е.В. Морозова Z және альфа ұрпақтың келесі ерекшеліктерін анықтады:

- клиптік ойлау;
- зейін шоғырландырудағы проблемалар;
- әлеуметтік бейімделудегі бұзылыстар;
- цифрлық сауаттылықтың жоғары деңгейі;
- ақпаратты іздеудегі және оны талдаудағы дербестік;
- «ақпарат табылса, оны игердім деген сөз» деген ұғымның болуы;
- ғаламторда отыру – өмірінің мәні, виртуалды қарым-қатынас – табиғи қажеттілігі;
- оқу-танымдық уәждемесі қызығушылық тудырған жағдайда ғана пайда болады;
- әлеуметтік танымалдылықты құндылық деп есептейді, әлеуметтік тұрғыдан мақұлдау табуға ұмтылысы бар [75];

Альфа буын оқушыларының бұл аталған ерекшеліктері виртуалды шындық пен шынайы өмірдің ажырамас бүтінге айналуымен байланысты. Интернеттегі ақпаратқа оңай қол жеткізу, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі белсенді қарым-қатынас, ерте жастан өмірдің белгілі бір бөлігі ретінде гаджеттерді тұтыну – осының барлығы «альфа» ұрпақтың тілдік тұлғасының да дамуына әсер етпей қоймайды. Уақытының көп бөлігін ғаламтордағы виртуалды дискурсқа

жұмсайтын оқушының сөйлеу әрекеті мен тұлғалық қасиеттерінде де елеулі өзгерістер болады. О.В. Лутовинова ондай баланы виртуалды тілдік тұлға деп атап, «белгілі бір виртуалды дискурсқа қатысушының шартты бейнесі, тұлғаның шынайы және ассоциациялық сипаттамаларының ажырамас үйлесімі» деген анықтама береді. Ғалымның пікірінше, «виртуалды тілдік тұлға шынайы тұлға түріне де, ойдан шығарылғанға да жатпайтын адресат пен адресанттың белгілі бір түріне айналады» және «клиптік сананың болуымен, виртуалды әрекеттерге беріліп кетудің жоғары дәрежесімен және әлемді қабылдаудағы басымдықтарының ауыспалылығымен сипатталады, техникалық тұрғыдан сауаттырақ және тілдік сауаттылығы төмен, мінез-құлқы шұғыл өзгермелі болып келеді, жариялылыққа ұмтылады және коммуникациядағы серіктесі жайлы нақты, анық түсінігі болмайды» [76].

Біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған «альфа» буынының тұлғалық қасиеттері виртуалды тілдік тұлғаның параметрлерімен сәйкес келеді, сондықтан олардың бойында шынайы және виртуалды тілдік тұлғаның ерекшеліктерінің араласып келетінін байқаймыз. Сонымен бірге, виртуалды дискурстағы қарым-қатынас «альфа» буынының тілдік тұлғасының көптеген ерекшеліктерін анықтайды. Осыған байланысты виртуалды дискурстағы тілдік тұлғаның басқа адамдармен өзара әрекеттесуінің мақсаттары және виртуалды тілдік тұлғаның құндылықтары қандай екенін қарастыру орынды болады.

Виртуалды дискурс құндылықтарына мыналар жатады :

- өте қысқа мерзімде алуға болатын ақпаратқа шектеусіз қол жеткізу мүмкіндігі;
- өте аз уақыт мөлшерінде көп адамдармен байланысқа түсу мүмкіндігі;
- анонимділік;
- қарым-қатынастағы уақыттық және кеңістіктік шекаралардың болмауы;
- кейбір жағдайларда виртуалды тілдік тұлға бәрін айтуға болады деп санайтын сөз бостандығы;
- кей жағдайларда тұрпайылықпен астасып кететін жариялылық.

Осы аталған жайттар «альфа» буын оқушыларының тілдік тұлғасы құрылымындағы жеке ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Эксперимент қорытындысына сәйкес жасалған бұл өзгерістерді Ю.Н. Караулов ұсынған тілдік тұлғаның классикалық үлгісімен байланыстырып, 2-кестеде ұсынамыз.

Кесте 2- Автордың құрастыруымен. Альфа буын тілдік тұлға құрылымындағы өзгерістер

Тілдік тұлғаның құрылымы (Ю.Н. Караулов бойынша)	Виртуалды тілдік тұлғаның құрамдас бөліктері
1	2
Вербалды-семантикалық деңгей (үйренетін тілдің лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық ерекшеліктері)	Виртуалды дискурстың сөйлеу штамптары

2-кестенің жалғасы

1	2
Тезаурустық деңгей (концептілер мен идеялар)	Виртуалды әлемнің нормалары мен құндылықтары, оның ішінде жариялылық, өзін таныту еркіндігі, анонимдік
Прагматикалық деңгей (коммуникативтік қажеттіліктер, мінез-құлық үлгілері)	Базалық коммуникативтік-әрекеттік қажеттілік – виртуалды қарым-қатынастағы әлеуметтік танымалдылық және қолдау

2-кестеде келтірілген деректер бойынша өзгерістер альфа буын оқушы тілдік тұлғасының барлық үш деңгейіне де өз әсерін тигізгенін көреміз. Осы талдауларымыз біз зерттеу нысанына алып отырған көптілді білім беру ортасындағы альфа ұрпақтың виртуалды әлемге қатысты жаңа сапаларына да мән беруіміз қажеттігін көрсетеді. Ондай ұрпақтың санасына әсер ету мүмкіндігін тек қана рухани құндылықтарға толы оқу материалы бере алады. Ал біз қолданып жүрген «Қазақ тілі және әдебиеті» үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқулықтарда түрлі жаһандық тақырыптарды көтерген оқу мәтіндері қамтылған [77]. Оқулықтардың білім мазмұнына енген «Қазақстандағы биотехнология», «Болашақ энергия көздері», «Экологиялық апат» т.б. тақырыптары аясындағы мәтіндер технократ ұрпақ қалыптастыруға ғана қызмет ете алады. Оқулықта тіліміздегі базалық құндылық концептілерді қамтитын лексика, сөйлеу этикетін қалыптастыратын тілдік оралымдар, дана халқымыздың дүниетанымы мен мәдениеті тұнып тұрған терең мағыналы фразеологизмдер, мәдениеттанымдық мәтіндер, Абай сынды ұлт даналарының шығармаларынан үзінділер молынан берілуі тиіс. Сол кезде ғана қазіргі заман ұрпағының рухани санасы ашылып, ғылым, білімді махаббатпен көксеріп оқыр еді. Себебі мәдени-әлеуметтік құндылықтардың негізгі жеткізушісі және қуатты тасымалдаушысы ретінде тіл мәдениет пен қоғамда ерекше орын алады, ол әлеуметтік қатынастардың тиімді үйлестірушісі және реттеушісі қызметін атқарады. Сонымен бірге, тіл осы екі кең ұғымның маңызды элементі ғана емес, өте маңызды қыры да болады. Ол бүкіл көп қырлы мәдениетті, ең күрделі әлеуметтік көзқарастарды қамтитын тұтас әлемді білдіреді. Этномәдени кеңістіктің тереңде жатқан қабаттары мәдени тұрғыда кодталған халықтың дүниетанымынан құралады. Сондықтан тілдік тұлға тек тіл арқылы қарым-қатынас жасауға қабілетті тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар «этномәдени кодтардың тоғысқан нүктесі» ретінде де қарастырылады [78]. Тілдік тұлға қалыптастыру лингвистика ғылымының антропологиялық бағытының ғылыми негіздеріне сүйенуі тиіс [79]. Абайдың «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» деген философиялық ойы сөзі арқылы әлеуметтік, тәрбиелік, психологиялық тұлғаны танудың антропоцентристік идеясына сәйкес келеді.

Ұлттық мәдени код – мәдениеттің адам санасында өмір сүру формасы. Мәдени кодтар адамзаттың ең көне, тереңде жатқан түсініктерімен байланысты болады. Р. Авакова ұлттық мәдениеттің кілтін тауып, кодын ашу кез келген адамның қолынан келе бермейтінін айтады. Ол үшін сол халықтың топырағында аунап, суын ішіп, ауасын жұтып, сол халықтың тілінде сөйлеп, сол тілде ойлау керектігін айтады [80].

Жоғарыда жүргізілген талдаулар негізінде оқушыны тілдік тұлға ретінде қалыптастыруда тіл үйрету мәдени-рухани білім беру арқылы жүзеге асырылуы тиіс деген қорытындыға келеміз. Ұлттық құндылықтарды, мәдени-тарихи жадты сақтау және жеткізуде қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне қосымша ұлттың белгілі тілдік тұлғаларының өмірі мен шығармашылығын үлгі етіп отыру аса маңызды рөл атқарады. Б. Шагирбаева оқушы қазақ тілі сабағында меңгерілетін құндылыққа бағытталған ақпаратты түсініп, оны жүрегімен сезіне отырып, бағалап, өмірлік қажеттіліктері тұрғысынан алдына мақсат қойып, өмірде нақты әрекеттер жасай бастаса, бұл құндылықтар тұлғаның өмірлік ұстанымдарына айналады деп есептейді [81]. Абай шығармаларын тану негізінде оқушылардың құндылық бағдары айқындалып, сөз өнерін меңгеруге деген құндылық қатынасы қалыптасады. Оқушының құндылық қатынасы оның әрбір ойы, сезімі, әрекеті арқылы беки береді, нәтижесінде біртіндеп тілдік тұлға қасиеттері ашыла бастайды.

Психология ғылымында айқындалған тұлғаның өмірлік ұстанымдарының айқындалуының мазмұндық, эмоциялық, уәждемелік, іс-әрекеттік кезеңдерімен байланыстыра отырып, Абай шығармалары негізінде қалыптасатын оқушының тілдік тұлғасының моделін ұсынамыз (2-сурет). Берілген модель Абай шығармалары негізінде қалыптасатын оқушының тілдік тұлғасын төрт құрамдас бөліктің өзара байланысында қарастырады. Ақын шығармаларындағы «бес асыл іс – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» концептілеріне сәйкес мазмұндық, эмоциялық, уәждемелік және іс-әрекеттік компоненттері анықталады. Абай шығармаларының тілін талдай оқып, түсініп, қабылдаған оқушы әр түрлі тілдік ұғымдарды өз қажеттілігіне, сана деңгейіне қарай меңгереді. Осы ұғымдар оқушының сөз мәнін түсінуіне, қажетіне қарай таңдап, талғап қолдануына, сөйлеу мәнеріне және тіл мәдениетіне әсер етеді. Оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолында аталған концептілер танымдық және құндылық түзуші қызметтер атқарады.

Мазмұндық құрамдасы оқушының Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесін терең танып, рухани байлығын арттыруына, тіл байлығын дамытуға талаптанып, еңбектенген ақыл иесі ретінде қалыптасуына қызмет етеді; эмоциялық және уәждемелік құрамдастар сол құндылықтарды жүрекпен сезіну, бағалау арқылы терең ой деңгейіне көтерілуін, мәтіннен алған ақпаратты өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстырып, мақсат қоя алатын, сөз өнерін шыңдау жолында үздіксіз еңбек етуге ұмтылатын уәжді тұлға ретінде айқындалуын қамтамасыз етеді. Іс-әрекеттік құрамдасы Абайдың адамгершілікке бағытталған өмірлік ұстанымдарын практикалық әрекетке айналдырып, сөз өнерін орнымен

қолдану арқылы қоғамға пайдасын тигізетін қанағат, рақым қасиеттерінің иесі болып қалыптасуын қамтамасыз етеді.



Сурет 2- Автордың құрастыруымен Абай шығармалары негізінде қалыптасатын оқушының тілдік тұлғасының моделі

Осылайша, модель Абай мұрасындағы рухани-адамгершілік мазмұнды тілдік біліммен ұштастырып, оқушының тілдік тұлғасын интеллектуалдық, эмоциялық, ерік-жігерлік және этикалық тұтастықта дамытатын кешенді лингводидактикалық жүйені танытады. Абай шығармаларына тереңдеп бойлау арқылы оқушы ұлттық құндылықтарды білдіретін басты ұғым-түсініктерді меңгереді. Сол арқылы рухани байлығы толысқан ақыл иесі болып қалыптасады. Эмоциялық тұрғыдан ақын шығармаларындағы терең мағыналы асыл сөздерді жүрегімен сезініп, өз өміріне қатысы тұрғысынан ой елегінен өткізіп, бағалайды. Осы кезеңде оқу-танымдық уәждемесі артып, мақсатты түрде білімін тереңдетіп, тілді білу деңгейін арттыруға ұмтылып, инемен құдық қазғандай еңбегінің жемісін көре бастайды. Абай өлеңдері арқылы алатын тілдік білімнің құндылық ретінде санасында орныққанын іс-әрекеттік құрамдасы көрсетеді. Абай шығармаларындағы сөз өнерін бағалаушы, тұтынушы тұлғаның көркем мінезін өз бойына дарытуға тырысады. Әрбір әрекетімен, ісімен ақын Абай сипаттаған толғауы тоқсан қызыл тілдің қасиетін құрметтеп, әдеби көркем тілде сөйлеп, қоғамға пайдасын тигізетін қанағат, рақым иесі болуға ұмтылады.

Қорыта келе, тілдік тұлға – адамның тілді меңгеру және оны қолдану әрекеттері арқылы көрініс табатын ішкі рухани-мәдени құндылықтарын жеткізу қабілетінің жиынтығы деген тұжырым жасаймыз. Тілдік тұлғаны қалыптастыруда рухани-мәдени негіздердің рөлі зор. Абай сынды ұлттық тұлғаның шығармашылығын оқу арқылы оқушылардың ұлттық санасы мен тілдік құзыреттілігі дамиды. Тілдік тұлғаны қалыптастыру үдерісінде тілдік білім беру жүйесінің гуманистік және антропоцентристік тәсілдері негізгі рөл атқарады. Сондықтан виртуалды ортадағы клиптік ойлау, цифрлық сауаттылықтың артуымен бірге тілдік сауаттылықтың төмендеуі тәрізді заманауи сындар кезеңінде оқушының тілдік тұлғасын дамыту үшін Абай шығармаларын қолданудың маңызы зор.

1-бөлім бойынша қорытынды

– Тілдік тұлға теориясына шолу жасай келе, тілдік тұлғаны зерттеудің екі басым бағыты айқындалды: 1. қалыптасқан тілдік тұлғаны зерттеу; 2. тілдік тұлға ретінде қалыптасуды зерттеу;

– Лингвомәдени немесе қалыптасқан тілдік тұлғаның классикалық (элитарлық, кәсіби) үлгісін зерттеу мәселесі жан-жақты дамыған;

– Біздің нысанымызға алынып отырған оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасуын лингводидактикалық тұрғыдан зерттеу мәселесі өткен ғасырдың 80-жылдарының басында Г.И. Богиннің зерттеулерінен бастау алды;

– Біз өз зерттеу жұмысымызда оқушының тілдік тұлғасы ретінде Абай шығармаларының тілін түсініп қабылдап, меңгерген тілдік бірліктерін күнделікті

сөйлеу әрекетінде қолданатын, А. Байтұрсынұлыша айтсақ, «тілді жұмсай білетін» оқушыны зерттеу нысанына алдық;

– Абайдың тілдік тұлғасы «автор бейнесі» ретінде қарастырылып, Абай шығармаларының тілі арқылы оқушының тіл байлығын, сөздік қорын дамыту әдістемесі сараланды;

– А.Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі тілдің қызметі мен дамуын оны қолданушы тұлғамен байланыста қарастыру идеясын, тілдік тұлға жайлы зерттеулердің бастауы деп танылып жүрген И.Л. Вайсгербер, И.А. Бодуэн де Куртэне, В. Фон Гумбольдт, Г. Штейнталь, А.А. Потення, М.М. Бахтин, В.В. Виноградов еңбектерімен үндестігін байқадық;

– Г.И. Богин тілдік тұлғаның тілдік қабілеттілік және коммуникативтік құзыреттілік екі негізгі белгісін анықтады. Біз өз зерттеуімізде Ю.Н. Караулов ұсынған тілдік тұлғаның үш деңгейлік моделін негізге алдық. Ол: 1. Вербалды-семантикалық (құрылымдық-жүйелік); 2. Когнитивтік (тезаурустық); 3. Прагматикалық (уәждемелік) деңгейлер;

– Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған көптілді білім беру жүйесіндегі оқушы – негізінен әдеби сөйлеу тілін аз қолданатын, қарапайым ауызекі-тұрмыстық сөйлеу тілінде сөйлейтін және әдеби емес тілдік элементтерді жиі қолданатын цифрлық дәуірдің клиптік санаға ие альфа ұрпағы;

– Зерттеу жұмысымызда көптілді білім беру жүйесінде Абай шығармаларын қолдану арқылы оқушыны тілдік тұлға ретінде қалыптастыру мәселесі қарастырылды;

– Абай шығармаларындағы «бес асыл іс – ақыл, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» концептілеріне сәйкес келетін оқушы тілдік тұлғасының моделі оның мазмұндық, эмоциялық, уәждемелік және іс-әрекеттік құрамдастарын көрсетеді;

–Ұлы Абай 25-қарасөзінде өзге біреудің тілін білудің пайдасы жайлы айта келіп, оның кері әсері болмауы жағын да ойлау керектігін ескерткен. Сондықтан адамның тіл үйренудегі ниеті өзін дамыту және елінің дамуына үлес қосу болуы керек. Ғалымдар атап көрсеткен үйлесімді дамыған қостілділік жағдайында адам бойында ашықтық, толеранттылық қасиеттері, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімі қалыптасады;

–Көптілді білім беру ортасында оқушының тілдік тұлғасының қалыптасуы қоғамдағы түрлі факторларға, оның ішінде елде жүргізіліп отырған тіл саясатының ықпалына тікелей байланысты.

–Әр жылдардағы Жолдаулар, мемлекеттік бағдарламалар және білім саласындағы маңызды бұйрықтар мазмұны көптілді білім беру идеясының мәнін ашып береді. Көптілді білім беру идеясы елімізде 2000-жылдардың басынан айтылып, нақты оқу үдерісіне енгізіле бастады;

–Көптілді білім беру ортасында оқушының тілдік тұлғасының қалыптасуы қоғамдағы түрлі факторлардың, оның ішінде елде жүргізіліп отырған тіл саясатының да ықпалына тікелей байланысты. Сондықтан қостілділік үйлесімді дамуы үшін көптілді білім беру паритеттік (тең) үлгіде жүзеге асуы қажет;

–Тілдік тұлға феноменін зерттеушілер оның қалыптасу үдерісі ең әуелі ана тілін меңгерген оқушы тұлғасынан басталатынын бірауыздан мойындайды.

Сондықтан тілдік тұлға қалыптастыруда ұлттық рухани-мәдени негіздерге сүйену маңызды;

–Ана тілі негізінде дамып келе жатқан көптілділіктің жеке адамға да, тұтас этносқа да тигізетін пайдасы көп. Ал ана тілінің рөлін төмендетіп, оны жоғалтып, ұмытуға апаратын көптілділік қашанда зиянды. Қазақстан сияқты көп этносты мемлекет үшін көптілділік ана тілін сақтау және дамыту, сол арқылы әрбір халықтың жеке ұлттық құндылықтарын қорғау үшін қажет;

–Тілдік тұлғаның бірінші вербалды-семантикалық (құрылымдық-жүйелік) деңгейінде оқушының тілдік аялық білімі қалыптасады. Бұл тек грамматика мен лексика туралы білімді ғана емес, сонымен қатар тілді әртүрлі мәнмәтіндерде қолданудың практикалық дағдыларын, сонымен қатар сыпайылық ережелері, мәдени нормалар және т.б. қамтиды;

–Тілдік тұлғаның когнитивтік-тезаурустық немесе екінші деңгейін оның танымдық әлемінің тереңдігін сипаттайтын күрделі құрылым деп сипаттауға болады. Бұл деңгейде тілдік тұлғаның дискурсында оның ұлттық-мәдени ерекшеліктері, өмірлік тәжірибесі және жеке тұлғалық қасиеттері көрініс табады;

–Тіл – сөйлеуге қажетті материалдардың (тіл дыбыстары, сөз, сөйлем, мәтін) жинағы. Оларды қабылдау мен жеткізу үдерісі адамның сөйлеу мәдениетінің, тілдік санасының деңгейіне байланысты жүзеге асады;

–Тілдік тұлғаның үшінші прагматикалық деңгейі – сөйлеу тілі мен мәтіннің қалыптасуына негіз болатын мүдде мен уәжді қамтитын жоғары уәждемелік деңгейі. Бұл деңгейде сөйлеуші дітіне жету үшін тілді мақсатты түрде қолдану мүмкіндігіне ие болады;

–Тілдік тұлға деңгейлері жайлы теориялық зерттеулер шет тілді меңгеру деңгейін анықтауда қолданылатын Еуропалық Одақ Кеңесінің CEFR жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде қолданылатын құзыреттілік деңгейін бағалау да CEFR осы жүйесіне негізделеді;

–Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған көптілді білім беру жүйесіндегі оқушы, негізінен, әдеби сөйлеу тілін аз қолданатын, қарапайым ауызекі-тұрмыстық сөйлеу тілінде сөйлейтін және әдеби емес тілдік элементтерді жиі қолданатын типке жатады. Яғни, қазақ тілін білуі тұрғысынан тілдік тұлғаның бірінші вербалды-семантикалық деңгейіне көбірек сәйкес келеді. Тілдік тұлғаның толық қалыптасуы лингвокогнитивтік немесе тезаурустық деңгейден басталады.

2 АБАЙ МҰРАСЫ – ОҚУШЫНЫҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

2.1 Абай шығармаларындағы сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесі

Абай өлеңдері мағыналық-құрылымдық жағынан мінсіз тұтастықта құрылады. Абай өз шығармаларында сөйлеушіге де, тыңдаушыға да үлкен талап қояды. «Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп» тұратын «бірі жамау, бірі құрау» сөздерден аулақ болып, әркімнің өлең сөзге құмартып, тіл ұстартуға тырысуы қажеттігін атап көрсетеді. Абай поэзиясындағы сөздердің мағынасы мен мәнін мәдени-танымдық бағытта саралаған «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» атты еңбегінде А. Салқынбай: «Ұланғайыр дала мен оны ен жайлаған елге қонған өнер – сөз! Халықтың діліне, қанына сіңген Сөз өнері арқылы әсер ету, өнер шашу қасиетті іс деп санап, мақсат еткен данышпан ойы елдің көкірегіне сәуле түсіру», - деп атап көрсетеді [82]. Осы тұрғыдан келгенде, Абай шығармашылығындағы сөз өнерін бағалауға, өлең сөзді түсінуге, тыңдаушы талғамын қалыптастыруға бағытталған өлеңдерінің көптігін байқаймыз. Бұл жайында академик С. Қирабаев: «Абай қазақ әдебиетінде поэзияның қоғамдық қуатын, көркемдік күшін көтеруге арналған тұңғыш поэзиялық бағдарламаны да жасады. Кедей ақындардың жанды кәсібіне айналып, бағасы түскен өлең сөзді (ән мен күйді де) өз биігіне көтерді, оқырман мен тыңдарман талғамын тәрбиелеуге белсене араласты», - деп жазды [83].

Абай қазақ тілінің сөздік қорын толықтырды. Ол поэзия тіліне жаңа сөздер мен ұғымдарды, терминдік мағынасы бар ескі-жаңа атауларды қосып, поэзия тілінің көркемдегіш құралына айналдырды. Ақын шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі – адам, оның адамгершілік келбеті, сыртқы бейнесі, ішкі жан дүниесі мен іс-әрекеті болды. Абай бұл тақырыптарды бұрынғының шешендеріндей жалпылама уағыз, ақыл-кеңес, өсиет түрінде емес, әрбір қоғам мүшесінің, тап өкілінің қимыл-қозғалысын, мінез-құлқын нақты көрсету түрінде сипаттай отырып, ой тастады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге жол нұсқады.

Абай ұлттық әдебиетімізге жаңашыл көзқарасымен келді. Шығыс әдебиетінің ықпалымен өз заманының дәстүрінен бас тартып, жаңа өлең түрлері мен ұйқастарын енгізді.

«Сөз мәнісін білсеңіз,

Ақыл – мизан, өлшеу қыл.

Егер қисық көрінсе,

Мейлің таста, мейлің күл», - деген өлең жолдарында ақын сөздің мағынасын ақыл таразысына салып білуге болатынын айтады. Мұнда арабтың «мизан» сөзі таразы, өлшем деген мағынаны білдіреді. Яғни, сөзді тани алсаң, ақыл таразысына салып, қара. Ол лайық болмаса, Абай айтқандай, қисық көрінсе, қажетсіз деп сана дейді.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,

Ойланышы сыртын қойып, сөздің ішін.

Біржаңдамай тыңдасаң, нең кетеді,

Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Бұл жерде ақын «Тіл тас жармайды, тас жармаса – бас жарады» деген халық ұғымын осылай кеңінен түсіндіреді. «Абай қазақ ортасында бұрын-соңды болмаған өлеңдер тудырып, «Тыңдаушыны ұғымсыз қылып тәңірім берген-ді» деп, өз сөзін оқушыға емес, тыңдаушыға арнап отырғанын анық сезінеді, тіпті, кейде өзін жазушы емес, айтушы ретінде сезінеді: «Сөз айттым «әзірет әлі», «айдаһарсыз»; «Айтып, айтып өтті қарт, көнбеді жұрт не лажы» т.б.» [84].

Ұлы ақынның өлеңін тыңдаушысы жоқ болғаны, бар болса, түсінігі аз, сөзін ұғар жан таппағаны сезіледі. Кейде ақын тарығып, өз-өзіне сөйлеп, тыңдаушыларымен ойша тілдеседі. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп жазылған өлең жолдары осы пікірге саяды. «Тыңдаушыға сөз түйістірудің өз үлгісі бар болса, Абай ақынның өзімен іштей тілдескен сәттердегі ерекше туған бір талабы осы. Мұндағысы әуелі өлең өлшемін өрнектеп, қалыбына салып, ұйқасын мазмұнына лайық құрастыру. Демек, өлең сөзді модельдеу, қуатты ойдан бас құрап, ырғағына лайықтап, терең ойдан шыққан сөзді қаламмен қағазға түсіру – сөз суретін суретші секілді кескіндеу. Бұл ретте ақын «өлең – сөздің патшасы» деп біледі. Өйткені ол «қиыннан қиыстырып, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келуі» тиіс. Сондай-ақ, «бөтен сөзбен былғанбағаны» абзал, ал егер «бөтен сөзбен былғанса, онда ол ақынның білімсіздігі, бишаралығы». Мұнда айтушы мен тыңдаушы да маңызды. Олардың көпшілігі «надан болса», онда «жұрттың бір парасының сөзді танымағандығы» [85].

Абай шығармалары – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Ақынның асыл сөздері мен мол мұрасы ұлы дала руханиятының мәртебесін асқақтатып, қазақ елін әлемдік өркениет кеңістігіне жетелейтін темір қазық іспетті мәңгілік жасай береді. Ұлы дананың кез келген шығармасының басты тақырыбы – Адам. Абай қазақ әдебиетінің тарихында алғаш халықтың мұң-мұқтажын қоғамдық-саяси тұрғыда күн тәртібіне қойды. Қазақ халқының мінез-құлқын, өмір-тіршілігін, жан дүниесін терең білген Абай шындықты бетке айтты. Мінезін түзесін, тұрмысын түзесін, дамысын, алға бассын деді. Ұлтына жаны ашып, өнер, білімге шақырды. Абай жырлаған «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қасиеттеріне ие толық адамның тұлғалық болмысын, адамгершілігін, мінез-құлқын, ой-санасын өзгелерге танытатын басты құрал – тіл. Адамның бір ауыз сөзі оның қандай адам екенін танытады. Қазақ халқы – «сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деген ұстаныммен өмір сүріп келе жатқан халық. Сондықтан дана халқымыз адамның адамдығының өлшемі – тілдік қабілеті, сөйлеу мәдениетінің деңгейі деп есептейді.

Абай өнер атаулының алды, шырқау биік шыңы – қызыл тілмен өрнек салды. Қазақтың әр баласы «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» таңдап, талғап сөйлеуді үйренсе, сөз өнерін меңгерсе деген ұлы арманы болды. Өз заманында білімдіден шыққан терең мағыналы сөздерін қайран елі – қазағының санасына жеткізе алмай қиналды. Сөз өнерінің тың үлгілерін ұсынып, тыңдаушысын сөз қадірін түсінуге шақырды. Әдепті, нұрлы, көркем сөйлеудің үлгісін көрсетті. Сыбыр, күбір, бос, дарақы сөзден басқаны білмейтін ойсыз еліне

карап, жүрегі сыздады. Өтірік сөз, өсек сөзден, қулық-сұмдықтан бойды аулақ ұстап, мақтаншақ болмауға, бас пайданы ғана ойламай, бір уақ арды да ойлауға шақырды. Абай өлеңдерінен сөз өнерін бағалаудың ерекше үлгісін көреміз. Зерттеу жұмысымыздың алдына Абай өлеңдеріне талдау жасау арқылы «Ақын заманында адамдардың сөз өнеріне деген көзқарасы қандай болды? Сөйлеушісі қандай болды? Тыңдаушысы оған сай бола алды ма? Қазақ халқының түсінігінде «тіл» мен «сөз» ұғымдарына қандай баға берілді?» деген сұрақтардың жауабын іздеуді көздедік. Сол себепті зерттеу жұмысымызда Абай шығармаларындағы сөз өнеріне берілген бағаларға талдау жасай келе, сөйлеуші тұлғаның ұлттық бейнесінің сипатын айқындау мақсатын белгіледік. Осы мақсатқа жету үшін Абайдың даналық сөздері мен өміршең ойларын саралай келе, сөз өнері жайлы пікірлеріне талдау жасау және Абай шығармаларындағы сөйлеуші және тыңдаушы тұлғаның сипатына талдау жасау арқылы ұлттық ерекшеліктерді айқындау міндеттері белгіленді.

Абай өз шығармаларында адам өміріндегі тілдің атқаратын қызметін, қазақ қоғамындағы сөз өнерінің орнын, асыл сөзді дұрыс қолдану мен ақыл сөзді ынтамен қабылдаудың жолдарын саралап көрсетті. Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «қазағының көгіне өрмелеп шығып, күн болуға» ұмтылатын әрбір қазақ баласы сөз өнерін меңгерген кемел адам болғысы келсе, Абай өлеңдерін оқуы керектігін:

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жаттап, тоқы көңілге», - деп жеткізді [86].

Абай өз шығармаларында қоғамдық өмір құбылыстарының мәнін ашу үшін лирикалық кейіпкерінің мінез-құлығын, іс-әрекетін сынға алды. Сынай отырып:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтіп қайуан болайын?
Халқым надан болған соң

Қайда барып оңайын?!» («Жүректе қайрат болмаса») - деп, бүкіл ұлт тағдырын ойлап, толғанды. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Атақты «Өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ», - деп келетін өлеңінде ақын адамзаттың бес дұшпанын санамалап көрсетеді. Онда ақын «бес дұшпанның» үшеуі адамның өзінің тілінен келетінін ескертеді. Өтірік айту, өсек айту, мақтанып сөйлеуді осы қатардың басына қоюының өзі адам өміріндегі тілдің маңызын көрсетеді. Абай ұлт бойындағы осы кеселді көп сынады, қоғамдық індетке айналып кетуден қауіптенді.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»), - деп, ақын көкірек көзі ояу, тілге шебер жастарға үлгі көрсетіп, жөн сілтеуді өз мақсаты етіп алды.

«Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын. ...
...Қабыл көрсе сөзімді,

Кім таныса, сол алсын» («Өзгеге, көңілім, тоярсың») деген өлең жолдары да осы мақсатын айқандай түсті.

«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?» («Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы») деп, қазақ баласының сөз өнерін меңгеруі қажет екенін ескертті. Абайдың даналық сөздері мен өміршең ойларын саралап, сөз өнері жайлы пікірлерін жинақтап, байыбына үңілу мақсатында «Адамның кейбір кездері», «Буынсыз тілің», «Білімдіден шыққан сөз», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Ғылым таппай мақтанба», «Домбыраға қол соқпа», «Ерекше естен кетпес қызық қайда?», «Жалын мен оттан жаралып», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қуанбаңдар жастыққа», «Қуаты оттай бұрқырап», «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Сегіз аяқ», «Тоты құс түсті көбелек» т.б. өлеңдерінің тіліне талдау жүргіздік.

Аталған өлеңге талдау жасау барысында ақынның өз дискурсында сөзге және сөйлеушіге, сөздің түрлері мен тыңдаушыға қойылатын талаптарды айқын көрсетіп, жүйелеп, жіктеп бергенін көреміз. Қазақ сөзінің және сөйлеушінің тілдік тұлғасының әлеуметтік бейнесін беру үшін ұлттық тілдің мол байлығын таңдай, толғай пайдаланады.

«Сыбыр боп сөзі,
Мәз болып өзі,

Ойланар елдің сыйқы жоқ» («Сегіз аяқ»), - деп, қулық-сұмдық толы әлеуметтік ортасына қарсылық білдіреді. Өзі өмір сүрген кезеңдегі адам рухын, ар-ожданын бойкүйездіктен арылту міндетін арқалайды.

Абай ақын өз шығармашылық дискурсында адамның сөзді бағалауы, түсінуі, сезінуі, қабылдауы, қолдануындағы ала-құлалықтарды айта келіп, оған қойылатын талаптарды саралайды. Сол арқылы қоғамдық деңгейдегі мәселелерді қозғайды.

«Түгел сөзді тыңдауға жоқ қазақты» «ақылмен ойлап сөйлеуге», «пайда ойламай, ар ойлауға» шақырады.

Абай шығармаларында тілдің «қызыл тіл», «ащы тіл», «өткір тіл», «қайран тіл» және «буынсыз тіл» деген сипаттарын кездестіреміз (3-кесте).

Кесте 3- Автордың құрастыруымен Абай шығармаларындағы тілдің сипаты

Шығармадан үзінді	Шығарманың атауы
1	2
Толғау тоқсан қызыл тіл	«Сегіз аяқ»
Сайра да зарла, қызыл тіл, Қара көңілім оясын.	«Өзгеге, көңілім, тоярсың»

3-кестенің жалғасы

1	2
Улы сия, ащы тіл	«Адамның кейбір кездері»
Буынсыз тіл	«Буынсыз тілің»
Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді найза етіп Сайысып ақ бақты ғой	«Қуаты оттай бұрқырап»
Қайран тіл, қайран сөз Наданға қадірсіз	

Сөздің сипаты Абай шығармаларында грамматикалық тұрғыдан үш түрлі жолмен беріледі:

1. Сын есімдерден жасалған: «рас», «майда», «тәтті», «әдепті», «мағыналы», «қайран»;

2. Сын есімді тіркестерден жасалған: «Қисынымен қызықты», «Іші алтын, сырты күміс», «Түбі терең», «наданға қадірсіз», «Қуаты күшті нұрлы»;

3. Есімшелі тіркестерден жасалған: «Білімдіден шыққан», «Ақылмен ойлап білген», «Жалын мен оттан жаралған», «Ынталы жүрек сезген», «Бар тамырды қуалар», Еркеленіп шығар сөз.

«Сөздер жиыны, тіл дегеніміз – сыртқы құбылыстар мен ішкі әлемнің арасындағы тұтас бір әлем», - екенін ескерсек [87], ақын әр өлеңінде нағыз «білімдіден шыққан сөздің» қандай болуы керек екенін айқын көрсетіп отырады. «Білім», «ақыл» деген тұлғалық қасиеттер мен «қуат», «ынта» деген психикалық әрекеттердің бірігуінен туындаған кезде, сөз қисынды, мағыналы, нұрлы, әдепті, қадірлі болатынын айтады (4-кесте).

Кесте 4 - Автордың құрастыруымен. Абай шығармаларындағы сөздің сипаты

Шығармадан үзінді	Шығарманың атауы
1	2
Қисынымен қызықты болмаса сөз	«Өлең – сөздік патшасы, сөз сарасы»
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы	
Түбі терең сөз артық	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
Білімдіден шыққан сөз	«Білімдіден шыққан сөз»
Рас сөздің кім білер қасиетін	«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда	«Ерекше естен кетпес қызық қайда?»
Қайран тіл, қайран сөз Наданға қадірсіз Ақылмен ойлап білген сөз Бойыңа жұқпас, сырғанар Ынталы жүрек, сезген сөз Бар тамырды қуалар	«Қуаты оттай бұрқырап»

4-кестенің жалғасы

1	2
Қуатты ойдан бас құрап, Еркеленіп шығар сөз	«Адамның кейбір кездері»
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе	«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»
Қуаты күшті нұрлы сөз Қуатын білген абайлар	«Жалын мен оттан жаралып»
Жалын мен оттан жаралған Сөзді ұғатын қайсың бар?	
Сөйлесе, сөзі әдепті, әм мағыналы	«Қақтаған ақ күмістей, кең маңдайлы»

Жоғарыда берілген мысалдардан Абайдың сөзге қоятын талаптарын айқын аңғаруға болады. Бұл тұста белгілі абайтанушы академик Р.Сыздықованың: «Абайдың әрбір қолданысын, сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке-жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар теориялық мәселелерге барар едік. Әрине, бұл бірер зерттеудің, бірер зерттеушінің жүгі емес. Және мұндай талдаулардың қыры да (ғылыми аспектісі) әр алуан болмаққа керек. Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін (тәжірибесін) талдап-тану – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз», – деген пікіріне қосыламыз [88]. Ақынның тіл жұмсау үлгісі ұлттық әдеби тілдің биік өлшемі ретінде оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда маңызды ресурс. Сондықтан Абай сөз өрнегін оқу үдерісіне жүйелі кіріктіру тіл байлығын арттырып, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді. Абай поэзиясындағы сөз таңдау ерекшелігі оқушыға прагматикалық деңгейде сөйлеу мәдениетін меңгерудің тиімді үлгісі деп білеміз.

Абай өз шығармаларында мағыналы, маңызды, терең сөздің талаптарын анықтап, критерийлерін ұсынады. Осылайша, тілді қолданушылар үшін ақылмен, көркем сөйлеудің шынайы өлшем бірлігін береді, жол көрсетеді.

Ақын шығармаларынан қазақ халқының өзіндік ішкі құрылымын және өзіндік болмыс-бітімін көреміз. Сипаттаған сөйлеуші, яғни тілді қолданушы адамның мінезінің жағымды, жағымсыз жақтары жан-жақты ашылады. Абай шығармаларындағы сөйлеушінің жағымды қасиеттерін ақылды және көркем мінезді деп екіге бөлуге болады.

Ақылды сөйлеушіге Абай «ойы мен тілі бөлінбей», «ойланып», «әр сөзін салмақтап» сөйлеу керек деген талап қояды. «Ел қызық деген сөздің барлығын сен де ойсыз қайталай берме» деп ескертеді. (5-кесте).

Кесте 5- Автордың құрастыруымен. Ақылды сөйлеушінің сипаты

Шығармадан үзінді	Шығарманың атауы
Құрбыңның қызық дегенін Сөз екен деп ап шықпа	«Қуанбандар жастыққа»
Ойы мен тілі бөлінбес	«Буынсыз тілің»
Ақылмен ойлап сөйлемек	«Тоты құс түсті көбелек»
Орамды тілді ауыздым Ақылға жүйрік маңыздым	«Абайдың баласы Әкімбайды жоқтауы»
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң	«Қансонарда бүркішті шығады аңға»

Сонымен қатар, Абай өлеңдерінен көркем мінезді сөз иесінің бейнесін де көреміз. «Жылы», «тәтті», «жағымды», «абыройлы», «шын» сөздерді нағыз көркем мінездің иесі ғана айта алса керек. Ондай адам көпшілік ортада «артық» сөйлемейді. Топ ішінде «бірінің сөзін бірі тосып» сөйлейді. «Біреудің артынан бір ауыз сөз айтып күлмеу» де көркем мінез иесінің қасиеті екені белгілі (6-кесте).

Кесте 6- Автордың құрастыруымен. Көркем мінезді сөйлеушінің сипаты

Шығармадан үзінді	Шығарманың атауы
Шын сөзбенен өлсеңіз	«Ғылым таппай мақтанба»
Көп орында көріне айтпа, Біздің сөзге ерсеңіз	
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып Бірінің бірін сөйле сөзің тосып	«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес	
Абыройлы қалжынмен келсін сөзі	
Жылы, тәтті жауап айт	«Домбыраға қол соқпа»

Өзбек ақыны Рауф Парфи шығармашылығын зерттеген У.Журакулова мен М. Оразбек иманды өнер адамы, адал және жалған ақын сипатын ашу мақсатында Құран Кәрім аяттарына жүгінеді [89]. Біз де Абай өлеңдерінде берілген сөйлеушінің сипаттарын Құран Кәрім тілінен іздеп көрдік. Алладан түскен кітаптың Лұқман, әл-Исра, әл-Фурқан, сүрелерінен ақылды және көркем мінезді сөйлеушінің сипаттарын көреміз.

لَا تُصَعِّرْ خَدَّكَ لِلنَّاسِ وَلَا تَمْشِ فِي الْأَرْضِ مَرَحًا إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ كُلَّ
مُخْتَالٍ فَخُورٍ

Адамдарға паңсып, қырындама да, жерде кердендеп жүрме. Расында, Алла бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді («Лұқман» сүресі, 18-аят);

وَاقْصِدْ فِي مَشْيِكَ وَاعْضُضْ مِنْ صَوْتِكَ إِنَّ أَنْكَرَ الْأَصْوَاتِ لَصَوْتُ وَ
الْحَمِيرِ

Жүрісінде орташа бол да даусыңды бәсеңдет («Лұқман» сүресі, 19-аят);

قُلْ لِعِبَادِي يَقُولُوا الَّتِي هِيَ أَحْسَنُ إِنَّ الشَّيْطَانَ يَنْزِعُ بَيْنَهُمْ إِنَّ الشَّيْطَانَ
كَانَ لِلْإِنْسَانِ عَدُوًّا مُبِينًا

Құлдарым ең сыпайы түрде сөйлесін («әл-Исра» сүресі, 53-аят);

عِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ
قَالُوا سَلَامًا

Білместер тіл тигізсе, дұрыс жауап береді («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят);

الَّذِينَ لَا يَشْهَدُونَ الزُّورَ وَإِذَا مَرُّوا بِاللَّغْوِ مَرُّوا كِرَامًا -

Олар өтірікке айғақ болмайды, бос, пайдасыз сөздерге кездесе, маңғазданып өтеді («әл-Фурқан» сүресі, 72-аят) [90].

Берілген мысалдардан жоғарыда біз Абай өлеңдерінен жинақтап, талдаған сөйлеуші тұлға сипатының қасиетті дініміздің киелі кітабы Құран Кәрімде көрсетілген шынайы мұсылманның адами қасиеттерімен ғажап үндесімде келгенін көреміз. Бұл «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», - деп, халқын имандылыққа шақырған ақын жырларындағы идеяларының түпнегізі қасиетті кітаптан басталғанының айғағы болады.

Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен дана. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеген ғалым Г. Мұратова: «Абай тіл өнерінде сөз кестесі арқылы ой өрнегін салды. Өзінің тілдік тұлғасы арқылы объектілендірді», - деп атап көрсетеді [91,92]. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарындағы ғажайып тұлға. Дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Сондықтан Абай шығармаларын оқыту – оқушының тек тілдік білімін жетілдірумен шектелмей, оның рухани-адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруға да ықпал ететін маңызды үдеріс. Ақынның сөз саптау мәдениеті, ой тереңдігі мен көркем тіл өрнегі білім алушының тілдік тұлғасын дамытудың үздік үлгісі ретінде қарастырылады. Абайдың әрбір шығармасы ұлттық тілдің бай мүмкіндігін танытып қана қоймай, оқушыны ізгілікке, парасаттылыққа, терең ойға тәрбиелейді. Демек, Абай мұрасы – көптілді білім беру жағдайында оқушының ұлттық тілдік санасын қалыптастырып, сөйлеу мәдениетін жаңа сапаға көтеретін бірегей рухани әрі лингводидактикалық ресурс.

«Тілдік тұлға ұлттық тілдің ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленіп, ұлттық рух пен ұлттық тілге толық иелік етіп, бүкіл ұлттық бірегейлікті дараландырады», - деген тұжырым тұрғысынан келер болсақ, [84] біз сөз етіп отырған сөйлеуші тұлға, яғни, тілді қолданушы адам Абай шығармалары арқылы тәрбиеленеді. Демек, Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Біз талдау жасаған ақын шығармаларындағы сөйлеуші тұлға сипатының адамзат баласына игі жол нұсқаушы Қасиетті Құран аяттарында айтылған ойлармен үндес болып келуі де осының дәлелі.

Жалпы, қазақ халқы қашанда сөз өнерін басты ұлттық құндылық деп санаған. Оған тіліміздегі «Сөз қадірі – өз қадірің», «Артық сөйле, кем сөйле, таразылап тең сөйле», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді» деген мақал-мәтелдер куә. Олай болса, әрбір қазақ Абай жырларын қанып оқып, санасына сіңіргенде, «жақсы менен жаманды айыру» мүмкіндігі артады. Сөз өнерінің игілік таратушылық құдіреті де осында.

Ұлы ақын Абайдың сөзге қоятын талаптарын талдап, түсініп, санасына құю арқылы оқушы көркем сөздің мәнін түсінетін, лайықты дәрежеде бағалап, қадірлейтін, орнымен қолданып, ақылмен, ойлап сөйлейтін тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан да ұлы Абай қалдырған тілдік қолданыс үлгілерін талдап, таныту арқылы оқушылардың тілдік санасына әсер етіп, сөз сарасын ажыратып, әдемі сөйлеуге, көркем әдебиетті оқу арқылы сөздік қорын үздіксіз толықтырып отыруға ұмтылуына мүмкіндік бере аламыз.

2.2 Абайдың дидактикалық ой-пікірлерінің тілдік тұлға қалыптастырудағы маңызы

Абай – адамзат баласының ақыл-ойының, поэзиясының ұлы тұлғасы. Ақын шығармалары арқылы бізге жеткен тағылымы – ұлттық білім мен тәрбиенің негізі, қайнар бастауы. Ұлы Абай шығармашылығының негізгі өзегі – адамның адамгершілігі, ар-намысы, ақыл-парасаты, мысалы, «Адам бол», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Өзіңдегі адамгершілікті сақта» деген өсиеттері осыны айғақтайды. Адамгершілік адамның жеке тұлғалық қасиеті ретінде мейірімділік, парасаттылық, адалдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұжымшылдық қасиеттерін біріктіреді десек, Абай шығармашылығында осы мәселелердің барлығы сыни тұрғыдан сөз болады. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – қазақ ұлттық педагогикасына әдістемелік нұсқау ретінде енгізіліп келе жатқан дидактикалық, тәрбиелік, ағартушылық тұжырымдар. Абай шығармалары адамды еңбекке, ғылымды, өнерді сүйуге, адамгершілікке баулиды. Абай тұлғасы әлемдік мәдениет пен өркениетте елеулі орын алады.

Абайды үгіт-насихат, тәлім-тәрбие, өсиет сипатында жазылған шығармалары арқылы дидактикалық поэзия өкілі ретінде танимыз. Дидактикалық (*didaktikos* – үлгілі, өнегелі, тағылымды) поэзия терминіне С. Негимов үгіт-насихаттың, өсиет, сарын-сипатында түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығармаларды жатқызады. Олардың дидактикалық-философиялық

толғаулар, мысалдар, термелер, баталар, қанатты, нақыл сөздер, ғылыми-элеметтік тақырыпта жазылған поэзиялық трактаттар деген түрлерін айқындап, дидактикалық мазмұндағы туындыларда халықтың философия, педагогика, мораль, этика мәселелері, гуманистік сарындар баяндалатынын, халықтың көркемдік-эстетикалық түсініктері, сан замандар мен ғасырлар бойы жинақталған білік, ақыл, тәжірибе, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттағы жарқын дәстүрлер әңгімеленетінін айтады [93].

Жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуында ұлт ұлыларының өмірі мен шығармашылығы туралы білім қорының алатын орны зор. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы мектеп оқушыларының тілдік тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал етеді. Абай қалдырған мол мұраны түсініп оқып, талдау арқылы тілдік тұлға қалыптастыруда тірек идея етіп алуға болатын көптеген дидактикалық тұжырымдарды таба аламыз. Өйткені «Абай – XIX ғасырдағы әлемдік өркениет пен мәдениеттің, гуманизмнің ірі құбылысы, туған халқының рухани дүниесін көркем сипатта жеткізуші, қазақ сөз өнеріне ренессанстық дәуір сыйлаушы. Қазақ даласындағы бостандық, демократия, ағартушылық, өркениет, барша адамзатты толық адам болуға шақырған моралист, эстет. Бүкіл адамзат баласын «бауырым» деп сүюдің, толық адам болудың жолын ұсынатын, адам баласын тәрбиелеу, оқыту, өнерге, білімге жетелеудің жаңа үлгісін, сара жолын сызып көрсеткен Адамзаттың ұстазы» [94].

Ұлттық тәрбие негіздерін жүйелеген, ұлттық психология ілімінің негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытұлы өз еңбектерінде ең әуелі хакім Абайға жүгінеді. 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған «Білім» атты мақаласында Ж. Аймауытұлы хакім Абайдың қарасөздерінде айтылған бала тәрбиесі туралы, адамның алдымен өзін тәрбиелеуі керегіне қатысты ойларын тірек етіп алады. Мақалада Ж. Аймауытұлы адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан екенін ескерте келіп, ұстаздарға жоғары талап қойды, білім мен тәрбие беруде ұстаздар өз білімін жетілдіріп, әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы керектігін айтты. Мұғалім қызметінің артықшылығын көрсету мақсатында тіпті оны дәрігермен салыстырды. Дәрігердің жұмысынан гөрі адамның санасын, рухын, мінезін, қабілетін дамытатын мұғалімнің еңбегі маңыздырақ деп бағалады. Балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп санады [95]. Сондықтан мектеп бағдарламасына сәйкес тіл үйрету ісінде де балаға біліммен қатар, ең алдымен, тәрбие беріледі. Ол істе тіл үйретуші мұғалімнің әрбір ісі, сөзі балаға үлгі-өнеге болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының көп жылғы зерттеулері негізінде құрастырылған Абайдың кісілік кодексі «Құдайдан қорық, пендеден ұял; Адал жүріп, адал тұр; Досыңа достық – қарыз іс; Дұшпаныңа әділ бол; Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең; Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста; Ақырын жүріп, анық бас; Пайда ойлама, ар ойла; Әсемпаз болма әрнеге; Ғылым таппай мақтанба; Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; Жан аямай кәсіп қыл; Ісім өнсін десең, ретін тап; Бес нәрсеге асық бол: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым; Бес нәрседен қашық бол: өтірік, өсек, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ;

Жүрегінің түбіне терең бойла; Өзіңді өзің күзет; Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау» деген қағидаларды қамтиды [96]. Осы аталған қағидалар әрбір адамның және тілдік тұлғасын дамытуға талаптанған әрбір жастың да өмірлік кодексі, ой түзер, бой түзер, бағыт түзер ұстанымдарына айналуы тиіс деп есептейміз.

Абайдың қай шығармасы болсын, оларда көтерілетін ойдың алтын өзегі – Адам және оның саналы, сапалы өмірі. Данышпан ақын «Атымды Адам қойған соң, қайтіп надан болайын», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде одан басқа» деп, «толық адам» тұлғасы жайлы сауал көтеріп, «Әуелі бір суық мұз – ақыл зерек» деген өлеңінде:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек», -деп өзі жауабын береді.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп, толық адамның басты үш қасиетін атап көрсетеді. «Толық адам» ұғымының мәні оның үш түрлі сипатынан (ғылым, рақым, әділет) танылатынын, толық адам болуға ұмтылу ғылым-білімді игеріп, рақымды, әділетті болумен сипатталатынын атап көрсетті. Абай көтерген «Толық адам» қағидасы ұлттық педагогикадағы «сегіз қырлы, бір сырлы оқушы тұлғасын», тіл үйретудегі тілдік тұлғаны дамыту идеясымен тікелей байланысты. Ақынның осы өлеңінде толық адамның басты қасиеттері ретінде айшықтап отырған «АҚЫЛ», «ҚАЙРАТ», «ЖҮРЕК» ұғымдары тілді өнер ретінде бағалап, жоғары деңгейде меңгеруге ұмтылған әрбір оқушының басты қасиетіне айналған кезде, ол тілдік тұлға деңгейіне көтеріледі. Осы аталған үш қасиетті тереңдетіп көрсететін сапалар мен ерекшеліктер, бұл қасиеттерді адам бойында қалыптастыру үшін қажетті дидактикалық талаптар Абай шығармаларының өзегін құрайды.

Абай мұрасының өзекті мәселелерін зерттеген ғалымдар Абайдың толық адам туралы ілімінің өзегі – ақыл, әділет, рақым деген терең ғылыми мағына беретін, тереңіне құрық бойлай бермейтін ой-пікірлерінің мән-мағынасы аса зор, күрделі мәселелер екендігін айта келіп, бұлардың түп-төркіні – Абайдың қара сөздері мен философиялық лирикасындағы Алланы тану мен жантану жолындағы ой ағысының тарту күші зор ой иірімдерінде жатқанын ескертеді. «Абай өзі негізін салып құрастырған толық адам туралы ілімді осы мақсат тұрғысынан өзінің идеялық күресінің құралына айналдырғаны оның шығармалары желісінде осы гуманистік молынан насихаттап, жүйелі түрде қызу таратып жатуында көп мәселенің астарлы сыры жатыр. Өйткені Абай туындыларында жиі ұшырасатын «пенде, адам, жарым адам, толық адам, суық ақыл, нұрлы ақыл, хауас, үш сүю, пенделіктің кәмалаттығы, кәмалат ғазамат» деп аталатын терең мағынадағы терминдік ұғымдардың барлығы да тікелей, кейде жанама түрде толық адам ілімімен сабақтасып, ұштасып жатуы жай нәрсе емес», деп, Абайдағы толық адам ілімінің өзегіне (ядросына) айналған мәні мен мағынасы аса зор этикалық танымдағы ақыл, әділет, рақым, қайрат деп аталатын мағынасын ізденіп барып, жүйеге түсіріп алу керек екенін, өйткені ұстатпайтын терминдік мағынасы көп қатпарлы аталымдардан құралып, толық адам ілімінің қаңқасын құрайтын киелі ұғымдардан құралатынын атап өтеді [97].

Ұлы гуманист адамды сүю туралы айта отырып, оны «барлық адамзатты сүюге» шақырып, «адамзатты сүю – хақтың жолы, ғаділеттің жолы» екендігін айтады. Ақын адамды атаның емес, адамның баласы болуға шақырады. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» дейді. Абай адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік деп атап көрсетеді. Адамшылықтың бастауы «махаббат, ғаділет, сезім» екенін айтады. Адамшылық тәрбие негізінде қалыптасатынына көз жеткізеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен адамды сүюге баулудан басталғаны сияқты, тіл үйреніп, сөз өнерін меңгеруге, тіл құдіретін сезінуге баулу сол тілдің иесі – халыққа, оның салт-дәстүрі мен құндылықтарына құрмет көрсетуден, адамдармен қарым-қатынастың теңдессіз құралын игеруге мүмкіндік беретін ұстазына, бір тілдік ортада ауыр тапсырмаларды қуана қабылдап, жеңіл шешуге бірге ұмтылатын сыныптастарына алғыс сезімінен басталуы керек. Сол кезде Абай айтқан «махаббат, ғаділет, сезім» үшеуі тіл үйрену әрекетінің қозғаушы күшіне айналып, сапалы нәтижеге жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Абай мұрасы мен тағылымының өміршеңдігін бүгінгі жалпы білім беру, оқу-тәрбие үдерісін жүргізу және оның ішінде тіл үйренудің алдында тұрған мақсат-міндеттер дәлелдей алады. Ғалым Б. Шалабай көркем мәтінді оқытуда: «...оқушылардың назарын сөз зергерлерінің жалпыхалықтық тілді творчестволықпен пайдаланатынына, туған тілге ерекше нәзік бір қамқорлықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтынына аудару олардың ана тілімізге деген сүйіспеншілігін арттырады, ана тілге қамқорлық сезімін тәрбиелейді», - деп жазады [98, б.24]. Сондықтан жеке тұлғаға бағытталған білім беру арқылы оқушының тілдік тұлғасын дамыту мәселесін жүзеге асыруда Абай шығармалары маңызды орын алады. Абай адамның адамдық қасиеті еңбекте, ғылым-білім үйренуде, адамгершілік мінез-құлықта деп түсіндірді. Елін еңбекке шақырды, өнерге баулыды, қазақы ортаның жағдайынан туындаған көне көзқараспен, жағымсыз мінез-құлық көріністерімен күреске шақырды.

Абай шығармашылығы дегенде оның түрлі тақырыптарға жазылған өлеңдері, ғақлия немесе қара сөздері және өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен аударған шығармалары жайлы сөз етеміз. Абайтанушы-ғалым Ғ. Есім Абай шығармаларын бір рет оқып, жаттап алу аздық ететінін, мәселе түсінуде екенін, әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табатынын, адамның ой-санасы кемелденіп, толысқан сайын Абай өлеңдері оған түсінікті бола түсетінін айтады [99].

Абай ақынның он тоғызыншы қарасөзіндегі: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - деген сөзі оқушының тілдік тұлғасының оқу-тәрбие негізінде қалыптасатынын көрсетеді. Осы жерде ақын адамның сезім мүшелері қызметінің (есту, көру, ұстау, тату) маңызын атап өтеді. Сонымен қатар, білім арқылы дүниедегі шендес құбылыс, заттарды бағалау (дүниедегі жақсы, жаманды тану) мүмкіндігінің артатынын да орынды ескертеді. Жиырма бесінші қарасөзінде онан соң, білім түгіл өнер керек екендігін айтады. «Әрбіреудің тілін, өнерін

білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді», - дей келіп, сол кезде ешкімге «аса арсыздана жалынбайтынын» айтып, өмірдің ащы шындығын ашады [100].

Отыз екінші қарасөзінде білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек бірнеше шарттарды атап көрсетеді. Абай осы қарасөзінде білім-ғылымды үйрену үшін қажетті амалдар мен талаптарды бір-бірден талдап отырып ұсынған. 7-кестеде осы қарасөзінде Абай ескерткен алты түрлі шартты кесте түрінде екі бағанға орналастырып ұсындық. Сол жақ бағанда әр шарттың мазмұны берілсе, оның түсіндірмесі (себебі, нәтижесі) түрінде сол шарттардың мәнін тарқатып тұрған ойдың жалғасын оң жақ бағанда бердік. Тәжірибемізде осылай көрнекі кесте түрінде рәсімдеп ұсынған кезде, оқушылардың қабылдауы, түсінуі жеңілірек болды. Оқушылар әрбір шартқа жеке-жеке тоқталып, «Мен осылай жасап жүрмін бе?», «Мен қай шарттарды дұрыс орындап немесе орындамай жүрмін?» деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасты, өз әрекеттерінің Абай талаптарымен сәйкестігіне баға берді [101].

Кесте 7- Автордың құрастыруымен. Білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға білмек керек шарттар (Абай. Отыз екінші қарасөз бойынша).

Білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға білмек керек шарттар (Отыз екінші қарасөз)	
Білмек керек шарттар	Түсіндірмесі (себебі, нәтижесі)
Білім-ғылым табылса, ондай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.	➡ Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі
Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек	➡ Бахасқа (бақталастыққа) бола үйренбе... Бахас өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану (күндеу) жарамайды
Әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!	➡ Өзің құрметтеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?
Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу (ойлау, пікірлесу), екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау)	➡ Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу (тырысу) керек
Ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек	➡ Уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, соған бек сақ бол.
Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!	➡ Мінездің беріктігі бұзылса, онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ

Абайдың «білім-ғылымды үйренбекке талап қылу» деген сөзіне назар аударар болсақ, ақынның осы жолда талап ұғымының маңызына аса жоғары мән бергенін байқаймыз. Адамзат үшін игілікті бес асыл істің қатарында да осы талап ұғымын ең басты орынға қойғаны белгілі. Себебі талап болмайынша, ешқандай істің басталмайтыны, ол болмайынша, ешбір істің өз дәрежесінде атқарылмайтыны анық. Ақын ол туралы:

«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас», - деп жазады.

Талап адамға ой салады, өзінің надан күйіне көңілі толмай, өмірін жақсартқысы келетін дәрежеге жеткізеді, адамды білмекке, үйренбекке, еңбекке жетелейді, ауыр да қызықты білім-ғылым жолында алға сүйрейді. Жастарға *«үлгі бермек үшін»* жазған сөздерін *«тасыр ұқпас, талапты ұғар»* деп есептейді. «Сегіз аяқ» өлеңінде:

«Білгенге жол бос,

Болсайшы қол бос,

Талаптың дәмін татуға», - деп, талап қылудың адам баласы үшін ең бір қасиетті, ләззатты пайдалы әрекет екенін көрсетеді.

«Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз», - деп, «білім» нұрын көре алу үшін де талаптың болуы керектігін айтады. «Өртүрлі өнер, мінез, жақсы қылықтың» қатарында «бозбала» үшін «талаптылық керек іс» екенін ескертеді. *«Талапты ерге нұр жауар»* деген ақын өлең жолдары бүгінгі күнде ел аузында мәтелге айналып кеткендігі де бұл ұғымның шәксіз ақиқат екендігін көрсетеді.

Абайдың ақындық әлемімен танысып, сөз өрнектерінен ғибрат алып, тұшына оқып, өлеңдерін жаттау арқылы сөз байлығын дамытуға ұмтылған әрбір оқушыға осы аталған шарттарды түсіндіріп, үнемі естеріне салып отыру қажет. Шын мейірленіп, талап қылған адам кез келген істі орындаудың жолдарын іздейді, амалын табуға тырысады. Қазақ тілін білу деңгейінді көтеріп, тіл байлығын дамытқысы келген бала адамзаттың ұстазы дана Абай айтқандай, бар ынтасымен, шын мейірімен кіріседі, басқаларға дәлелдеймін деп емес, өзіме керек деп үйренеді, сабақтағы ойталас, пікірталастарға белсене қатысады, өз пікірін дәлелдеп, қорғап, ақыл кеселдері – күнделікті үйреніп жатқан жаңа сөздерін, жаңа тілдік құрылымдарын ұмытпас үшін көкірегіне сақтап, бар ниет, ынтасымен ұғынып, бірнеше рет қайталап, ойланып, көңілге мықтап бекітуге тырысады. Ақынның:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге», - деген жолдары ғылымды ақиқат мақсат үшін үйрену, бахасқа (бақталастыққа) бола үйренбеу талабын аша түседі. Жеке басының қамын күйттеген адамның ниеті жаман, пиғылы теріс болатынын, арын таза сақтаудың маңызын айтады. Ақын ең бастысы, Абай айтқан ой кеселдері – уайым, салғырттық, ойын-күлкішілдік, не басқа бір нәрсеге құмарлыққа (интернет, әлеуметтік желілер, уақытсыз ұйқы) салынбау керектігін ескертеді. Абай осылардың ішінде *уайымсыз салғырттықты* ерекше бөліп атап, ескерту жасайды. Себебі ол ертеңгі күніне жоспар құрмау, болашағын болжамау дегенді білдіреді. Ақынның түсіндіруінше, *«уайым – ер қорғаны, есі барлық»* болады. *«Күлкіні онша күйлеп, шуламалық»* деген өлең жолдары осы уайымсыз, салғырттық ұғымдарын аша түседі.

Алайда бұл аталған шарттар ойын-күлкі баласын былай қойғанда, өмірлік тәжірибесі көп, үлкен адамның өзіне түсінуге күрделі, қабылдауға ауыр болып келетінін де естен шығармауымыз керек. Себебі қазіргі ақпараттық қоғамда бала ғана емес, ата-аналар да, тіпті кез келген мамандық иелері, оның ішінде сол балаға сабақ беретін мұғалімдердің өзі де әлеуметтік желілерде көп уақытын сарп етеді, интернеттегі артық ақпараттарды мойнына жүк қылып тасып жүреді, басқалардың өміріне қызығып, көңілі алаңдайды, жұмыстарын шын ынтасымен, бар мейірімен атқара алмай жатады, артық сөзден, кедергілерден айналып өтіп, өз ойларын дәлелдеуден, талқылап, ортаға салудан қашып жатады. Яғни, Абай айтқан ақыл кеселдері көп жағдайда үлкендердің өзінде де кездеседі. Оның ішінде көбінесе Абай ескерткен уайым басым болып келеді. Құр, бос уайым ғана, тырысу, амалын іздеу деген әрекет жетіспей жатады. Ал балада негізінен керісінше, уайым жоқ. Алайда отыз екінші қарасөзде ескертілген ақыл кеселдерінің ішіндегі ең қауіптісі – уайымсыз салғырттық әбден бойларын билеп алған.

Осы жердегі баланың өз болашағына деген уайымсыздығы мен салғырттығы мәселесі жайлы пікірді психолог ғалым К. Дукетің еңбегінен кездестіреміз. Ғалым баланың табыс пен жетістікке жетуі оның мақсатқа бағдарлануына және миына бекіткен ойқондырғысына (установка) тікелей байланысты деп есептейді. Ол баланың өмірлік ойқондырғысы осы шақпен шектелген және болашаққа бағытталған болып екіге бөлінетінін айтады. Осы шақпен шектелген ойқондырғының иесі өзінің жеке басының сол болып жатқан сәттегі күйін ғана біліп, көріп, одан артықты болжай алмайтын, шектеулі ойларға, өтпелі кезеңге байланған қате пікірін санасына қондырып, соған сеніп, адасып жүреді. Ал болашаққа бағытталған ойқондырғы иесі тұлғалық өсуді мақсат етіп алады, ондай адамның санасы өзін-өзі дамытуға, табысты мансап құруға және кез келген жаста басқалармен бақытты қарым-қатынас орнатуға дайын болады. К. Дукет, сонымен бірге, баланың тұлғалық дамуына кедергі келтіретін екі факторды атап көрсетеді. Олар: 1. Өзін төмен санауы; 2. Табанды әрекет жасауға бейім болмауы. Ғалым осы кедергілерді жоюдың бір жолы ретінде баланың жетістіктері мен кемшіліктерін бағалап отыру керектігін атап көрсетеді. Алайда осы тұста ата-аналар мен мұғалімдер көп жіберетін кемшілік бар. Ол – баланың өзінің жеке басын, талантын, өнерін т.б. асыра бағалау немесе «қолыңнан түк келмейді», «ақымақсың», т.б. деп асыра кемсіту. Бұлай бағалау баланың санасында өзі туралы қате ой қалыптастырады, әке-шешесі асыра мақтап келген бала үлкен өмірге келген кезде қиындықтарға шыдамай, сынып кетуі мүмкін, ал кемшілігін орынсыз бетіне баса беру баланың өзін төмен бағалауына алып келеді. Психологтың айтуынша, баланың жеке басын емес, оның нақты бір әрекетінің нәтижесін ғана бағалау керек. Мысалы, мақтаған кезде: «өте жақсы орындадың!» немесе сынаған кезде: «сенің дайындығың біраз азырақ болғаны көрініп тұр», - деген бағалаулар баланың назарын өз әрекетіне аударады, болашақта одан да жоғары, одан да жақсырақ әрекеттер жасауға деген ұмтылысын оятады [102].

Тура осы айтылған ойларды Абайдың 14-қарасөзінен табамыз. Дана ақын: «Қазақта адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық *жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан* азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өз бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» - деп жазады. Осы жердегі «жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығы» дегендегі «байлаулылық» сөзі мағынасы жағынан біз «ойқондырғы» деп аударып, қолданып отырған «установка» терминінің мағынасын беретіндей [103].

Осы ойларды қолдаушы пікірлерді дана Абайдың тағы да көптеген шығармаларынан табамыз. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде: «Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек», - деп, бір ауыз сөзбен түйіндеген. Әр ісін ақылға салып, бойдағы жаман мінез-құлықты жеңіп, әрекетке көшу керек екендігін осылай жеткізген. Өлеңнің: «Наданға арам – ақылды құлаққа ілмек, Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек» десе, «*Ақылды қара қалды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндеі баға бермек*», - деп жалғасқан жолдарынан ақылсыздан ақылдының айырмасы – жоққа малданып отырмай, өзін, ісін бағалап, алға ұмтылу екендігін айтқан [104].

Сонымен қатар, жоғарыдағы ақыл кеселдерінің ішіндегі ең ауыры – салғырттыққа салыну да психологиядағы осы кезеңмен ғана шектеліп, болашағын жоспарлай алмайтын, бір сөзбен айтқанда, қате ойды санасына қондырып, соған малданып жүрген, яғни, ойқондырғысы қате деген ұғымды беретінін көруге болады. Осыған байланысты тілдік тұлға қалыптастыру тәжірибемізде осы мәселелерді ескеріп, оқушылардың сабақ барысындағы, түрлі тапсырмаларды орындау кезіндегі психологиялық ахуалын үнемі назарда ұстап отыруға тырысудың маңыздылығына көзіміз жетті. Оқушылардың өзін төмен санауы өз мүмкіндіктеріне сенбеу, қарым-қатынасқа еркін түсе алмау түрінде көрінсе, табанды әрекет жасауға бейім болмауы үй тапсырмаларын тұрақты орындамау, сабақтағы белсенділіктерінің бірқалыпты болмауынан көрінді. Осы кедергілерді жою мақсатында топтық, жұптық, жеке тапсырмаларды орындап болғаннан кейін әрбір оқушының тілдік қатынас кезіндегі әрекетін талдап, жетістіктері мен жіберген нақты қателіктерін айтып отыруды жүйелі түрде жүргізіп отырдық. Біраз уақыттан кейін бұл тәсілдің тиімділігін өздері де байқаған оқушылар бірін-бірі, өз-өздерін бағалауды да үйренді.

Осындай жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде ең алдымен оқушының тілді меңгеруге деген үлкен психологиялық даярлығы болуы керек екендігіне көзіміз жетті. Сол кезде ғана олардың оқуға деген ықылас-ынтасы ашылады, бұл өз кезегінде оқу-танымдық әрекетінің белсенділігін тудырады, үздіксіз іздену, өз білімін тереңдетуге ұмтылу сияқты нағыз кемел тұлға, толық адамға тән

қасиеттер мен әдет-дағдылардың қалыптасуына әсерін тигізеді. Өйткені жаңа тіл үйрену оңай шаруа емес, кез келген адамнан ынта мен ыждаһаттылықты, талап пен табандылықты талап етеді. Тіл үйрену жаңа бір тілдің ішкі заңдылықтарынан бастап, қаншама жаңа сөздерін есте сақтауды талап етеді. Жай ғана есте сақтап қоймай, керекті жерінде орнымен қолдану кезінде қаншалықты күрделі жан қуатын талап ететін үдеріс жүзеге асады. Сондықтан ең алдымен оқушының есте сақтау қабілетін дамыту өзекті болады. Осы жерде тағы да ұлы Абайдан қажетті дидактикалық қағидаларды табамыз. Абай отыз бірінші қарасөзінде естіген нәрсені ұмытпау үшін қажетті төрт түрлі себепті атап көрсетеді [100, 103 б.]. Абай атап көрсеткен осы естіген нәрсені ұмытпау жолдарын Ш. Құрманбаева бүгінгі психология ғылымындағы терминдермен сәйкестендіріп ұсынады [40, 101б] (8-кесте).

Кесте 8- Автордың құрастыруымен. Абай атап көрсеткен естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себептің бүгінгі психологиялық терминдермен сәйкестігі (Ш. Құрманбаева бойынша)

Абай атап көрсеткен естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп		психологиялық терминдермен сәйкестігі
Әуелі	Көкірегі байлаулы берік болмақ	Естіген ақпарат төңірегінде дұрыс ойлана білу; Пайымды, зерделі болжам жасай алу; Саналы түрде түсіне отырып меңгеру
Екінші	Ғибрәтлану (тынышталу, рахаттану), көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу	Қызығушылықпен, ынта-ықыласпен, зейінмен бойға сіңіру, рефлексиялық мүмкіндіктердің қалыптасуы
Үшінші	Сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту	Қабылдаған ақпаратты қайта жаңғартып, дағдыға айналдырып, жадында сақтау
Төртінші	Ой кеселді нәрселерден – уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болудан қашық болу	Білімді меңгеруге деген уәждеменің, қажеттілік пен міндеттің, жауапкершілікті сезінудің, тілек пен мақсаттың болмауы; ой-сананың басқа проблемалардың билеуі

Кестеде келтірілген талдауға назар аударсақ, оқушы сабақта берілген ақпаратты қабылдап, жүрегімен сезініп, сөйлеуде қолдана бастағанға дейін оның ақыл-ой әрекетін белсендіріп, үлкен энергия жұмсауды қажет ететін көптеген күрделі психикалық әрекеттерді орындайтынын байқауға болады. Ғалымдардың айтуынша, сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы бір-бірінен туындайтын күрделі

кезеңдерден тұрады. Алдымен сөйлеу ниеті (интенциясы), екінші оны қозғаушы күш (түрткі), үшінші іштей бағдарламалану (тілдік бірліктерді сұрыптау) және соңғы жүзеге асыру (ойды жарыққа шығару) [104, б. 85]. Осы аталған кезеңдердің жоғарыдағы Абай ұсынған төрт түрлі себеппен тікелей байланысты туындайтын әрекеттер екендігін анық байқауға болады. Мысалы, адам жаңа бір ақпаратты мықтап есте сақтауға деген ниеті болған кезде, бар ынтасымен тұшынып, содан бір қозғаушы күш сезінген кезде, бірнеше рет қайталап, есте сақтап, ішкі құндылық бағдарын, ойқондырғысын нақтылаған кезде, артық ойын-күлкі немесе уайымсыз салғырттыққа салынбай, нақты әрекетке – сөйлеу әрекетіне қол жеткізе алатынын көруге болады. Көрнекі түрде ұсыну мақсатында бұл байланысты төменде кестемен ұсынамыз (3-сурет).

<p>Көкірегі байлаулы, берік болу</p>	<p>Ғибратлану</p>	<p>Көңілге бекіту</p>	<p>Ой кеселдерінен арылу</p>
<ul style="list-style-type: none"> • Ниеттену 	<ul style="list-style-type: none"> • Мотивация алу 	<ul style="list-style-type: none"> • Іштей бағдарламалану 	<ul style="list-style-type: none"> • Іс жүзіне асыру

Сурет 3 – Абай тұжырымындағы 4 себеп пен сөйлеу әрекеті кезеңдерінің өзара байланысы

Яғни оқушы үйренетін тілдегі жаңа тілдік құрылымдар мен тың сөздерді есте сақтап, оларды біртіндеп тәжірибеде қолданып, сөйлеу тілінде қолдана бастауы үшін осындай күрделі жан қуатын жұмсайды. Оқушымен жұмыс барысында Абай шығармашылығымен таныстыра отырып, оның қарасөздерінде берілген дидактикалық тұжырымдарының қазіргі ғалымдар зерттеулерінде тура сол қалпында кездесетінін түсіндіріп өту маңызды. Оқушы сол кезде Абайды тек ақын, философ деп қана танымай, бүгінгінің ғылымы жеткен жетістіктерін сонау өз заманында меңгеріп, қолмен қойғандай жүйелеп, хатқа түсіріп кеткен шынайы ғұлама педагог, психолог ғалым екендігін де мойындайтын болады. Сол кезде оқушы әрі Абайды жаңа қырынан таниды, әрі тіл дамытудың, қатысымдық құзыреттілігін арттырудың нақты дидактикалық қадамдарын айқын түсініп, қолданудың маңызын түсінетін болады. Себебі оқушыға жай оқы деп, тапсырма беріп қана қою жеткіліксіз. Ол тапсырманы орындаудың маңызын, баланың жеке басының дамуына, жеке өмірін жақсартуға әсерін түсіндіре отырып, орындаудың жолын көрсетіп берген кезде, бала мұғалімнің өзіне көмектескісі келетінін сезінеді.

«Сүйер ұлың болса, сен, сүй,

Сүйінерге жарар ол», - деп Абай айтқандай, мұғалім оқушысын сүйіп, махаббатпен оқытса, бала да жүректен шыққан махаббатты сезінеді, сүйінетін, сүйсінетін нәтижелер көрсете бастайды. Осы тұста біз жүргізген тәжірибеде жоғарыда кестелерде берілген Абай қарасөздерінен алынған үзінділер мен ғалымдар еңбектерінен алынған мысалдарды оқушыларға жеткізіп отыру

арқылы олардың Абай ақынға деген құрмет сезімдері мен тілді саналы түрде меңгеруге ұмтылыстарын арттыру мүмкін болғандығын айта кету маңызды деп санаймыз.

2.3 Ұлттық білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын оқыту тәжірибесі

Абайды оқыту ісі қазақ халқының тарихында ақынның көзінің тірісінде басталған. Абай шығармаларын қазақ тарихының әр дәуірінде қазақ жұрты өз дүниетанымына лайықты деп таңдап алып, өмір сүру қағидаларын меңгертетін даналық сөздер ретінде оқып, жүрегiнiң түбiнде сақтаған. Ақынның көзi тiрiсiнде ауыл адамдары көшiрiп жазып алып, қолдан-қолға алып оқып отырған. Ұзатылатын қыз жасауының iшiне Абай шығармалары қолжазбасының ең құнды зат ретiнде берiлу дәстүрi барған қайын жұртына, өзiнiң болашақ ұрпағына ақын мұрасын жеткiзсiн деген iзгi тiлектен туындаған.

Ұлы ақынның қарасөздерiн өзiнiң көзi тiрiсiнде ауыл молдасына берiп, балаларға оқытуын талап еткенi жөнiндегi бiр естелiктi Р. Сыздықова келтiредi. Естелiк Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кiтапханасының қолжазбалар фондасынан алынған «Абай туралы есте қалғандар» атты қолжазба құжатта берiлген. Естелiктi жеткiзушi – Абайдың қызы болып, бауырында өскен немересi Уасила. «Әлi есiмде, бiр күнi бiздiң оқып отырған үйiмiзге әкем келдi. Әдеттегiдей бәрiмiз орындарымыздан тұрдық. Әкем айнала қарады да: «Отырыңдар!» - дедi. Бiз отырып, жайласқан соң, молдаға қарап: «Балаларға мына бiр кiтапты әкелдiм, осыны көшiрiп, көбейтiп, бала басына бiр-бiрден таратып бер. Бүгiннен бастап осы кiтапты қоса оқыт!» дедi. Бiз қуанып кеттiк. Әкем үйден шыққан соң, молда әлгi кiтапты алды да, бас жағын оқыды, кiтап қолжазба екен. Бiз ол кiтапты көшiрiп алып, оқи бастадық. Кейiннен байқасам, сол кiтап әкемнiң «Ғақлия» атты қара сөзбен жазылған кiтабы екен. Бiздiң молдадан бұл кiтапты естiген басқа молдалар да келiп, көшiртiп алып, өз шәкiрттерiне оқытып жүрдi» [105]. Осындай тарихқа сүйенетiн болсақ, Абайды оқыту iсi қазақ халқы үшiн қашанда қастерлi, игi iс болған. Осы естелiктiң өзi Абайдың қарасөздерiн тек көркем мұра ретiнде ғана емес, жас ұрпақтың сана-сезiмiн тәрбиелейтiн, бiлiм мен рухани құндылықтарды сiңiретiн оқу құралы ретiнде бағалағанын дәлелдейдi. Ақынның көзi тiрiсiнде-ақ өз шығармаларын балаларға оқытуды талап етуi – оның ағартушылық миссиясының айқын көрiнiсi. Бұл жағдай Абай мұрасын оқу үдерiсiне кiрiктiрудiң тарихи негiзi терең екенiн көрсетедi.

Ұлттық білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын оқыту мәселесін біз екі бағытта қарастырамыз:

1. «Абайтану» арнайы курсының оқытылуы;
2. Абай шығармаларының ұлттық білім беру мазмұнында қамтылу деңгейі.

2.3.1 «Абайтану» курсының оқытылуы

Абайтанушы ғалым А. Ісімақова қазақ әдебиеттануында Абайтанудың берік іргетасын қалаған еңбек ретінде А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны»

атты мақаласын атап көрсетеді. Абай шығармашылығына талдау жасап, ондағы сыншылдық, білім, шеберлік категорияларын айқындап көрсетіп берген мақаладағы А. Байтұрсынұлының: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. ...Абайда осы үшеуі де болған», - деген пікірін сонау 1913 жылда-ақ «шығармашылық» категориясы ұғымына берілген нақты теориялық анықтама деп түсіндіреді [106].

Абайтану тарихын зерттеуші ғалым М. Мырзахметұлының жүйелеуіне сүйенсек, Абайтану тарихы тұңғыш ақынның көзі тірісінде «Дала уәлаяты» газетінде өлеңі жарияланып, барша алаш ақынмен алғаш ресми түрде танысқан 1889 жылдан басталып, 1934 жылға дейін созылады. Келесі ақынды ғылыми тұрғыдан танудың М. Әуезов бастаған кезеңі 1934-1961 жылдар аралығын қамтиды. Соңғы үшінші кезең 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасы тереңдете зерттеліп, «Абайтану» және «Абайтану тарихы» атты екі ғылыми арнада дамиды [107]. Осы кезең Абайтану ғылымының біртіндеп дамып, дербес зерттеу саласына айналғанын көрсетеді. Әсіресе 1961 жылдан кейін Абай мұрасы түрлі ғылыми бағыттарда терең қарастырылып, абайтанудың мазмұны кеңейді. Сондықтан қазіргі таңда Абай шығармаларын оқыту және оны тілдік тұлға қалыптастыру үдерісіне кіріктіру абайтанудың маңызды әрі өзекті бағыты.

Елімізде 1940 жылдардан бастап жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне «Абайтану» арнайы курсы оқытыла бастады. Пәннің мақсаты ұлы ақын мұрасын зерделеу, танып-білу болды. Пәннің ғылыми негіздерін қалап, алғаш жүргізген М.О. Әуезов болды. Абайдың әдеби мұрасын көп жылдар бойы зерттеп, оның нәтижелерін абайтанудың арнайы курсына жетілдіріп, шығармашылықпен пайдалану нәтижесінде М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» атты ғылыми еңбегі жарық көрді. Абай мұрасын жинаушы, зерттеуші, жүйелеуші академик М.Әуезов Абайды танудың бастауы, алғашқы қадамдары төңкеріске дейін басталғанын айта келіп, ақын шығармаларының үш түрлі таралу жолын атап көрсетеді: 1. Баспасөз арқылы таралуы; 2. Халық арасында ауызша айтылып, жырмен аралас тарауы; 3. Қолжазба күйінде көшіріліп таратылуы» [108]. Абайтанудың арнайы курсы негізінен ұлы ақын мұрасын зерттеу негізінде пайда болған Әуезов шығармаларына, сондай-ақ, Абайдың әдеби мұрасын тікелей немесе жанама түрде зерттеген басқа да ғалымдардың еңбектеріне негізделді.

Әлем мойындаған ұлы ақынның қалдырған мол мұрасы білім сапасы үшін қашан да бағалы. Тәуелсіз Қазақстанда бүгінде Абай шығармаларын барынша игеруге жан-жақты қадамдар жасауда. Осы орайда негізгі салмақ ұлттық білім беру жүйесіне түсетіні белгілі.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған «Абайтану» курсының оқу бағдарламасы алғаш 2013 жылғы 3 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 115 бұйрығымен бекітілді. Осы бағдарлама негізінде еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 5-11-сыныптарында қысқа мерзімді тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар әзірленіп, сабақтар жүргізілуі жоспарланды. Алайда қазіргі күнде негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектептерде

Абайтану курсы тек қана 9-11 сыныптарда жүргізіледі. Бағдарлама бойынша аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағаттан жоспарланған [109]. Алайда бұл курс жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінде болғандықтан, көп мектептерде жоспарланбайды, яғни оның орнына басқа таңдау пәндері жүргізіледі.

Салыстыру үшін негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінде» оқылуына назар аударар болсақ, аталған курс 5-сыныптан бастап жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16-қыркүйектегі №399-бұйрығына 64-қосымшаға сәйкес бекітілген үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес Абай мектептеріндегі «Абайтану» курсының оқу жүктемесі 5-7 сыныптар арасында аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағаттан болса, 8-11 сыныптарда аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағаттан деп белгіленген [110].

Аталған екі түрлі мектепте оқытылатын Абайтану курсының мақсаттарында да айырмашылықтар байқаймыз (9-кесте).

Кесте 9- Автордың құрастыруымен. «Абайтану» курсының мақсаттары

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің 9-11 сыныптарына арналған «Абайтану» курсының мақсаты	Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептеріне» арналған «Абайтану» курсының мақсаты
<p>Курсты оқытудың мақсаты – ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру деп көрсетілген</p>	<p>1) Абай шығармаларының тілдік қабаты арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің құдіретін, эстетикалық қуатын, идеялық мазмұнын меңгерту, бейнеленген құбылысты қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыны қалыптастыру, көркемдік сезімді, ұлттық мінезді, сапалық қасиеттерді, ұлттық кодты, гуманистік-көркемдік, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін дамыту, әдеби-эстетикалық талғамдары мен адамгершілік және іскерлік құндылықтарын, шығармашылық құзыреттіліктерін жетілдіру;</p> <p>2) Абайдың «Толық адам» ар ілімі, адамшылық мұрат-мақсаты, философиялық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді таныту, өз бетінше даму бағыттарын, сыни тұрғыдан пайымдауын қалыптастыру;</p> <p>3) әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, әртүрлі жағдайларда оңтайлы шешім қабылдай алатын тұлғаны қалыптастыру.</p>

Көріп отырғанымыздай, екі бағдарламада «Абайтану» курсының мақсаттары екі түрлі берілген. «Абай мектептерінде» оқу мақсатының өзі үш бағыттан құралып, тереңдетіп оқыту қарастырылған. Бірақ, жалпы алғанда, екі бағдарламаның да негізгі идеясы Абай шығармаларын меңгерту арқылы оқушы тұлғасын дамытуға бағытталады. Талдауға алынған негізгі орта және жалпы орта

білім беру мектептеріне арналған бағдарламаның мақсатында «ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы» деп келіп, ары қарай оқыту нәтижесінде дамытылу көзделетін тұлғаның жан-жақты қыры тарқатып жазылғанын көреміз. Алайда бағдарламада көрсетілген “Абайтану” курсының білім мазмұнына енгізілген мәліметтердің соншалық көптігіне қарап, Абайға қатысты зерттеулерде көтерілген мәселелерді “түгел қамту, еш нәрсені қалдырып кетпеу” идеясымен ғана жазылған ба деген ойға келеміз. Соған қарағанда нәтижеге бағытталу идеясы құрғақ сөз жүзінде ғана қалып, оның шынайы орындалу мүмкіндіктері ескерілмей қамтылғанын байқауға болады.

«Абайтану» пәнін орта мектепте оқыту мәселесі қарастырылған еңбекте қазақ тілінде оқытатын мектептерде осы пәннің жүргізілу жай-күйі баяндалады. Бағдарламаларға шолу жүргізе келе, бұл пәннің элективті курс ретінде 9-11 сыныптарда аптасына бір-ақ рет өткізілуі аздық ететінін жазады. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда бұл курстың арнайы бағдарламасы жоқ екендігіне тоқталады [111].

Ал «Абай мектептеріне» арналған «Абайтану» курсының мақсатында Абай шығармаларының тілдік қабаты арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің құдіретін, ақын өлеңдері арқылы берілетін әдеби тіл және әдеби формаларды, Абайдың «Толық адам» ар ілімі, адамшылық мұрат-мақсаты, философиялық көзқарастарын меңгерту көзделетіні айқын беріледі. Бұл жерде ұсынылатын білім мазмұнының айқындалып берілген үлгісін көреміз. Себебі білім мазмұны айқындалмайынша, пәннің де өз деңгейінде жүргізілуі мүмкін емес екендігі белгілі.

Осындай талдауымыздың нәтижесінде негізгі орта және жалпы орта білім беру мектептеріне арналған «Абайтану» курсының білім мазмұнының жұтандығы айқын көрінеді. Шала бағдарлама, нақты бекітіліп, ұсынылған оқу құралының жоқтығы бұл арнайы курстың өткізілу сапасына қаншалықты әсер ететінін болжауға болады. оның үстіне 2023 жылғы деректер бойынша Қазақстанда 7724 мектеп бар, оның ішінде 5279 мектеп ауылдық жерде, 2445 мектеп қалада десек [112], осы мектептердің барлығында осы пәнді өз деңгейінде жүргізе алатын абайтанушы мұғалімдердің де жеткілікті емес екендігі айдан-анық. Осыдан келіп аталған проблеманың өзектілігі айқындалады. Біз Абайдай әлем мойындаған ғұламамызды жас ұрпаққа танытып, шығармаларын саналарына сіңіруіміз қажет дейміз. Ал осы мақсатты көздей отырып дайындалып, ресми бекітіліп, ұсынылған арнайы курстың өзі тиісті деңгейде жүргізілмесе, бұл істің соңы неге апарып соғуы мүмкін екені белгілі.

Сабақ кестесінде тұрып, бала оған арнайы уақытын бөліп, сыныпқа келіп отырған кезде, пән дұрыс жүргізілмесе, ең әуелі оқушыда пәнге деген жеккөру сезімі оянады. Пәннің атауы «Абайтану» болғандықтан, пәннің өзімен бірге оның атауы да негативті ассоциациялармен ойға оралатындай жағдайға жетеді. Осыдан келіп, Абайды дұрыс танымай жатып, оны түсінуге де ұмтылмау, атын ғана білумен шектелу, білу деңгейінен қарапайым түсіну деңгейінің өзіне жете алмай, курсты аяқтау жағдайы орын алатын болады. Бұл жерде Блум

таксономиясына сәйкес білу мен түсінуден кейінгі қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері жайлы сөз де болмай қалады. Өкінішке қарай, көпшілік мектептерде шынайы жағдай осындай. Әрине, кейбір саусақпен санарлық мектептерде Абайды өз жүрегіне қондырған білімді, жауапкершілігі жоғары ұстаздар өз пәнін жоғары дәрежеде өткізуі мүмкін, оны да жоққа шығаруға болмайды. Аталған мәселелер Абай шығармашылығын оқытудың мақсат-міндеттерін нақтылау, білім мазмұнына енгізу, оқу-әдістемелік кешенін дайындау, оқытудың әдіс-тәсілдерін айқындау, интерактивті ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін қолдану т.б. дидактикалық міндеттерді шешудің кезек күттірмейтін өзектілігін көрсетеді.

2.3.2 Абай шығармаларының мектеп оқулықтарында қамтылу деңгейі және оқытылу жайы

Абай шығармаларын оқыту мәселесінің біздің зерттеу нысанымыз болып отырған оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында қамтылуына келетін болсақ, 5-сыныпта «Әлемдегі ірі кітапханалар» тақырыбы аясында «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі, 6-сыныпта «Абайды оқы, таңырқа!» бөлім тақырыбы аясында «Табиғат лирикасына жататын «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдері; 7-сыныпта («Уақыт – ұлы күш» бөлім тақырыбы бойынша «Сағаттың шықылдағы ермек емес» өлеңі; 8-сыныпта «Сауда жасай білесің бе?» атты бөлім тақырыбы аясында «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі; 9-сыныпта «Жаһандық мәселе: демография» тақырыбы аясында «Адамның кейбір кездері» өлеңі қарастырылған.

Жалпы білім беретін мектепте ұлттық құндылықтарды меңгертуде оқушыларға білімді жеткізетін негізгі құрал әрі ақпараттың негізгі көзі ретінде оқулық басты рөл атқарады. Мектеп оқулықтарының білім мазмұнына Абай шығармашылығының енгізілуі жас буынның тұлғалық дамуында өте маңызды. Абай шығармаларының ұлттық білім беру мазмұнында қамтылуы мәселесіне келетін болсақ, бұл тақырыпқа қатысты Г. Көбденова, Ә. Сейтбатқал, Б. Ешметовалардың зерттеу мақаласын кездестірдік. Орыстілді мектеп оқулықтарындағы Абай контенті зерттелген мақалада 1-11 сыныптардың «Қазақ тілі мен әдебиет», «Литература», «Өзін-өзі тану» оқулықтарына Абайдың 19 шығармасы (12 өлең, 7 қарасөз) енгізілгені айтылады. Бұл жағдай мемлекеттік білім беру мекемесінің орыстілді сыныптарында Абай шығармашылығын оқыту мәселесінің өте өзекті мәселе екендігін көрсетеді. Оқулықтарға Абай шығармалары: «Ғылым таппай мақтанба», «Жазғытұры», «Қыс», «Күз», «Жаз», «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме», «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Сағаттың шықылдағы – емес ермек» өлеңдері енгізілген. Зерттеушілер ол шығармалардың берілуі де кей жағдайда бірді-екілі шумақ түрінде ғана болса, 8-сынып оқулығында «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің 1 ғана жолының берілгенін анықтаған. Осы уақытқа дейін Абайды танытуда оның

ақындығы, аудармашылығы, қоғам қайраткері, философ екендігі және ұлы ақынның «Адам бол» идеясы екендігі ғана айтылып келсе, енді біз алдағы уақытта Абайды былайша тануға кірісуіміз қажет деп, келесі ұсыныстарды жасайды:

- «Абай адал кәсіпкерлік идеяны ұсынушы («Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығына енгізу, осы уақытқа дейін бұл оқулықтарда Абай аты еш жерде аталмайды);

- Абай – интеллектуалды ұлт идеясының жаршысы;
- Абай – эмоционалды интеллектіні негіздеуші;
- Абай – жантану ілімін кеңінен насихаттаушы;
- Абай – мотиватор» [113].

Біз өз зерттеуімізде Абай шығармашылығының оқу тілі орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі 8 және 9 сыныптарға арналған «Мектеп» және «Көкжиек-Горизонт» баспаларынан шыққан «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулықтарында қамтылуына талдау жасап көрдік. Талдаудың мақсатын оқулыққа енгізілген Абай шығармасын меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесіне талдау жасау, олардың қазақ тілін меңгертумен байланысын анықтау деп белгіледік. Атап айтқанда, Абай шығармаларын оқытуға ұсынылған тапсырмалардың сол сабақта меңгерілетін грамматикалық тақырыппен қаншалықты байланыстырыла берілгенін анықтауды көздедік. Себебі пәннің атауы «Қазақ тілі мен әдебиеті» болғандықтан, әдеби шығарма мен тілдік тақырып арасында міндетті түрде байланыс болуы тиіс деп санадық.

«Мектеп» баспасының 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығында Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген өлеңі «Сауда жасай білесің бе?» деген бөлім тақырыбымен байланыстырылып, бөлімнің 7-8-сабақтарында берілген екен. Өлеңнің төрт шумағы берілген. Өлең мәтінінің алдында ойтүрткі ретінде «Абай Құнанбайұлының қандай шығармаларын білесіңдер?» және «Ақынның «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?» деген сұрақтар берілген. Мәтіннен кейін 8 тапсырма берілген. Олардың ішінде «Өлеңді оқыңдар, Абай ақын не айтқысы келді?», «Сөздікпен жұмыс. Өлеңдегі бейнелі сөздердің мағынасын ашыңдар», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» деген өлең жолын алдыңғы сабақтағы оқылым мәтінінің мазмұнымен салыстырыңдар. Олар қандай амалдар?», «Өлеңдегі «Әркім базардан керегін алар» деген ойды нақты деректер келтіріп дәлелдендер. Мысалы, ертең сыныптасыңның туған күні. Кәдесыйға не алар едің?», «ПОПС формуласын қолданып, Абай өлеңдеріндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер» деген 5 тапсырма ғана мәтінді меңгертуге арналған, мәтін мазмұнымен тікелей байланысты тапсырмалар. Қалған үш тапсырма сатып алу туралы айтылым жаттығуы мен сауда орталығы және базар туралы диалог құрастыру жаттығуы және сан есімдерді меңгертуге арналған терме жаттығуы.

Оқу үдерісі қазақ тілінен басқа тілде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті біріктіріліп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» деген пән ретінде жүргізіледі. Сондықтан оқулық бойынша бір сабақта әдеби шығармамен бірге бір грамматикалық тақырып та беріледі. Осы жерде оқулықта беріліп тұрған сан

есімге байланысты «Берілген сөйлемдердегі сан есімдердің қызметін түсіндіріңдер. Сан есімдерді цифрмен жазыңдар» деген терме жаттығу мәтінінде ішінде сан есімдері бар әр түрлі тақырыптағы жеке-жеке сөйлемдер берілген. Сан есім сөздер берілген әдеби шығарма тілінде – Абайдың өлеңінде де кездеспейді. Қарап отырсақ, әдеби шығарма мәтінін тандап алуы тек қана мазмұндық ұстанымға негізделген. Жоғарыда берілген мәтінге қатысты бес тапсырманың ішінде сөздікпен жұмыс түрінде берілген жаттығу ғана мәтін тілін талдауға арналған. Кесте арқылы өлеңде кездесетін «жағу, астық, маржан, сөзді ұғар, жалпақ жұрт, тесік моншақ» деген сөздер мен сөз тіркестері ұсынылып, «бейнелі сөздердің мағынасын ашыңдар» деген тапсырма берілген. Алайда беріліп тұрған мысалдардың барлығы бірдей бейнелі сөздер емес екені ескерілмеген [114].

«Мектеп» баспасынан Г. Қосымова бастаған ұжымның авторлығымен шыққан 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығында Абайдың «Адамның кейбір кездері» атты өлеңі берілген. Өлең мәтінінен бұрын «Ойтүрткі» айдарымен «Тақырыпты қалай түсіндіңдер? Сабақ тақырыбына қатысты ассоциативті қатар түзіндер (ассоциация тудыратын сөздерді бір қатарға жазыңдар)» деген тапсырма берілген. Өлеңнің алғашқы төрт шумағынан кейін «Берілген сөз тіркесін қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңдер», «Топтық жұмыс. Өлең шумақтарын жай сөзге айналдырып жазып көріңдер» деген тапсырмалар берілген. Бұдан кейін өлеңнің жалғасы (соңғы үш шумағы) беріліп, «Өлең жолдарындағы сөздерден синонимдік және антонимдік қатар түзіндер. Сөйлем құрау арқылы мағынасын түсіндіріңдер», «Ақын бұлқынып шыққан сөзді қалай суреттейді? Өлең жолдарынан 2-3 аргумент келтіріп, кластер құрып айтыңдар» деген тапсырмалар берілген. Аталған төрт тапсырма да оқылған Абай өлеңінің тіліне сүйене отырып, оқушы тілін дамытуға бағытталғаны қуантарлық [115].

Ф. Оразбаева бастаған авторлар ұжымы жазып, “Көкжиек-Горизонт” баспасынан шыққан “Қазақ тілі мен әдебиеті” оқулығында Абайға қатысты ақпараттар әлдеқайда көп қамтылған. Бірыңғай үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бұл оқулықта да Абай Құнанбайұлының “Базарға, қарап тұрсам, әркім барар” өлеңі “Сауда жасай білесің бе?” деген 2-бөлімнің тақырыбымен байланысты ұсынылған. Жоғарыда атап өткен оқулықпен салыстырғанда, бұл оқулықта Абай туралы ақпараттар 4 сабақта берілген. 5-6 сабақтарда Зәки Ахметовтің Абай поэзиясы, орыс әдебиетімен байланысы жайлы зерттеуінен шағын үзінді берілген. Осы үзінді мәтінмен тікелей байланысты 9 тапсырма ұсынылған. Олардың ішінде “Үш қадамды сұхбат тәсілін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұхбат құраңдар”, “Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің орнына антонимін қойып жаз. Мәтіннің мазмұны қалай өзгергенін түсіндір”, “Оңай әрі қиын сұрақтар кестесін толтыр”, “Қажет сөздерді пайдаланып, сөйлемді жаз” деген төрт тапсырма бірдей оқылымға ұсынылған Абай туралы мәтін тілімен тікелей байланысты құрастырылған.

Оқулықтағы келесі 7-8-сабақтарда Абайдың “Базарға, қарап тұрсам, әркім барар” өлеңі берілген. “Өлең бойынша сұрақтарға жауап бер”, “Сөздерді

сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз, “Өлеңдегі ақпаратты төрт сөйлем тәсілін пайдаланып айтыңдар” деген 3 тапсырма мәтін аясында берілген [116].

Сабақтардың “Жаңа сөздер”, “Мәтіналды жұмыс”, “Мәтінмен жұмыс”, “Мәтінсоңы жұмыс” деген мазмұндық бөліктерінің болуы, “Есте сақта!” деген айдармен Абай туралы, оның өлеңі туралы қысқа да нұсқа, қызықты, қажетті мәліметтер берілуі, тақырыптық сапалы суреттермен рәсімделуі оқулық сапасын арттыра түскен. Бұдан бөлек басқа тақырыптағы сабақтарда: “Сламбек Тәуекелдің “Жерұйық” фильмі ұлы Абайдың “Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!” деген сөзімен басталады”; “Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба (Абай)” деген сөйлемдер және “Нұрпейіс Байғаниннің Абай Құнанбайұлына арналған өлеңін тыңда. Өлеңнің мазмұнын баянда” деген тыңдалым тапсырмасында да Абай туралы ақпарат кездеседі.

“Көкжиек-Горизонт” баспасынан шыққан 9-сыныпқа арналған “Қазақ тілі мен әдебиеті” оқулығында да үлгілік оқу бағдарламасына сай Абайдың “Адамның кейбір кездері” атты өлеңі “Жаһандық мәселе: демография” атты бөлім тақырыбы аясында берілген. 8-сынып оқулығындағыдай авторлар бұл жерде де мәтіналды, мәтінмен және мәтінсоңы тапсырмалар кешенін ұсынған.

“Өлеңнің орыс тіліндегі аудармасын оқы. Салыстырып айт”, “Сұрақтарды оқып, дұрыс жауабын танда”, “Өлең не туралы? Үшінші шумақтағы “Еркеленіп шығар сөз” дегенде ақын сөздің қайдан шығатынын айтқан? Оқып, ойынды айт”, “Сұрақтарға жауап бер”, “Абайдың ақын туралы жазған шумағын тауып, оқы. Ақынды қандай сөздермен сипаттайтынын тауып, диаграммаға жаз”, “Берілген шумақтан ақын надандар мен зұлымдарға қалай қарайтынын тауып айт”, “Соңғы шумақта кім туралы айтылып тұр? Өлең неге “Адамның кейбір кездері” деп аталады?” деген тапсырмалар ұсынылған. Осы тұста талдау барысында екі баспадан шыққан 9-сынып оқулықтарында да осы сабақ аясында тілдік бағдар бойынша өтілетін “Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем” тақырыбына қатысты Абай өлеңі мәтінімен байланыстырылған тапсырмалар кездеспегенін айта кетуіміз керек [117].

Жоғарыда талданған оқу орыс тілінде жүретін мектеп оқулықтарымен салыстыру мақсатында біз 2017 және 2018-жылдары жарық көріп, қазіргі күнде қолданыста жүрген қазақ тілінде білім беретін жалпы орта мектептердің 1-10 сыныптарына арналған Қазақ тілі” және “Әдебиеттік оқу” (бастауышқа арналған), “Қазақ әдебиеті” оқулықтарының білім мазмұнында Абай шығармаларының қаншалықты қамтылғанын анықтау мақсатында сандық есеп жүргіздік. Зерттеу нәтижесінде аталған оқулықтарда Абайдың жалпы саны 91 шығармасы қамтылғаны белгілі болды. Олардың қатарына ақынның өлеңдері, аудармалары, қарасөздері, нақыл сөздері, поэмалары кіреді. Аталған мәліметтерді 10-кестеде ұсындық.

Кесте 10- Автордың құрастыруымен. Оқулықтарға енгізілген Абай шығармаларының сандық көрсеткіштері

Білім беру деңгейі	Сыныптар	Шығарма саны
Бастауыш сынып	1-4	12
Орта буын	5-8	33
Жоғары сынып	9-11	46
Барлығы		91

Осы талдау негізінде оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі оқулықтарда Абай Құнанбайұлының 19 шығармасы қамтылса, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі оқулықтарда 91 шығармасы енгізілгенін анықтадық. Оқулықтарда қамтылған Абай шығармалары негізінен оқушылардың бойында адамгершілік, білім алуға деген құмарлық қасиеттерін тәрбиелеу мазмұнына негізделген үзінділер түрінде берілгені анықталды. Жалпы мектеп оқулықтарындағы Абай шығармашылығына қатысты берілген білім мазмұны жайлы талдауымызды жинақтай келе, оқулықтарға енгізілетін Абай шығармаларын іріктеу барысында оқушының жас ерекшелігіне сай келу параметрі ескерілгенін атап өтуіміз қажет. Алайда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» оқулықтарында Абай шығармаларының қамтылуы саны мен көлемі жағынан сыныптар арасында бір жүйелілікті сақтамаған. Оқулықтарға енгізілген Абай шығармаларына түсініктемелердің беріліп отыру талаптарының ескерілмей қалған тұстарын да кемшілік ретінде атап өтуге болады. Бұл оқулықтың таза техникалық талабы, яғни ақпарат сиымдылығы көрсеткішіне байланысты жүзеге асырылатын мәселе болғанымен, оқулық құрастырушы авторлар мәтінді оқушы жақсы қабылдауы үшін оған қосымша мәліметтердің (өлеңнің жазылу тарихы, кезеңі т.б. жайлы қызықтыратын ақпараттар) берілуі оқушының назар аударуға, оқуға деген ынтасын оятуға әсер ететінін ескеруі тиіс.

Сонымен қатар, жаңа заман талабына сай ұсынылатын тапсырмаларды интерактивті платформалар арқылы орындау мүмкіндігін қарастыру жағы да ескерілмеген. Сабақты қызықты ететін ойын түріндегі онлайн тапсырмаларды құру Wordwall, Kahoot, Quizizz.com, ChatGPT, Learning.Apps т.б. интерактивті тапсырмалардың түр-түрін дайындауға мүмкіндік беретін білім беру платформалары арқылы жүзеге асатынын ескеріп, оқушы бірыңғай дәстүрлі оқу, жазу жұмыстарынан сәл жалыға бастаған кезде осындай тапсырмаларды да беру қажет.

Талдау барысында оқулықтарда ақын есімінің өзі «Абай Құнанбайұлы / Абай Құнанбаев» түрінде екі нұсқада берілуі кездесті. Сонымен қатар, оқулықтарда қарасөз / қара сөз атаулары да бірде біріккен, бірде сөз тіркесі түрінде екі түрлі нұсқада берілгенін байқадық. Сондықтан оқулықтарда ақынның аты-жөнінің, терминдердің берілуін біріздендіру керек. Абай шығармашылығы негізінде тілдік тұлға қалыптастыруға қажетті тілдік бірліктерді іріктеп алу үлкен дидактикалық тұғырға сүйеніп жүзеге асырылуы тиіс.

Ең басты мәселе – біз талдап отырған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулықтарында Абай шығармаларының үзінділері берілген кезде олардың сол сабақта оқылатын грамматикалық тақырыппен байланыстырыла берілуі дұрыс шешімін таппаған. Бұл мәселенің өзекті болатын себебі – бір сабақта берілетін білім мазмұны өзара байланысты болып берілуі тиіс. Әдеби шығарма да, тілдік, грамматикалық білім де, тапсырмалар да – барлығы жиналып келіп, осы пәннің басты мақсаты – білім алушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуға қызмет етуі тиіс. Сондықтан әдеби шығарма тілінде сол сабақта өтілетін грамматикалық бірліктер кездесетін болса, оқушы сол тілдік құрылымдарға, тілдік бірліктерге талдау жасай келіп, жаңа грамматикалық тақырыпты түсінуге мүмкіндік беретін мысалдарды таба алатын болса, сол кезде пән өз мақсатына жеткені деп санауға болады.

Абай шығармаларымен танысу «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабағында және сабақтан тыс уақыттарда оқылым және тыңдалым әрекеттері арқылы жүзеге асады. Ал жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес осы аталған екі дағдыны дамыту келесі оқу мақсаттарының жүйесін қамтиды:

- Тыңдалым (болжау, назарын шоғырландырып тыңдау, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, көркем шығармаларды тыңдау, негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша жауап беру);

- Оқылым (мәтіндегі ақпаратты анықтау, стильдік ерекшеліктерді анықтау, көркем шығармаларды оқу, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, қосымша ақпараттар көзінен алынған мәліметтерді оқу, өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау) [118].

Байқап қарасақ, осы аталған оқу мақсаттарының ішінде оқылған, тыңдалған мәтін (көркем шығарма мәтіні) тіліне қатысты тыңдалым мәтіні бойынша сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіну деген бір ғана мақсат көзделген. Осы оқу мақсаты оқылған мәтінге қатысты неге қолданылмайтыны түсініксіз. Оқылым дағдысын қалыптастыру бойынша көзделетін оқу мақсаттарының жүйесі тек қана мәтін мазмұнын тануға бағытталған. Осы аталған мәселелер қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігін көрсетеді. Осы мәселе жөнінде Ш. Қапантайқызы өзінің «Қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігі» атты мақаласында оқу мақсаттарының мәтінмен әр сабақта кешенді жұмыс жүргізуге бағытталмауы және мәтінге тілдік талдау жасау мақсатының болмауын үлкен кемшілік ретінде атап көрсетеді [119].

Жоғарыда аталған кемшіліктер алдағы уақытта орын алмай, сөз қадірін терең түсініп, артына «өлмейтұғын сөз қалдырған» Абайдың даналық сөздері мен өміршең ойлары өскелең ұрпақтың негізгі құндылық бағдарына айналуы үшін Абай шығармашылығы негізінде тілдік тұлға қалыптастыруға қажетті материалдарды іріктеп алу мәселесі жан-жақты зерттеліп, дидактикалық ұстанымдарға сай жүзеге асырылуы тиіс. Қара халықтың мұңын мұндап, жоғын түгендеп қана қоймай, өмір сүрудің, Адам болудың алтын ережелерін жазып, барша адамзаттың алыбына айналған ұлы Абайды әлем танып, мойындап, оқып жатқан кезде біз де өз елімізде дұрыс, сапалы оқыту тәжірибесін жетілдіруіміз керек.

Талдаулар негізінде қазіргі “Абайтану” курстары мен “Қазақ тілі мен әдебиеті” оқулықтарында Абайды оқытудан күтілетін нәтижелер тек ақын ойларын, даналығын, пайымдауларын тану, түсіну, білу деңгейінде ғана қойылғанын, Абай қолданған әрбір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді тану, соларды өз өмірінде қолдана бастау идеясы қарастырылмағанын анықтадық. Оның себебі үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары жүйесінің оқылған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнын ғана тануға арналғанымен байланысты екенін көрдік. Бағдарламада шығарма тілін талдап, сол арқылы оқушыларды қаламгердің қазақ тіліндегі небір сөздерді қалай пайдаланғанын таныту, яғни қазақ сөзінің ақын немесе жазушы тіліндегі қолданысын көрсету арқылы тілді функционалдық тұрғыдан меңгерту мақсаттары көзделмеген. Біз қарастырған оқулықтарда да көркем шығарма тілін талдауға арналған тапсырмалар аз болып шыққанының себебі де осында.

Ұлттық білім беру жүйесінде Абай шығармашылығын оқыту жайлы пікірімізді түйіндер болсақ, бұл мәселені аса маңызды мемлекеттік мәні бар істердің қатарында қарастыру қажет. Осы мақсатта қазіргі ақпараттық қоғамның сұраныстарын ескере отырып, ақпараттық кеңістік мүмкіндіктерін кеңінен қолдануға болады. Абайтануға байланысты танымдық-ақпараттық сайттар өте көп. Ол сайттарда Абай жайлы мақалалардан бастап, монографияларға дейінгі зерттеулер, Абай шығармаларының әр жылдардағы жинақтары, оларды аудармалары беріледі. Алайда көпшілік жағдайда осы сайттардың тұтынушылары аз, қаралым сандары төмен болып келеді. Сондықтан Абай ілімінің мәнін, оның шығармаларының тілін танып, үлгі етіп, әр қазақтың санасына сіңіруде осы компьютер жадындағы электронды шығармаларды жалпы көпшілікке таныту ісін барынша жеделдете қолға алу керек. Бұл іс ақын шығармаларының тілін автоматты түрде өңдеуге, ақынды ерекше тілдік тұлға ретінде танып-білуге жол ашады. Абай шығармаларының электронды базасы оның тіліндегі мәдени, танымдық мазмұндарды лингвомәдени, когнитивтік, дискурстық тұрғыдан саралауға мүмкіндік береді. Осындай сандық талдаудан алынған сапалы мәліметтер оқушыларға ақынның тілдік әлемін терең түсінуге жол ашады. Абай шығармалары негізінде жинақталған электронды материалдарды пайдалана отырып, тұтынушылардың әр түрлі деңгейлеріне лайықталған оқу-әдістемелік кешендер даярлануы қажет. Оқырманға лайықталып іріктелген материалдарды компьютерлік бағдарламалар арқылы интерактивті түрде ұсынған кезде ақын қолданған сөздердің табиғатын түсіну, тілдің ішкі жүйесін, қызметін тану, қолдану жолдарын меңгеру де ыңғайлы бола түседі.

2- бөлім бойынша қорытынды

Абай мұрасының ауқымды бір бөлігін сөз өнерін бағалауға, өлең сөзді түсінуге, тыңдаушы талғамын қалыптастыруға бағытталған шығармалары құрайды;

Абай қазақ тілінің сөздік қорын толықтырды. Ол поэзия тіліне жаңа сөздер мен ұғымдарды, терминдік мағынасы бар ескі-жаңа атауларды қосып, поэзия тілінің көркемдегіш құралына айналдырды;

Абай жырлаған «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қасиеттеріне ие толық адамның тұлғалық болмысын, адамгершілігін, мінез-құлқын, ой-санасын өзгелерге танытатын басты құрал – тіл;

Адамның бір ауыз сөзі оның қандай адам екенін танытады. Қазақ халқы – «сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің» деген ұстаныммен өмір сүріп келе жатқан халық. Сондықтан дана халқымыз адамның адамдығының өлшемі – тілдік қабілеті, сөйлеу мәдениетінің деңгейі деп есептейді;

Дидактикалық поэзияның көрнекті өкілі ретінде ұлы Абай тұлғасы әлемдік мәдениет пен өркениетте елеулі орын алады. Ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – қазақ ұлттық педагогикасына әдістемелік нұсқау ретінде енгізіліп келе жатқан педагогикалық, тәрбиелік, ағартушылық тұжырымдар;

Абайдың қай шығармасы болсын, оларда көтерілетін ойдың алтын өзегі – Адам және оның саналы, сапалы өмірі. Данышпан ақын «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп, толық адамның басты үш қасиетін атап көрсетеді;

Абай ақынның он тоғызыншы қарасөзіндегі: *«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады»*, - деген сөзі оқушының тілдік тұлғасының оқу-тәрбие негізінде қалыптасатынын көрсетеді;

Отыз екінші қарасөзінде білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек шынайы қажеттілігін, ақиқат мақсатын анықтап алу, шынайы көзін жеткізген кезде айырылмау, ойлап, пікірлесіп тапқан білімді сақтау, қорғау, ақыл кеселі деген нәрселерге бой алдырма және мықты мінезді болу деген шарттарды атап көрсетеді;

Абай 14-қарасөзінде: *«ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың»* болуы қажеттігін айтады. Осы ойларды психолог ғалым К. Дукетің баланың табыс пен жетістікке жетуі оның мақсатқа бағдарлануына, осы шақпен шектелмей, болашаққа бағытталған болуына байланысты деген пікірімен байланысы байқалады;

Тіл үйрену жаңа бір тілдің ішкі заңдылықтарынан бастап, қаншама жаңа сөздерін есте сақтауды талап етеді. Жай ғана есте сақтап қоймай, керекті жерінде орнымен қолдану кезінде қаншалықты күрделі жан қуатын талап ететін үдеріс жүзеге асады. Сондықтан ең алдымен оқушының есте сақтау қабілетін дамыту өзекті болады;

Тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлері – оның коммуникативтік құзыреттіліктері мен тілдік қарым-қатынасқа түсе алу деңгейлері мен тіл үйрету деңгейлері және оқыту үдерісін ұйымдастыру кезеңдерімен өзара тығыз байланыстан тұратын күрделі құрылым;

Тілдік тұлғаның қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан жаңаша типі – альфа ұрпақ деген атауды иеленіп, уақытының көп бөлігін ғаламтордағы

виртуалды дискурса жұмсайтын оқушының сөйлеу әрекеті мен тұлғалық қасиеттерінде де елеулі өзгерістер болады;

оқушыны тілдік тұлға ретінде қалыптастыруда тіл үйрету мәдени-рухани білім беру арқылы жүзеге асырылуы тиіс;

Абайды оқыған әркім өз өмірлік тәжірибесіне, тілдік санасына, оқыған-білгеніне, сөздік қорына қарай тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық, прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне сәйкес қарапайым, орта, жоғары деңгейлерде қабылдайды, түсінеді, талдайды;

Абайды оқыту ісі қазақ халқы үшін қашанда қастерлі, игі іс болған. Ұзатылатын қыз жасауының ішіне Абай шығармалары қолжазбасының ең құнды зат ретінде берілу дәстүрі болған. Ұлы ақынның қарасөздерін өзінің көзі тірісінде ауыл молдасына беріп, балаларға оқытуын талап еткен;

Абайтанудың берік іргетасын қалаған еңбек ретінде А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын айтуға болады;

М. Мырзахметұлының жүйелеуіне сүйенсек, Абайтану тарихы тұңғыш ақынның көзі тірісінде «Дала уәлаяты» газетінде өлеңі жарияланып, барша алаш ақынмен алғаш ресми түрде танысқан 1889 жылдан басталып, 1934 жылға дейін созылады;

Елімізде 1940 жылдардан бастап жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне «Абайтану» арнайы курсы оқытыла бастады;

М.Әуезов Абай шығармалары үш түрлі жолмен: «1. Баспасөз арқылы; 2. Халық арасында ауызша түрде; 3. Қолжазба күйінде» таратылғанын айтады;

Қазіргі негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектептерге «Абайтану» курсының білім мазмұны жұтаң, пәннің өзі вариативтік компонент болғандықтан, көп мектептерде жоспарланбайды, оның орнына басқа таңдау пәндері жүргізіледі;

Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінде» Абайтану курсының мазмұны тым тереңдетіп берілген. Бұл Абайға қатысты зерттеулерде көтерілген мәселелерді “түгел қамту, еш нәрсені қалдырып кетпеу” идеясымен ғана жазылған ба деген ой тудырады;

Қазіргі Абайды оқыту тәжірибесінде ақынның атын ғана білумен шектелу, білу деңгейінен қарапайым түсіну деңгейінің өзіне жете алмай, курсты аяқтау жағдайы орын алуда;

Үлгілік оқу бағдарламаларында шығарма тілін талдап, сол арқылы оқушыларды қаламгердің қазақ тіліндегі небір сөздерді қалай пайдаланғанын таныту, яғни қазақ сөзінің ақын немесе жазушы тіліндегі қолданысын көрсету арқылы тілді функционалдық тұрғыдан меңгерту мақсаттары көзделуі тиіс.

3 ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

3.1 Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің зерттелуі

1. Қазақ халқының ұлы ақын, ойшыл, тәлімгері Абай шығармаларын оқып, зерделеу үлкенге де, кішіге де парыз. Дегенмен ақынды оқыған әркім оның өлеңдері, кеменгер ойлары, философиясы, тұжырымдары, қара сөздерінің мән-мағынасын тереңдеп оқып, түсініп, талдау деңгейіне жете бермейтіні анық. Ол адамның өмірлік тәжірибесіне, тілдік санасына, оқыған-білгеніне, сөздік қорына сәйкес жүзеге асады. Абайды әркім тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық, прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне сәйкес қарапайым, орта, жоғары деңгейлерде қабылдайды, түсінеді, талдайды. Абай – қазақ деген халықтың даналығын әлемге танытқан біртуар ұлы тұлға, бүгінгі қазақ қоғамының кез келген өзекті мәселесіне байланысты бағыт-бағдар көрсететін ғұлама болғандықтан, егемен еліміздің әрбір азаматы, әрбір қазақ тым болмаса, ақынның өлең шумақтарын жатқа білуі керек. “Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет” [120]. Сондықтан ақын шығармашылығынан іріктелген үзінділер мектеп бағдарламасына енгізіледі. Оларды меңгертуге байланысты тапсырмалар жүйесі әзірленеді, тиімді әдістемесі іріктеледі. Ақын шығармашылығын меңгертумен шұғылданатын ғалымдар, әдіскерлер мен мектеп мұғалімдері осы мәселеге байланысты әдістемелік ой-пікірлерін ғылыми-әдістемелік ортаның талқылауына ұсынады. «Дүние мойындаған ұлы ақынымыз Абайдың өлеңдерін біз болашақ тілдік тұлғаға қалай үйретіп жатырмыз?», «Оқыту әдістемесіне қатысты қандай еңбектер бар?», «Олар ақын мұрасын оқыту мәселесіне қандай тұрғыдан келген, қандай әдіс-тәсілдер жинақталған екен?» жұмысымызда осы сынды сұрақтар төңірегінде жауап іздеу мақсатында Абай шығармаларын оқыту мәселесін көтерген зерттеулердің біразына талдау жасадық.

Абайды тану, Абайды оқыту мәселесінің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрады. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сөзден құрастырып, қисынын келтіріп сөйлеу, сөз өнерін меңгеру жайлы айта келіп: «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә жазып қолданумен біледі», - деп атап көрсетеді [121]. Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда алдымен оның өскен ортасындағы үлкендердің (ата-анасы, достары т.б.), екінші мектепте оқитын қазақ тілі, әдебиеті сабақтары және үшінші өзі үлгі тұтып, өз бетімен оқып, шығармашылығының тереңіне бойлаған ақын-жазушылардың әсерінің зор екендігін байқаймыз. Себебі өнердің кез келген түрі жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, оның эмоционалдық жағдайына, зияткерлік тұрғыдан өсіп-жетілуіне ықпал етіп, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени тәжірибесі мен даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Көркем шығарма адамгершілік сезімді оятумен қатар, айтып жатқан оқиғаны, кейіпкердің қуанышы мен мұңын бірге кешкендей сезімді оятып, эстетикалық ләззат береді. Ол ерекше көркемдік

қызметімен жас ұрпақтың санасына қайталанбас көркем таңбалар жүйесі арқылы ене отырып, оның рухани болмысын қалыптастырады. Өнер атаулы әрқашан адамның жан қуатын белсендіріп, таным көкжиегін кеңейтуде аса маңызды рөл атқарады [122]. Өнер атаулының ең жоғары шыңы – сөз өнері. Абай бұл жайында «өнер алды – қызыл тіл» деп түйіндеген. Оқушы тіл сабағына өзінің өмірін жақсарта түсуге мүмкіндік беретін жаңа бір өнердің түрін – сөз өнерін меңгеру сабағы деген көзқараспен қараған кезде, көп мәселе басқаша шешіледі. Көркем әдебиеттегі үздік шығармалардан алынған үзінділерді эстетикалық тәрбие беру құралы ретінде пайдалана отырып тіл үйретуді дидактикалық тұрғыдан зерттеген Л.Ф. Якупова сөз өнері адамның жан дүниесіне әсер етудің барлық әдістері мен құралдарын қамтитынын айтады [123].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «өнердің бәрінің қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады», - деп, сөз өнерінің басқа көрнек өнерлерден (сәулет, сымбат, кескін, әуез өнерлерінен) артықшылығын айтады. «Сөзбен қандай сымбаттау, я кескіндеуге болатындығын...» Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңдерінен мысалдар келтіру арқылы жеткізеді.

Абайтануды балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарының аудиторияларына дейін оқушы санасына сіңіріп, орнықтыру ісі оқытушы әдістемесінің шеберлігіне байланысты деген пікірді біржақты айтылған тұжырым деп санаймыз [124]. Себебі кез келген ақпаратты оқыту, меңгерту ісі тек әдістеме арқылы ғана жүзеге аспайды. Оқытатын маман алдымен өзі нені оқытатынын толық меңгеруі тиіс. Алдымен өзі оқытатын ақпаратын жүрегімен танып, құндылығын бағалап, ұлы идея ретінде жүрегіне орнықтыруы тиіс. Сол кезде ғана ол сол білімді оқушыларының жүрегіне жеткізе алады. Сол кезде ғана оқушылары ұстазының әрбір сөзін ақиқат деп қабылдайды, шексіз сенеді. Абайды оқытатын мұғалім өзі ақын өлеңдерін жатқа оқи алмай тұрса, өзі мүдіріп, шатасып тұрса, ол амалсыз сабақ бойында өз жағымсыз эмоцияларын байқатып алады. Оның барлығын мұғалімнің қас-қабағына қарап отырған оқушылар көріп, біліп, сезіп отырады. Сондықтан Абайды оқыту деген киелі де күрделі істі жалғыз әдістер арқылы ғана алып шығамын деп ойлау үлкен қателік болады. Абайдың ақындық менін, әрбір сөзін, терең сырлы лирикасын, сыншыл реализмін тану, білу, түсіну, меңгеру, бағалап, қорыту ісі – алдымен оқытушының өзіне жүктелетін үлкен міндет. Себебі Абайдың лирикасы – мол қазына, сырлы мұра. Абай – бүкіл бір халықтың ұлттық мәдениетін әсем сырлы сөз өнері арқылы жеткізуші ұлы тұлға. Ақынның табиғат лирикасындағы табиғаттың жасарып, жаңаруы, ондағы бейнеленетін сұлулық пен сұстылық, т.б. суреттеулердің астарында жатқан қалың елі, қайран қазағының тұрмысы мен тауқыметі, адам өмірі, үлкен философияны тани білу керек. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің маманы А. Көшімбаев ақын лирикасын оқытуда өлең мәтінін оқумен және жаттаумен ғана шектелмей, ондағы әсем көрініс тудырып тұрған сөздерді оқушыларға жан-жақты игерту әдістерін де қолдану керектігін

айтады [125]. Ғалымның нақты жекелеген сөздермен жұмыс түрлерін, атап айтқанда, «әсем көрініс тудырып тұрған» сөздермен жұмыс істеу жолдарын ұсынуы өте маңызды деп санаймыз. Себебі оқушы ақын өлеңдерін түсініп, қабылдауы үшін алдымен оның тілін түсінуі керек. Ақын тіліндегі көнерген сөздер мен кірме сөздерді атамағанда, бүгінгі күнде қолданылатын көптеген сөздердің өзінің мағынасын оқушы білмей жатады. Сондықтан Абай шығармашылығын танытуда ең әуелі атқаратын жұмыс түрі – оқушының шығарманы қабылдауына кедергі келтіретін тың сөздермен жұмыс болуы тиіс.

Абайтану пәнін оқытудың әдіснамалық негізін қалаған ғалым М. Мырзахметұлы осы пәннің оқу-әдістемелік кешенін де ұсынды. Ғалымның шәкірттерімен бірге жазған «Абайтану әліппесі», «Абайтану» сынды еңбектері осы пәнді жүргізетін әрбір мұғалім мен әрбір шәкірттің қолында болуы тиіс деп есептейміз. «Абайтану әліппесі» оқу-әдістемелік кешені оқушыға, мұғалімге, ата-анаға арналған төрт кітаптан тұрады. Кітаптар мен сөйлейтін қаламы арнайы қорапқа салынған [126]. Ғалымның тағы бір «Абайтану» атты оқулығы Қазақстан Республикасы Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған, қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған [127].

Абай шығармашылығын оқыту мәселесінде өз авторлық технологиясын жасаған ұлы ұстаз Қ.О. Бітібаева болды. Ұстаздың әдеби айтыс, пікірлесу диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сынды өнімді әдістерге және оқушылардың өз бетімен іздену мен зерттеу жұмысын дамытуға негізделген көп жылдық тәжірибесі Абай шығармаларын «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы атты авторлық технологиясын тудырды. Біз бұл жайлы «Абай шығармашылығын оқытудың авторлық сын жасаған ұлы ұстаз» атты мақаламызда сөз еткенбіз [128].

Абай, Мұхтар шығармашылығын оқушыға ой тастай, ойланта оқыту мәселесі Қ. Бітібаеваның мұғалімдік тәжірибесі басталған ең алғашқы кезден негізгі темірқазығы болды. Әлемдік әдістеме іліміндегі ең озық әдістердің бірі саналатын проблемалық оқытуды өз тәжірибесіне негіз етіп алған ғалым-ұстаз бұл әдісті кейін технология деңгейіне дейін көтерді. Көптеген еңбектерінде атап айтып, мақалаларында осы жайлы ескертіп отырады. Мысалы осы проблемалық оқыту әдісі жөнінде ұстаз өзінің «Әдебиетті оқытудың әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегінде: «Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушы алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыратын танымдық-ізденуші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс-тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді. Өтетін тақырып аса күрделі

емес, әрі оқушы дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді», -деп атап көрсетеді [129].

Ұстаз әдебиетті тереңдетіп оқытудың көкейкесті мәселелері ретінде мыналарға көңіл бөлген жөн деп атап көрсетеді: «1. Оқылатын авторлар санына әрі олардың қадау-қадау шығармаларына кең жол ашу, көркем сөз иесінің әлемін тұтастай қарастыру; 2. Тереңдетіп оқытудың келесі бір белгісі - көркем туындыны әдебиеттану ғылымы тұрғысынан терең талдау» [130]. Қ.О. Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» атты еңбегі – 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Еңбекте қазақ әдебиетінің бірнеше өзекті тақырыптарының қатарында Абай шығармашылығын оқыту мәселесіне ерекше орын бөлінген. Ұстаздық ғұмырының соңғы жылдарында жазылған бұл еңбегінде Қ. Бітібаева әрбір қаламгерді, әрбір шығарманы оқытуда өзек болар «нәтижеге бағытталған білім беру», «көкем мәтінді оқу жұмыстарын ұйымдастыру», «ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту», «сыныптан тыс жұмыстар жүргізу арқылы қаламгер шығармашылығына тереңдете бойлату», «білімді жинақтау» мәселелерін көтерген [131]. Ғалым-ұстаз терең талдау жасауда көркем туынды негізінде жатқан ойға, авторлық көзқарасты, яғни көркем туынды негізінде жатқан идеялық проблематиканы, сөз айшықтарын, тұжырымдап айтқанда, сырты күміс, іші алтын түр мен мазмұн бірлігін жанды бірлікте талдауға, көркем сөз иесінің стилі мен әдісіне барлау жасауға ерекше көңіл бөлген жөн деп есептейді. Көркем шығарманы оқытуда оқушыға әдебиет тарихынан, сол шығарма жайлы сын-зерттеулерден де мәліметтер беріп отырудың маңыздылығын ескертеді. Ұстаздың бұл пікірі көркем шығарманы тереңдете меңгерту арқылы оқушының тілдік тұлғасын дамыту идеясымен үндеседі. Тілдік тұлғаның жоғары прагматикалық-уәждемелік деңгейінде көтерілген кезде зерттеушілік құзыреттілік қүзыреттілік иесі болатынын көреміз. Оқушы ақын шығармашылығын өз бетімен зерттей оқып, сыни тұрғыдан бағалап, өз өміріне қажетін таңдап алатын мүмкіндікке ие болады.

Абай шығармашылығын тереңдете оқыту әдістемесінің қалыптасу бастауында тұрған Қ. Бітібаева “Абай шығармашылығын оқыту” атты еңбегінде 5-8 сыныптар аралығында оқытуға ұсынылатын Абай шығармаларының тізімін беріп, олармен жүргізілетін көптеген жұптық, топтық жұмыстардың, проблемалық, шығармашылық тапсырмалардың нақты үлгілерін көрсетеді. Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқумен қатар сарамандық жұмыстар жүргізудің маңызын ескертеді. “Болашаққа хат”, “Арыз” атты көмек-карточкаларының үлгілерін ұсынады. Ең бастысы, әдіскер-ғалым ұстаз Қ. Бітібаева ақын шығармаларының тілін тану, меңгеру, қолдану жолдарын үйрену бағытында жұмыс істеудің маңызын жоғары көтереді: «10-сыныпта Абай шығармашылығын өткенде, міндетті түрде оқушылардың көркем тілін дамыту жұмыстарын қоса жүргізу керек. Әдеби тілдің, жазба көркем тілдің негізін салушы Абайдың әр өлең толып жатқан інжу-маржанды поэтикалық тіл, даналық, шешендік сөз десек, артық емес. Бір ғана «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін алып қарасаң, осы

өлеңде қаншама ақыл-нақыл, афоризмге айналып кеткен даналық сөздер бар?! ...Көркем поэтикалық тіл Абайда жатыр. Сондықтан әр өлеңін талдауда, әсіресе, оның көркем, бай тіліне, әсем суреттемелеріне, шешендік сөздеріне, даналық қорытындыларына, Абай өмірге алып келген тамаша сөз тіркестеріне ерекше назар аудару керек», - деп атап көрсетеді [132].

Ғалым-ұстаз Абай шығармашылығымен қатар М.О. Әуезов шығармашылығын тереңдете оқытуды да қатар алып жүрді, осы бағытта тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған көптеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазып қалдырды. Ұстаздың бай әдістемелік мұрасын зерттеген еңбектердің қатарында М.К. Мұқашованың «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы» атты диссертациялық зерттеуін атауға болады. еңбекте Қ. О. Бітібаеваның авторлық технологиясының концептуалдық негіздері мен ұлттық кодқа негізделген білім беру жолдары, креативті тапсырмалар түрлері жан-жақты ашылған [133].

Абай шығармашылығын оқу мен оқыту, білу мен түсіну мәселелерін дидактикалық тұрғыдан зерттеген С. Жусанбаева «Абайтану» мен «Абай ілімі» пәндерін жоғары мектепте оқытудың өзекті мәселелеріне тоқталады. Ғалым Абай шығармашылығын оқытудың әдістемелік негізі ретінде Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнерінің адам санасының үш негізіне (ақыл, қиял, көңілге) тірелетіндігі жайлы қағидасын алу керектігін айтады. Оқушылардың Абай шығармашылығын меңгеру деңгейін бақылауға қажетті бақылау құралдарын жасаудың қажеттілігі өте екендігін айта келіп, Абайдың қара сөздері бойынша бірнеше тест тапсырмаларының үлгісін ұсынады, оларды құрастырудың дидактикалық талаптарын көрсетеді. Ең бастысы, оқушылардың Абай қара сөздерінің мәтінін өз бетінше оқи алу деңгейін арттыру бағытында жұмыс істеу қажеттігін ескертеді. Өлең мәтіндерін талдағанда оның бейнелік жүйесінің құрылымы, сөз мағынасы, мәтіндегі тірек сөздің көп мағыналылығы, сөздің сан алуан мағыналарын түсіну әрекеті және осы көп мағыналылықтан туындайтын ассоциациялар тізбегін мәтіннен табу бағытындағы жұмыстардың маңызды екенін атап көрсетеді. Автор тек Абайды оқытуда емес, негізгі, жалпы орта білім беру ісінде нормативтік негіз ретінде Блум таксономиясының орнына Абай таксономиясын қабылдау дұрыс болар ма еді деген сауал тастайды [134].

Ғалымның осы соңғы пікірімен біз де келісеміз. Себебі Блум таксономиясының кемшілік жақтары бүгінгі барлық пәндерді оқыту әдістемесінде өзінің дидактикалық талаптарға толық жауап бере алмайтынын көрсетуде. Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданыста жүрген Жаңартылған білім беру мазмұны осы Блум таксономиясына негізделіп құрылған. Таксономия бойынша таным деңгейлері адамның «Білу – түсіну – қолдану – талдау – жинақтау – бағалау» деген алты түрлі әрекетінен көрінеді деп есептеледі. Қарап отырсақ, осы таксономияның соңғы, ең жоғары деңгейі – бағалау әрекетімен аяқталады. Бұл – адамның ішкі ойлауы деңгейінде ғана көрініс табатын әрекет түрі. Ал адам алған білімін өмірде іске жаратпаса, қолданбаса, оның ешқандай пайдасы жоқ екені белгілі. Жоғарыда ұсынылған Блум таксономиясы бойынша

«қолдану» деңгейінің үшінші орында тұрғанын көреміз. Бұл біздің қазіргі мектеп жүйесінде мұғалімдер тарапынан оқушының сабақта біліп, түсініп оқыған ережелерді пайдаланып, жаттығулар орындауы түрінде ғана жүргізілуде. Ал шынайы өмірде, түрлі басқа жағдайларда қолдану мәселесі сөз болмайды. Оқушы алған білімін өз өмірін жақсарту мақсатында қолдануы жайында сөз болмайды.

Абай шығармашылығын оқытуда білім алушылардың оны біліп қана қоймай, терең түсініп және өз өмірін жақсарту мақсатында қолдануы дәрежесіне дейін көтерілуі маңызды. Осы мәселені қарастырған ғалым Ж. Дәдебаев: «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану оның шығармаларының өзегіндегі құндылықтар арқылы анықталады. Ол құндылықтардың мағынасы тірек сөздер арқылы ашылады. Солардың қатарынан білім және сенім концептілерін беретін концептуалды мағыналар жүйесінің маңызы зор», - деп атап көрсетеді [135]. Ғалым Ж. Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен бірнеше ғалымдар Абай шығармашылығын оқыту мәселесіне қатысты үлкен ғылыми жоба аясында жұмыс істеп, «Абайдың таксономиясы» ұжымдық монография шығарды. Еңбек авторлары Абайдың білім концепциясы жүйесінде өзара тығыз қатынастағы «білім мәнісі», «білім алушы тұлға және оның қабілеттері», «білім алушы тұлғаның қабылдау, білу, тану нысаны болатын болмыс», «білім алушының білу үдерісі, білу үдерісін қамтамасыз етуге қажетті жағдай, амалдар мен құралдар», «білім алушы тұлғаның білім алу үдерісі аяқталғаннан кейінгі қалпы» мәселелерін қарастырды. Абай шығармашылығына сүйене отырып, «Абайтану» бағытындағы жылдар бойы жүргізілген зерттеулерін негіз етіп ала отырып, «ТАЛАП – ҚАБЫЛДАУ – БІЛУ – ТҮСІНУ – ЕСТЕ САҚТАУ – ҚОЛДАНУ» үлгісіндегі Абай таксономиясын алып шықты [136]. Біздің ойымызша, бұл қазіргі Европа үлгісіне жалтақтап, ұлттық білім негіздерімізді айқындай алмай отырған қазіргі кезде ұстануымыз керек ең басты жол болуы тиіс. Абай таксономиясының құндылығы – оның ақын мұрасын білім беру үдерісіне қолдануға болатын ұлттық әдіснамалық жүйе ретінде ұсынуында.

Абай қарасөздерін жаңа технология бойынша оқыту мәселесін қарастырған С. Байсейітова өз мақаласында модульдік оқыту технологиясына негізделген бір сабақтың үлгісін ұсынады, әр слайдтағы жазбаларды толық бере отырып, оларға қатысты қойылатын сұрақтар үлгілерін береді. Топтастыру стратегиясы, талқылау картасы, тірек сызбалармен жұмыс тәрізді сабақты ұйымдастырудың белсенді стратегияларын ұсынады [137]. Ф. Оразбаева, М. Мұқашеваның әдістемелік мақаласы Қ. Бітібаеваның технологиясын негізге ала отырып, М. О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша жазылым дағдыларын дамыту жолдарын көрсетуге арналады. Мақалада роман-эпопеядан үзінділер беріліп, солардың негізінде оқушыға «шығарма-суреттеме «модельге негізделген», «Бала Абаймен ауылға...» (модель, макет, графика құру), мәтіннің түпнұсқасынан алшақтамай, шығармашылық ойлау қабілетіне ерік бере отырып, өз сипаттамасын жазу сияқты шығармашылық жазылым тапсырмаларының түрлері ұсынылады. Мақаланы Абай шығармашылығын тереңдете меңгертуге бағытталған нағыз әдістемелік еңбек деп бағалауға болады [138].

Абайдың өлеңдерін жаттауға ұсынар алдында алдымен ақынның өзі, өмірі, қоршаған ортасы, өмір сүрген кезеңі туралы, жалпы шығармашылығы туралы кеңірек ақпарат бере келіп, нақты ұсынылатын өлеңінің дүниеге келу тарихы жайлы ақпараттар болса, оны да қысқаша мәлімет түрінде беріп өту арқылы оқушыны қызықтыруға болады. Жас ғалым Ә. Байбол Абай ілімін балаларға оқыту мәселесін көтере отырып, ең әуелі баланың Абайға деген махаббатын оятудың маңыздылығын, Абай шығармаларын оқыту арқылы баланың елге, жерге деген патриоттық сезімін оятуға болатынын атап көрсетеді. «Егер балаға ұғынықты, қарапайым тілмен сөйлеп, оны қызықтыра білсек, онда ол Абай туралы дүниелерді құныға оқиды, іздеп жүріп оқиды. ... балаға Абайды ауырлатудың қажеті жоқ. Балаға өзі секілді балалық қылып ойнаған Абай қымбат. Мифологизацияны ересек кезінде ұғынады. Әзірге бұндай процеске үйрету ертерек» [139].

Зерттеуші Ғ.Р. Акманова орта мектеп бағдарламасындағы поэзиялық шығармаларды оқыту мәселесін көтере отырып: «Ұлы ойшыл өзінің шығармалары мен өлеңдерін балалар мен жастардың эстетикалық көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, туған жердің табиғатын сезіне білуге үйрету мақсатында жазған. Мысалы, жыл мезгілдері «Жазғытұрым», «Күз», «Қыс» өлеңдерінде табиғаттың әсем көрінісін суреттеуде қолданылған шешен тіл, бай сөздік қоры балалардың дүниетанымын кеңейте түседі», - деп есептей келе, осы өлең жолдарын оқушыларға дауыстап оқып шыққаннан кейін, оларға әдемі, түрлі-түсті жаз пейзажының бірнеше суреттерін интерактивті түрде көрсетсе, ол оқушының есінде жақсы сақталатынын атап көрсетеді. Абайдың өскен жерін, ол жырлаған табиғатты, отырған тауы мен тасын, тал мен теректі, өзен-көлді экраннан көрсеткен соң, оқушылардың ойларына ерік беріп, шағын эссе жаздыруға болатынын немесе табиғатты көз алдына елестетіп, сурет салдыруға болатынын айтады. Ақын өлеңдерін компьютерде жаздырып, буын, бунақ, тармақ санын анықтау, өлең үзінділерін белгілі бір диктордың орындауында тыңдап, соны қайталап, дауыс мәнерін түзеу сынды тапсырмаларды орындатуға болатынын айтады. Осындай тапсырмалар оқушының ойлау жүйесін арттырады деп есептейді [140].

Келесі бір мақалада Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты өлеңдерін басынып оқушыларына VR технологиясының көмегімен оқыту тәжірибесі ұсынылады. Аталған өлеңдерді оқушылар виртуалды шындықты көз алдына әкелетін арнайы көзілдіріктер кие отырып тыңдап, өлең мазмұнына сәйкес табиғи орта мен оқиғаларды көз алдарына әкелу мүмкіндігіне ие болатындығы баяндалады. Авторлар ұсынған суреттерден олардың жасанды интеллект арқылы жасалғандығын, ЖИ-дің бүгінгі күндегі мүмкіндігімен шектелген, шынайылыққа аса жақын емес, ғаламтор базасында бар қарабайыр бейнелер екенін көруге болады. Мақала мақсаты ретінде оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын, оқу нәтижелері мен цифрлық құзыреттіліктерін арттыру көзделген. Осы жердегі оқу нәтижелері деген ұғым түсініксіз болып, мағынасы ашылмаған, әдеби шығарманы меңгерту, оның тілін, көркемдік әлемін сезіндіру деген басты міндеттер назардан тыс қалып қойған. Сонымен қатар, VR

технологиясы тәрізді қымбат құралдарды қолдану әрбір мектепте, әрбір мұғалімнің қолынан келе бермейтіндігін ескерсек, ұсынылып отырған әдістеменің тиімсіздігі айқындалады [141].

Жоғарыда талдау нысанына алынған еңбектерде Абай шығармашылығын әдебиет пәнінде оқыту әдістемесі мәселесі жан-жақты зерттелген. Ал біз қарастырып отырған қазақ тілінде оқытпайтын мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқытылады, яғни тіл және әдебиет пәндері біріктіріліп беріледі. Біз қарастырған зерттеу еңбектердің қатарында ақын шығармашылығын қазақ тілі пәнімен байланыстырып, оқушы тілін дамыту тұрғысынан қарастырған еңбектер мүлде кездеспеді деуге болады. Абай шығармалары тілін әдебиеттанымдық жағынан ғана емес, ақынның сөзқолданысын талдай оқыту идеясына біршама жақын келетін еңбек ретінде А.А. Казиеваның мақаласын атауға болады. Абай шығармалары тілінің сөзжасамдық сипатын талдай отырып оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатын көздеген мақалада “-мақ/ -мек” жұрнағының қолданысы, семантикалық мәні ашылады. Оқушыларға қолданбалы білім берудің жолы ретінде ақын өлеңдерінің тілін талдау қажеттігінің маңызын көрсетеді, алайда мәселенің әдістемелік жағынан гөрі теориялық жағы көбірек айтылады [142].

Тақырыпқа қатысты зерттеу мақалалардың арасында шет тілдерді оқытуда Абай шығармашылығын қолдануға арналған еңбек те кездесті. У.Р. Қансеитова өз мақаласында Абай шығармаларын болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне оқытуда бүгінгі күннің талаптарымен кіріктіре оқыту қажеттігін жазады: «Ақын өлеңдерінің ең басты мақсаты – «ақыл сөз» айту арқылы адамның ынсап, ұят, арнамыс, сабыр, талабына қозғау салып, терең ой, терең ғылым» іздеуіне түрткі беру», - деп айта келіп, «ақын өлеңдеріндегі сөздер, сөз тіркестері, мысал өлең тармақтарын жаттау, оны аудару, мағынасын қазақша түсіндіру, одан соң оны аудару, кейбір сөздердің қазақша синонимдерін тауып, одан соң оның ағылшынша баламасымен сөйлем құрастыру немесе өлең шумағын ағылшынға аудару, одан соң оларды айтып үйрену, т.с.с. жұмыстарды сабақ үстінде орындау бір жағынан басқа тілді, мұнда ағылшын тіліндегі сөздерді дұрыс пайымдауға үйретсе, тағы бір жақтан, шетел тілін меңгеруді саналы іске асыруға мүмкіндік туғызады», - деп, оқыту әдістемесіне қатысты біршама ойларын жеткізеді [143].

Әдебиет пен қазақ тілі пәндерін кіріктіріп оқытатын болғандықтан, ол жерде көркем шығарманың мазмұны мен идеясы, тақырыбы, оқиғалары мен кейіпкерлері ғана талданбауы керек. Сонымен қатар қаламгер тілі бойынша да тапсырмалар орындалып, сөз қолдану үлгісі үйретілуі қажет. Сол кезде ғана оқушы сөзді құндылық ретінде танып, қабылдап, тіл байлығын кеңейте бастайды. Ғалым Ж.Т. Дәулетбекова білім алушының сөзді құндылық деп тануы үшін қаншама сатылардан өтуі қажет болатынын айта келе: «Ең алдымен, сөз оның ойды жеткізуінің, өзгелермен қарым-қатынас жасауының құралы ғана болса, кейін сөз туралы ұғымы кеңей келе сөздің адам өміріндегі маңызын тану арқылы оның мәнін түсінеді. Ендігі жерде сөз ол үшін құрал болудан өміртанымдық, моральдық негізге айналады. Ең бастысы, сөзді құндылық ретінде тани алады», - деп жазады [144]. Мектепте Абай шығармаларын

оқытудың өзегінде ғалымның осы пікірі басты ұстаным ретінде орын алуы тиіс. Оқушы Абайдың сөз өрнегін танып, түсініп, қолдана бастаған кезде ғана оның тіл байлығы дамиды. Сондықтан Абай шығармалары арқылы оқушының тілдік тұлғасын дамыту жұмыстарын академик Р. Сыздықтың «Сөз құдыреті» еңбегінде ұсынылған «сөз өнері, сөз таңдау, сөйлеу кезіндегі нормадан уәжді, уәжсіз ауытқулар» мәселелерін назарда ұстай отырып жүргізу қажет деп санаймыз [145].

Сонымен, жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде Абай шығармашылығын оқыту әдістемесін тілді оқыту тұрғысынан, оқушының тіл байлығын арттырып, функционалдық тұрғыдан оқыту мәселесі әзірге қолға алынбаған тың сала екендігін көреміз. Абайдың педагогикалық көзқарастары, оқу, тәрбие жайлы дидактикалық пікірлері жөнінде жазылған мақала түріндегі зерттеулер өте көп. Оларда негізінен Абай шығармаларынан үзінділер келтіріледі де, ақын сөздерін тарқатып, қайталап, түсіну деңгейіндегі өз пікірлерін баяндау орын алады. Ал ақын шығармашылығын талдап оқытуға, меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесін қамтитын, нақты әдіс-тәсілдерді көрсететін зерттеулер жоқ дерлік.

3.2 Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесі

Абай шығармашылығы – көркем тілдің, терең мазмұнның, ұлттық рухтың айнасы. Ақын өлеңдері мен қарасөздері арқылы тіл үйренуші оқушы тек грамматикалық құрылымдарды меңгеріп қана қоймай, сөздің әлеуметтік, мәдени, моральдық жүгін де таниды. Бұл – тіл үйренуді жай ғана коммуникациялық қажеттілік емес, рухани және танымдық құндылықтарды меңгеру құралына айналдыратын тәсіл. Абай шығармаларының тілі – оқушының тілдік тұлғасын ұлттық дүниетанымға негіздеп қалыптастырудың пәрменді құралы. Тілдік тұлға – тек грамматикалық сауатты адам емес, өз ойын жүйелі жеткізе алатын, тілдік жағдаятқа бейімделе білетін, мәдени-когнитивтік қабілеті дамыған тұлға. Абай тілін тану арқылы оқушы қазақ тілінің ерекшеліктерін таниды, эмоционалды-экспрессивтік құралдарды меңгереді, тілдің стильдік реңктерін ажыратады, қазақтың бай мәдени кодын бойына сіңіреді, тіл байлығы дамып, өз пікірін ауызша, жазбаша түрде сауатты жеткізуге машықтанады.

Тілді өнер ретінде меңгеріп, шеберлікпен жұмсау жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне: ақылға, қиялға, көңілге тіреледі. Ақылдың ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Оны басқаларға жеткізу үшін шеберлік қажет. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қарқынша жарайды», - деп айтқан болатын [121, б.154]. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым Абай жайлы мақаласында: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек», - дегенді айтады [146]. Ғалымның осы сөздеріне мән беріп

қарар болсақ, сөз шеберлігін дамыту үшін адам өз деңгейі, дәрежесін сынарлық білім керек дегенді айтады. Бұл жерде мәселе тілді сауатты қолдану туралы тілдік білім жайында болып отыр. Тілді қолданудағы өз деңгейін мөлшерлеп, өзін-өзі сынап алуы үшін оқушыға үлгі боларлық, үлгі тұтарлық нағыз тілдік тұлғаның үлгісі қажет. Ондай нағыз тілдік тұлғаның үлгісі – қазақтың ұлы Абайы. Ақынның сөз саптау үлгісін көріп, “ондай болмақ қайда” демей, үйренуге ұмтылып, алдына тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеру деген айқын мақсат қойған оқушы тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі.

1082-1083 жылдары жазылған аса бағалы педагогикалық мәні бар туынды деген бағаға ие болған Кейқабыс патшаның ұлы Ғиланшахқа қалдырған өсиетнама кітабы “Қабуснамада”: «Шешен кісілерді көрсең, ізет-құрметінді аямай, адамгершілік жасап, көңілін ал. ...Шешендердің кеңесінде болып, сөз өнерін үйрен», - деп жазылған [147]. Демек ұлы Абай тілдік тұлғасының, ақын сөз өнерінің үлгісі оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудың негізі болады. Себебі «Үздік туған шешен-билердің түйсік-қуатының күштілігі сондай, олар тілдің лексикалық және грамматикалық нормаларын, табиғи байланысу жолдарын мүлтіксіз сақтайды. Ұғымына, сөз мағынасы орайлас, сәйкес келеді» [7, б.135]. «Абай қазақ поэтикалық тілін байыта отырып, өз өлеңдері арқылы халық сөзінің байлығын пайдалану әдістерін ұсынды, әдеби үлгілерді қалай өзгертуге болатынын көрсетті, сонымен қатар бейнелі және поэтикалық құралдардың қорын кеңейтті» [148]. Сондықтан үздік сөз өнерінің иесі – Абайдың сөз орамдарының құрылымын, сөз айшықтарының түзілу жолдарын түсінген, қабылдаған, меңгерген оқушының тілдік тұлғасы тиісті бағытта қалыптаса бастайды.

Тіл үйретуде көркем шығарма тілін талдау мәтінде берілген тілдік бірліктерді санамалап атап шығуды ғана емес, олардың әрбірінің қалай қолданылғанын және қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтау арқылы оқушының өз тілдік біліміне, сөздік қорына қосуға болатын мүмкіндіктерді көздей жүргізіледі. Сондықтан Абай шығармаларының тілін талдау жұмысын жүргізген кезде бүгінгі тіл оқыту тәжірибесінде жиі кездесіп жүрген сөздердің аудармасын, олардың тура және ауыспалы мағынасын, лексикалық сипатын жай атап шығу жеткіліксіз. Мысалы, Абай шығармаларындағы табиғат лексикасын қарастырып көрелік. Ақын қолданған табиғат суреттері тек эстетикалық бейнелеу құралы емес, сонымен қатар философиялық, психологиялық және ұлттық мәдени мәнге ие лексемалар жүйесін құрайды. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіндегі «*Сәулесі суда дірілдеп, Ауылдың жаны терең сай*» жолдарында ай, су, сай ұғымдары табиғаттың нақты көрінісін берумен қоса, лирикалық тыныштық пен үйлесімнің семантикасын ашады. Ал «Қыс» өлеңіндегі «*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды*» деген жолдарда ақ киім, қар, боран сияқты табиғатқа қатысты лексемалар кейіптеу тәсілі арқылы қыстың мінезін сипаттайтын көркем әрі экспрессивті құралға айналады. Сондай-ақ «Жаз» өлеңіндегі «*Жаздыгүн шілде болғанда, Көгорай шалғын, бәйшешек*» тіркестеріндегі көгорай, шалғын, бәйшешек сөздері қазақ даласының өсімдік әлемін нақты бейнелеп, табиғаттың кеңдігі мен

көркемдігін тілдік тұрғыдан дәл көрсетеді. “Лексикалық тілдік құралдар көркем мәтіннің көркемдік мазмұнын, ұлттық сипатын, авторлық дүниетанымды жеткізетін семантикалық және стилистикалық жүйенің өзегі саналады” [149]. Сондықтан мәтін лексикасымен жұмыс жүргізуде осы мәселені ескеру қажет. Абай шығармаларындағы табиғат лексикасымен жұмыс мысалынан олардың поэтикалық образ жасаудың негізгі компоненті бола отырып, ұлттық тілдегі табиғат атауларының семантикалық, стилистикалық және мәдени қызметін атқаратынын түсіндіру маңызды.

Сонымен қатар, қазіргі тәжірибеде грамматикалық тақырыпты меңгерту көп жағдайда құр форма тану деңгейінде қалып келеді. Соған байланысты бүгінгі өткен грамматикалық тақырыпқа сай тілдік бірліктерді тауып, астын сызу, бос орынға қою, бағандарға орналастыру тәрізді механикалық тапсырмалар орындату жұмыстарымен ғана шектеледі. Аталған жұмыс түрлері де тілді меңгеруге ешқандай септігін тигізбейді. Грамматикалық формалар мәтіннің жалпы құрылымдық-мағыналық тұрғыдан ішкі берік байланысының түзілуін қамтамасыз ететіні белгілі. «Грамматикалық тәсіл сөйлемдердің арасында жалғаулықтар, есімдіктер, шылаулар және шақ сәйкестігі арқылы жүзеге асады». Олай болса, оқылатын әрбір грамматикалық бірліктің атқаратын мағыналық байланыс тудыру қызметін де түсініп оқу шарт. Мысал ретінде Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін оқыту барысында көсемше мен есімше формаларын қарастыра отырып, олардың грамматикалық құрылымын ғана емес, семантикалық, эмоциялық және бейнелілік мән үстейтін морфологиялық құрал ретіндегі қызметін талдай көрсету маңызды. Өлеңдегі есімше формалары – *құлпырған (жер жүзі), тасыған (өзен)* – табиғат көрінісінің статикалық сипаттарын нақтылап, заттың тұрақты күйін бейнелеуге қызмет етеді; олар поэтикалық образды заттандырып, табиғаттың көркем бейнесін айқындайды. Ал көсемше формалары – *дірілдеп, күрілдеп, сыбырласып, тамылжып, суынып, ысып, қағып, жаңғырып, қосып, тосып, шошып, бөгеліп, қағып, сүйеніп* – әрекеттің үнемі, қатар, үздіксіз өтіп жатқанын көрсететін динамикалық семантика қалыптастырады. Мысалы, «*Сәулесі суда дірілдеп*» жолындағы көсемше әрекеттің үздіксіздігін білдіріп, ай сәулесінің судың бетіндегі қозғалысын көзге елестетсе, «*Қалың ағаш жапырағы сыбырласып өзді-өзі*» тіркесі табиғаттың тірі, тынысы бар құбылыс екенін көрсететін бейнелік реңк үстейді. Сонымен бірге көсемше формалары сөйлемдерді мезгілдік қатынаста өзара байланыстырып, өлеңнің ырғақтық-ағымдық құрылымын күшейтеді; ал есімше формалары көркемдікті заттандыру арқылы табиғаттың айқын әрі нақты суретін жасауға мүмкіндік береді. Осылайша Абай есімше мен көсемше жұрнақтарының грамматикалық мүмкіндіктерін поэтикалық образ жасаудың функционалды құралына айналдырып, табиғат лирикасының терең эмоционалдық және көркемдік өрісін қалыптастырады.

Бұл жерде ең басты назар аударатын мәселе – осы тілдік құралдардың автор ойын жеткізуде қандай қызмет көрсетіп тұрғанын, олардың мәтіндегі мағынасын, эмоционалдық жүктемесін, астарлы мәнін ашу. Оқушыға түсінікті тілмен есімше формалары осы өлеңде табиғат көркемдігін сипаттау қызметін

атқарып тұрғанын, көсемше формалары осы құбылыс, әрекеттердің барлығы бір жерде, бір уақыт аралығында жүзеге асып жатқандығын жеткізу үшін қолданылған тілдік құралдар екенін түсіндіру маңызды. Осы ойды айтып, оқушыларға әсем әнді тыңдатып, көркем бейнематериал ұсынып, табиғат кереметін сезіндіру арқылы релаксация күйіне ендіріп, эмоциялық тұрғыдан әсер ету арқылы түсіндіру жұмысы жүрген кезде оқушы күрделі деген грамматикалық материалдың өзін ерекше шабыт күйінде, қуанышты әрі таң қалу сезімінде отырып, жеңіл қабылдайды. Себебі тілді үйретуде көркем әдебиетті пайдаланудың негізгі мақсаты – қаламгердің шебер қолданысындағы тіл қуаты арқылы оқушы сезіміне эмоционалдық тұрғыдан әсер ету екені белгілі. Сондықтан тілдің экспрессивтік әлеуетін осындай көркем әдебиеттің керемет мүмкіндігін пайдалан отырып түсіндірген кезде оқушы оның қолданыстағы қызметінің мәнін жақсы меңгереді. Өйткені тіл құдыретін сезінген кезде оқушы тілдің құрылымын ғана емес, оның шығармашылық мүмкіндіктерін де таниды, өз тәжірибесінде қолдану жолдарын меңгереді.

Абайды тану қазіргі тәжірибеде жиі орын алып келе жатқандай оның өмірбаяны мен қандай өлеңдер жазғанын, өлеңдерінің мазмұнын не туралы екенін білумен ғана шектелмеуі тиіс. Шығарма мазмұнын танумен қатар оқушы оның тілінің құрылымдық ерекшелігін, функционалдық сипатын да түсінуі тиіс. Б. Шалабай бұл жөнінде: «...шығарманың идеясын, мазмұнын ғана талдап, ал ол мазмұнның өзіндік, қайталанбас берілу тәсілдеріне назар аудармасак, немесе оның тілдік көрінісін ғана зерттеп, одан мазмұнға қарай шыға алмасак, онда бұл екеуі де біржақты ғана пікір болар еді», - деген пікір айтады [98, б.17]. Қазақ тілі сабағында Абай шығармашылығын қолдану арқылы оқушының сөйлеу тілінің дамуына, тілдік тұлғасының қалыптасуына оң әсер беретін мүмкіндіктерді барынша молынан алуымыз қажет. Ол үшін мәтін тілін талдау жұмыстары кешенді түрде, үнемі жүргізіліп отыруы қажет. Оқушыға «мәтіндегі байласымды жүзеге асырушы лексика-грамматикалық амал-тәсілдер – есімдік, тәуелдік жалғау, үстеу, шылау, қыстырма, синоним, антоним сөздер, етістіктің бірыңғай шақ тұлғасы, синтаксистік параллельділік, түрлі қайталаулар т.б.» [150]. меңгерту қажет. Соған байланысты Абай тілін зерттеп, танып, талдау арқылы ақынның сөз қолдану шеберлігін меңгерту, яғни ақын шығармашылығы арқылы сөз өнерін меңгерту ісі маңызды міндет ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

Тіл дамытудан нақты нәтиже шығуы үшін оқушы Абай өлеңдері арқылы қабылдайтын білімін өз дүниетанымын кеңейтетін және сөз өнерінің дамуына ықпал ететін мүмкіндік деп қабылдауы тиіс. Осыған орай оқушыларға жүргізетін әр сабағымыздың танымдық жағымен қатар қызықтырушылық әсерін де үздіксіз дамытып отыруды ескеруіміз қажет. Шын мәнінде, оқушы сөз арқылы ұсынылған ақпаратты түсініп, тану арқылы сөзді қарым-қатынастың қарапайым құралы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу өнерін дамытып, өз өмірін жақсартатын басты мүмкіндік ретінде сезініп, құндылық ретінде тану деңгейіне жеткенге дейін өте күрделі танымдық сатылардан өтеді. Сөзді құндылық деп қабылдайтын деңгейге жеткен кезде ғана оқушы әр сөзге мән беріп қабылдап, мән бере

сөйлеуді меңгере бастайды. Сөздің құрал ретінде шеберлікпен қолдану арқылы өмірді танып, әлеуметтік ортасында өзін танытуға болатынын сезінеді.

Сондықтан оқушыларға оқу жылының бірінші күнінен бастап ең алдымен қазақ тілін үйрену сабағына деген қарым-қатынастарын жаңаша құру қажеттігі ескертілді. Сабақтар сыныптағыдан мүлде тың жағдайда өтетіндігін сезінген оқушылар да тіл өнерін меңгеруге деген ниеттерінің ерекше екенін білдірді, Абай айтқандай, «шын мейірленіп», үлкен үмітпен, мұғалім қолданатын әдістердің ерекше тиімді болатынына деген үлкен сеніммен кірісті.

Оқушының тіл үйренуге жоғары психологиялық дайындығы оның оқуға деген құштарлығының дамуына, өздігінен білім алу дағдысының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Өйткені тіл үйрену әр адамнан ынта мен еңбекқорлықты, талаптылық пен табандылықты талап етеді. Оқушы сабақта берілген ақпаратты қабылдап, жүрегімен сезініп, өмірде қолдана бастағанға дейін ақыл-ой қуатын қажет ететін көптеген күрделі ақыл-ой әрекеттерін бастан кешіреді. Сондықтан оқушыларға Абай өлеңдері арқылы тіл үйретудің ең алғашқы сабағынан бастап тілдік білімді меңгеру арқылы сөйлеу тілін дамытудың мүмкіндіктері түсіндіріліп, сөйлеу әрекетін меңгеру өте күрделі жан қуатының қызметін талап ететіні ескертілді. Оқушылар сөйлеу әрекетін өз-өзінен жүзеге асып жатқан хаосты құбылыс деп қарамай, оны сапалы түрде жүзеге асырудың ғылыми негізін түсінген кезде өзінің мүмкіндігін бағалап, саналы түрде әрекет жасай бастайтыны анықталды. Абай өлеңдерін оқып, еркін талдауға белсенді түрде араласу қазақ тілінде сөйлеу дағдысын жетілдірудің басты мүмкіндігі екендігін түсінді.

Шығарма тіліндегі тілдік бірліктердің қызметін түсініп, тіл байлығын дамытатын құрал ретінде оқып, өз сөйлеу тілінде қолдануға ұмтылу қазіргі күнде көп айтылып жүрген функционалдық білім алу дегенді білдіреді. Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін зерттеген ғалым А.Қ. Рауандина тіл үйретуде оқушы санасында тілдік бірліктердің функционалдық қызметі туралы жүйелі білім қалыптастырудың маңызы зор екендігі айтады [151]. Яғни оқушы сабақта меңгерген теориялық білімін өмірде мақсатты түрде қолданудың жолдарын меңгеруі тиіс. Біздің пікірімізше, функционалды сауаттылықты қалыптастыру үшін, тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да арнайы білім беру ортасын құру қажет. Бұдан сыныптан тыс уақытта және сабақта шығармашылық атмосферасын құру, балаларды оқу материалдарына қызықтыру, олардың белгілі бір мәселені шешуде өздері түсінуіне, дұрыс шешімін табуға, жауабының дұрыстығын негіздеуге деген құштарлығын оятуды қалай жүзеге асыруға болады деген сұрақтар туындайды. Сондықтан оқыту үдерісін формальды емес жағдайда ұйымдастырудың маңызы зор. Сыныптан тыс үйірмелер мен жазғы тілдік лагерьлер жұмысын тиімді ұйымдастыру функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Себебі қозғалыс дамудың тұрақты серігі екені белгілі, сондықтан күрделі тілдік білімді қозғалыс үстінде, динамикалық сипатта, ерекше жағдаятта ұсыну тілдік кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді. сабақтан тыс кезеңде немесе табиғат аясында ұйымдастырылған тіл үйрену

сабақтарында тапсырмаларды түрлендіріп ұсыну тұлғаның тапқырлық, ұтқырлық, стандартты емес кез келген ситуацияны шешуге қабілеттілік, проблемалық көзқарасты анықтай білу, психикалық ахуалға икемділік, коммуникативтік және ақпараттық мәдениет сияқты қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. «Білім алушылар нақты өмір сценарийлеріне еліктей отырып, проблемаларды шешу, мағыналарды үйлестіру және өз пікірлерін білдіру үшін өздерінің тілдік дағдыларын қолдануға мүмкіндік алады» [152].

Жоғарыда ұсынылған ғалымдардың пікірлері теориялық тұрғыдан көңілге қонымды болғанымен, оны практикалық тұрғыда жүзеге асырудың оңай міндет емес екені белгілі. Қазақ тілін үйрету әдістемесінде тілдік қатынас теориясын ғылыми негіздеген Ф. Оразбаева: «Адам тіл арқылы нені жеткізетінін білгенімен, тілді және сөйлеу процесін өзіне бағындыра алмайды. Сөйлеу әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне бағынышты емес, ол – жаратылыстан пайда болған ерекше құбылыс», - деп, сөйлеу әрекетінің аса күрделі құбылыс екендігін ескертеді [153]. Осыдан келіп, қазақ тілі сабақтарын жүргізудің мақсатты нәтижесі – оқушылардың сөйлеу тілін, коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың үлкен әдістемелік білім мен еңбекті талап ететін күрделі мәселе екенін көреміз. Қазақ тілі сабақтарында тіл үйретуде Абай шығармашылығын қолдану бұл күрделі міндетті екі еселейді. Себебі Абай өлеңдерін оқытудың жауапкершілігі өте жоғары.

Абай шығармалары арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру тілдік құралдарды меңгерумен қатар, мәдени, этикалық, әлеуметтік нормаларды қабылдауға, сол арқылы азаматтық сана мен ұлттық сәйкестікті дамытуға да жол ашады. Абай шығармашылығы – қазақ тілін оқытудың құнды әдістемелік ресурсы ғана емес, сонымен қатар оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеудің қайнар көзі. Деңгейлік тапсырмаларға негізделген тіл дамыту жұмыстары оқушының тілдік тұлғасын жүйелі, мақсатты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістеме лингводидактикалық тұрғыдан да, педагогикалық тұрғыдан да тиімді болып табылады, себебі ол оқушыны тілдік және мәдени кеңістікте еркін бағдарлайтын толыққанды коммуникатор ретінде қалыптастырады. Бүгінгі білім беру жүйесінде жеке тұлғаны дамыту, білім алушының ішкі әлеуетін ашу, оны ұлттың мәдени-рухани мұрасымен байланыстыру міндеттері алдыңғы қатарда тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасы негізінде тіл дамыту әдістемесін ұсыну – олардың тілдік және тұлғалық дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Қоғам, заман талаптарының ықпалымен орыс тілін басымдықпен қолданатын, ана тілі – қазақ тілін жеткілікті дәрежеде білмейтін көптілді оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруда да ең алдымен оның жан-дүниесін рухани-мәдени құндылықтармен байыту жолдарын қарастыру қажеттілігін айқындаймыз. Сол кезде тілді тек қарым-қатынас құралы деп түсініп келген оқушы оның басты рухани құндылық екендігін сезінетін болады. Балаға мейірбандықпен қараса, ол үлкеннің қолдауын сезініп, шыдамды болуды үйренеді. Балаға бұрын игерілмеген дүниені мейіріммен, төзімділікпен және махаббатпен игеруге көмектесу керек. Ол үшін мұғалімнің өзі Абай

шығармашылығын үздіксіз оқитын, алған білімін өмір тәжірибесімен байланыстырған сайын жаңаша сезініп, бағалап, насихаттап жүретін, толық адам қасиеттерін өз бойында қалыптастыруға ұмтылатын жасампаз жан болуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының тілін дамыту арқылы оның тілдік құзыреттілігін, яғни ойды жүйелі жеткізе алу, тыңдай және түсіне білу, сауатты жазу, сөйлеу этикасын сақтау, лексикалық және грамматикалық нормаларды меңгеру қабілетін мақсатты, жүйелі түрде жетілдіріп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер етуге болады. Бұл үдеріс білім алушының тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық), коммуникативтік және когнитивтік дағдыларын дамытуды қамтиды.

Ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда әдеби шығарма мен қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін байланыстыра оқыту мәселесі – шешімін таппай келе жатқан аса маңызды міндеттердің бірі. Орыстілді мектептерде оқитын 8–9-сынып оқушыларына қазақ тілін меңгерту үдерісінде ұлттық рухани-мәдени құндылықтармен таныстыру, сөз байлығын жетілдіру, көркем сөйлеуге дағдыландыру – тілдік тұлға қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Осы бағытта Абай шығармашылығын негізге ала отырып тіл дамыту әдістемесін жасау – өзекті, қажетті және ғылыми-теориялық негізделген қадам.

Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесінің мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Абай шығармашылығын оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін деңгейлік тапсырмаларға негізделген тіл дамыту әдістемесін ұсыну.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

1. Абай шығармашылығын оқыту арқылы оқушылардың сөздік қорын кеңейту, тіл байлығын арттыру.
2. Оқушылардың әдеби тіл нормаларын меңгеруіне ықпал ету.
3. Деңгейлік тапсырмалар арқылы тілдік, танымдық және мәдени құзыреттерді бірлікте дамыту.
4. Абай тілінің құрылымдық, көркемдік ерекшелігін талдап, қолдану жолдарын меңгерту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын жетілдіру.
5. Оқушының тілдік тұлғасын ұлттық мәдениетпен сабақтастыра отырып қалыптастыру.

Бұл әдістеме Абайдың пайдалы білім қорын қамтитын, сыншылдық қасиет қалыптастыруға ықпал ететін өлеңдері мен қарасөздерін оқу материалы ретінде іріктеп алып, оқушыларды ақынның тіл жұмсау шеберлігімен таныстыруды көздейді. Абай шығармашылығы негізінде тіл дамыту әдістемесінің ұстанымдары лингводидактика ғылымының негіздеріне сүйеніп анықталады. Олар:

1. *Тұлға дамытуға бағытталған ұстаным* бойынша әдістеме оқушының тілдік тұлға ретінде дамуына бағытталады. Абайдың «Толық адам» концепциясы оқушының ішкі мәдениеті мен сөз мәдениетін бірлікте дамытуға қызмет етеді.

Ақыл, қайрат, жүрек үйлесімін тіл үйрену уәжемесі мен тұлғалық рефлексиясына айналдыру – бұл әдістеменің басты мақсаты.

2. *Уәждемелік және құндылықтық ұстанымға* сәйкес оқушы Абай шығармалары арқылы тек тілді үйреніп қана қоймай, оның астарында жатқан моральдық-этикалық мәнге бойлайды. Бұл – тілді оқытудағы ішкі уәждемені арттырудың ең табиғи жолы. Оқушы тілдік бірлікті тек грамматикалық бірлік ретінде емес, адамгершілік, рухани категория ретінде қабылдай бастайды.

3. *Мәдениетаралық сәйкестік ұстанымы негізінде* Абай шығармаларының мәдени және философиялық негізін меңгеру – оқушыны қазақ этносының ұлттық болмысымен таныстыруды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде оқушының мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамытуға өз ықпалын тигізеді.

4. *Деңгейлік және саралап оқыту ұстанымы* бойынша Абай өлеңдері мен қарасөздері күрделілік деңгейіне қарай іріктеліп, тілдік дайындық деңгейіне сәйкес бейімделген тапсырмалар арқылы меңгертіледі. Бұл оқушылардың тілдік әлеуетін жеке деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

5. *Коммуникативтік-қатысымдық ұстанымға* сәйкес әдістеме Абай шығармаларын тек оқылым және тыңдалым арқылы емес, айтылым және жазылым әрекеттері арқылы да меңгертуді көздейді. Мәтінмен жұмыс барысында шығармашылық жұмыстар орындау арқылы оқушылар өз ойын білдіруге, пайымдауға, пікір алмасуға үйренеді.

6. *Интегративтік ұстаным* бойынша тіл дамыту барысында әдебиет, тарих, философия пәндерімен пәнаралық байланыс орнатылады. Бұл оқушының дүниетанымын кеңейтеді, тілдік материалды жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды.

7. *Когнитивтік және тезаурустық ұстаным* Абай тіліне тән фразеологиялық, лексикалық, стилистикалық бірліктер – оқушының тезаурустық қорын толықтыруды көздейді. Бұл оқушының когнитивтік және прагматикалық тілдік қабілеттерінің дамуына жол ашады.

Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесінен күтілетін нәтижелер:

1) *Тілдік құзыреттілік*: 1. Абай шығармалары негізінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгеріп, сөздік қорын кеңейтеді; 2. Қазақ тілінің әдеби нормаларын, сөйлем құрау, сөзді дұрыс қолдану, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтауды меңгереді; 3. Мәтіндегі лексикалық, грамматикалық бірліктердің қызметін түсіндіре алады (есімше, көсемше, теңеу, эпитет т.б.); 4. Қарапайым және күрделенген мәтіндер бойынша ойды жүйелі жеткізу, өз ойын жазбаша және ауызша түрде түсінікті баяндай алу дағдыларын қалыптастырады.

2) *Танымдық құзыреттілік*: 1. Абай шығармаларының мазмұнын, негізгі идеясын, көркемдік ерекшеліктерін талдай алады; 2. Мәтінде көтерілген ұлттық-мәдени құндылықтарды тани алады, олардың мәнін өмірлік тәжірибесімен байланыстырады; 3. Абай шығармаларындағы философиялық ойларды пайымдай алады, оларды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіреді; 4. Қазақ халқының мәдениеті, дүниетанымы туралы білімін кеңейтеді.

3) *Коммуникативтік құзыреттілік*: 1. Абай шығармалары негізінде диалог, пікірталас, монолог құра алады; 2. Тыңдалым материалдары (өлең оқу, бейнеүзінді, мұғалімнің түсіндірмесі) бойынша маңызды ақпаратты анықтайды, сұрақтарға жауап береді; 3. Абай шығармаларына қатысты өз көзқарасын дәлелдеп айтуға, мысал келтіре отырып пікір білдіруге дағдыланады.

4) *Шығармашылық құзыреттілік*: 1. Абай шығармаларынан алынған үзіндіге сүйене отырып шағын эссе, кейіпкер атынан жазылған хат, диалог, сюжеттік жалғасы немесе интерпретация тәрізді шығармашылық жұмыстарды орындай алады; 2. Көркем мәтіндегі образдарды креативті түрде түсіндіреді, өзіндік идея ұсынады.

5) *Құндылық және тұлғалық құзыреттілік*: 1. Абай шығармаларындағы адамгершілік, еңбек, әділет, рақым, қанағат құндылықтарын түсініп, оларды мінез-құлық нормаларымен байланыстырады; 2. «Толық адам» концепциясының элементтерін (ақыл, қайрат, жүрек) өз даму жолында қолдана біледі; 3. Тіл үйренуге деген ішкі уәждемесі артады, қазақ тіліне деген қызығушылығы күшейеді; 4. Қазақ мәдениетіне, әдеби мұрасына деген құрметі қалыптасады.

Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесінің бағалау критерийлері оқушылардың тілдік, танымдық, коммуникативтік және шығармашылық құзыреттілік деңгейлерін бағалау арқылы анықталады.

А) *Оқушының тілдік құзыреттілігі*: 1. Абай шығармаларынан алынған сөздер мен тіркестердің мағынасын дұрыс түсіндіреді; 2. Лексикалық бірліктерді сөйлеуде орынды қолданады; 3. Мәтіндегі негізгі тілдік бірліктерді ажыратады және қызметін түсіндіреді; 4. Сөйлемді әдеби тіл нормасына сай құрайды. *Бағалау*: 3–4 бірлікті дұрыс анықтаса – жоғары деңгей; 1-2 бірлік дұрыс – орта; Қателері көп – төмен деңгей.

Ә) *Оқушының мәтінді түсіну және талдау құзыреттілігі*: 1. Мәтіннің негізгі ойын анықтайды; 2. Кейіпкердің іс-әрекетіне сипаттама береді; 3. Көркемдік құралдарды таба алады және олардың мәтіндегі рөлін түсіндіреді; 4. Мәтіндегі ұлттық құндылықтарды таниды. *Бағалау*: Идеяны толық ашады, кемінде 2 дәлел келтіреді – жоғары; Жартылай ашады – орта; Түсіндірмесі жеткіліксіз – төмен.


Б) *Оқушының коммуникативтік дағдысы (айтым, жазылым, тыңдалым, оқылым)*: 1. Берілген тақырыпқа байланысты 6–8 сөйлемнен тұратын монолог айта алады; 2. Абай шығармасы бойынша диалог құра алады (кемінде 4-5 реплика); 3. Мәтінге қатысты сұрақтарға толық жауап береді; 4. Өз ойын дәлелдеп айтуда логикалық байланыстарды сақтайды. *Бағалау*: Ойы нақты, байланысты, грамматикалық қателері аз – жоғары; Байланыс бар, бірақ қателері көп – орта; Ойы түсініксіз, сөйлемдер байланыссыз – төмен.

В) *Оқушының шығармашылық құзыреттілігі*: 1. Абай өлеңі немесе қарасөзі негізінде шағын эссе (8-10 сөйлем) жазады; 2. Кейіпкер атынан ойтолғау/диалог/хат құрастырады; 3. Көркем мәтінді интерпретациялайды (кейіпкер сезімі, автор ойы). *Бағалау*: Шығармашылық идея айқын, мәтін жүйелі – жоғары; Идея толық ашылмаған – орта; Мәтін құрылымы әлсіз – төмен.

Г) Оқушының құндылықтарды меңгеруі: 1. Абайдың құндылықтарын (қанағат, рақым, әділет, еңбек) түсіндіреді; 2. Өз өмірімен байланыстырады (мысал келтіреді); 3. Әдеби шығармадағы моральдық тұжырымды дұрыс анықтайды. Бағалау: Байланыс нақты әрі дәлелді – жоғары; Байланыс бар, бірақ дәлелдері әлсіз – орта; Байланыстырмайды – төмен.

Деңгейлік тапсырмалар жүйесі оқушының тілдік тұлғасын онтогенездік тұрғыдан дамыту қағидасына сүйенеді. Оқу материалы қарапайым тілдік бірліктерден бастап, күрделі мәтіндік және прагматикалық құрылымдарға дейін біртіндеп беріледі. Бұл оқушының тілдік даму табиғилығын сақтауға мүмкіндік береді. Абай шығармалары – тілдік-мәдени контексті терең, көркемдік құрылымы күрделі мәтіндер. Лингводидактика тұрғысынан бұл шығармалар ұлт болмысы, салт-дәстүр, дүниетаным сипатталатын мәдениеттанымдық мазмұнға бай. Абай шығармаларының тілі фразеологизмдер, поэтикалық синтаксис, көнерген сөздер, араб-парсы кірме лексикасынан тұратын көпқабатты тілдік құрылымға ие. Ұлы ақынның ұлт тәрбиесі мәселесін көтерген дидактикалық шығармалары оқушылардың бойына этикалық, моральдық, рухани ұғымдар жүйесін сіңіріп, құндылықтық бағдар беруге зор ықпал етеді. Сондықтан Абай шығармаларына негізделген оқу тапсырмалары білім алушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық қатысым мен ойлау қабілеттерін де дамытады.

Абай шығармашылығы арқылы тіл дамыту әдістемесі – тек тілдік бірліктерді меңгерудің құралы ғана емес, оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеудің, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың, тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негізі бар интегративтік модель. Бұл әдістеме тілді үйренудің коммуникативтік, когнитивтік және аксиологиялық аспектілерін қатар жүзеге асырып, оқушыны қазақ тілінің әлеуетін толық түсінетін, мәдени контексте қолдана алатын тілдік тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тіл дамыту әдістемесінің кезеңдері 4-суретте ұсынылды.



Сурет 4-Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесінің кезеңдері

Абай шығармашылығы арқылы тіл дамыту әдістемесінің танымдық, тілдік және шығармашылық дағдыларды дамыту кезеңдерінен тұрады.

Танымдық дағдыларды дамыту кезеңі оқылым, тыңдалым әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың назарын аударту, оқу материалының беделін таныту мақсатында меңгерілетін ақпараттың мәні мен маңыздылығын

арттыратын қызықты қосымша ақпараттар беріледі. Абайды зерттеген ғалымдардың пікірлері, Абай әндері, аудармалары, т.б. қосымша материалдарды интерактивті форматта, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Мәтінде берілген негізгі ақпаратты анықтау, белгілі бір сөз тіркестерінің мағынасын контексте түсіну, шығарманың идеясын анықтау бойынша тапсырмалар ұсынылады.

Тілдік дағдыларды дамыту кезеңі Абай шығармалары тілінің құрылымын тану арқылы қазақ тілінің әдеби-тілдік нормасын меңгеруді көздейді. Ақын қолданысындағы сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мағыналық-формалық ерекшеліктерін тану, лексика-грамматикалық сипатын анықтау, тілдік бірліктердің мәтінде атқарып тұрған қызметін тану т.б. тапсырмалар түрлері арқылы жүзеге асырылады.

Шығармашылық дағдыларды дамыту кезеңі ауызша, жазбаша шығармашылық тапсырмалар орындау түрінде айтылым, жазылым әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Диалог құрау (мысалы, Абай мен замандасы арасында), көркем мәтінге интерпретация жасау (кейіпкер сезімі, автор мақсаты), Абай шығармасынан алынған үзіндіге қатысты өз ойын білдіру, қарасөз немесе өлең жолдарын негізге ала отырып шағын эссе жазу тапсырмалары ұсынылады.

Абай шығармалары арқылы тіл дамытуға арналған деңгейлік тапсырмалар да жоғарыда айтылған танымдық, тілдік және шығармашылықты дамыту кезеңдеріне сәйкес тіл үйренудің коммуникативтік деңгейлерін (А1–С2) ескере отырып құрастырылады. Абай шығармалары арқылы тіл дамыту тапсырмалары тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық және прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне лайықталып әзірленеді.

1) Танымдық дағдыларды дамыту тапсырмалары

1.1 Абай шығармалары жайлы қосымша мәліметтер беру

Жасөспірім оқушының миы кез келген қиындықтағы тың ақпаратты қабылдауға бейім. Ол үшін оқушыны қызықтыру мақсатында инновациялық технологияларды қолдана отырып, алдын-ала дайындық жұмыстары өте тиімді ұйымдастырылуы шарт. Ұсынылатын оқу материалдары оқушының көру, есту сезімдеріне әсер ете отырып, өте сәтті ұсынылған кезде, адамның миында психологиялық импринт, яғни із қалдыру, әсер ету құбылысы өтеді. Ондай жолмен алынған ақпарат мидың ұзақ есте сақтау қабілетін дамытады. Сондықтан оқушыларға Абай өлеңдерінің жазылу тарихы, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар жайлы қосымша мәліметтерді қызықты етіп ұсыну үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданған жөн. Абай өлеңдерінің дүние жүзінің көптеген тілдерге аударылғаны жөніндегі қосымша мәліметтер дағдылы баяндау түрінде емес, адам сезіміне әсер етер формада берілген кезде оқушылар ұлы Абайды дүние жүзіндегі мәдениетті қауым жоғары бағалайтынын, білуге ұмтылатынын түсінеді. Өзін мәдениеттімін деп санайтын кез келген саналы адам Абайды білуге тиісті екендігі жайлы ойға келеді. Осындай жолмен берілген өлең мәтінін оқушылар аз уақыттың ішінде, жылдам, саналы түрде әрі ұмытпастай меңгеріп алады. Ең бастысы, ұлы ақынның өлеңдері арқылы саналарына

сіңірілетін «Абайдың кісілік кодексіне» сай өмір сүрудің маңыздылығын сезінеді. Нәтижесінде оқушылар Абай өлеңдерін оқу арқылы әрі адамгершілік, ар, ақыл, өнер-білім, еңбек жайлы ұғымдарды санасына сіңіреді, әрі қазақ тілінде жетік сөйлеу мүмкіндіктері артады.

Біздің алдымызға келген оқушылар – Абайдың қазақтың бас ақыны екенін біледі, бірнеше өлеңдерімен мектеп бағдарламасынан таныс. Алайда мектеп жүйесінде Абай өлеңдерін оқығанда оның мазмұны, тілі, көркемдік қуаты, ой тереңдігі, философиялық астары сияқты дүниелерге баса назар аударылып, әр өлеңнің шығу тарихы, нақты кімге, қашан жазылғаны, дәл сол кезде автордың өмірінде қандай оқиғалар болып жатты деген мәселелер екінші орында қалып қояды. Сондықтан «...ақын өлеңдерін жас ұрпаққа түсіндіргенде мектептегі Абайтану сабақтарында теорияға бармас бұрын, өлеңнің тарихымен таныстырса, оқушыны ынтықтыра түсер еді» [154,155] деген зерттеушілер пікіріне біз де қосыла отырып, өз сабақтарымызда Абайдың өлеңдерінің жазылу тарихынан мәліметтер беріп отыру қажеттігін міндет деп санадық. Бұған қатысты материалдарды Абайтанушы ғалымдардың зерттеулерінен молынан табуға болады. Сонымен қатар Абайдың әрбір өлеңі мен қарасөзінің қашан, қайда, кімге арналып, қандай жағдайларға байланысты, қай жанрда жазылғаны, қайда жарияланғаны, қай тілдерге аударылғаны жайлы жан-жақты мәлімет берілетін “Абай” интерактивті кешенінен тауып алуға болады. Сол кезде ұсынылатын ақпаратты оқушы есінде жақсы сақтайтынына көзіміз жетті. Сонымен қатар жоғарыда айтып өткен Абайтану ілімінің тарихы жайлы, Абай шығармаларының алғашқы қолжазба нұсқаларының таралуы жайлы, Абай шығармалары тіліндегі сөздердің статистикасы жайлы т.б. қызықты ақпараттарды білім алушылардың ынтасын ояту мақсатында орнымен ұсынылып отырдық.

1.2 Абай әндерін пайдалану

Қазақ ұлттық педагогикасының негізін қалаған еңбегінде М. Жұмабаев есту сезімінің жан тұрмысына керектігіне тоқтала келіп, оның сыртқы жаратылыспен таныстыру қызметін атап көрсетеді. Абайдың:

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй, - деген өлең жолдарын келтіре отырып, адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі екендігін, әдемі ән, сұлу күй бойды билеп, денені балқытып, адамға терең ой салатындығын айтады [156]. Сондықтан тіл үйренуде ән сөздерін қолдану да күрделі өлең мәтіндерін оқушының есту сезіміне әсер ете отырып ұсынудың тиімді жолы болады. Абай – талантты күйші, көптеген әндердің әні мен сөзін жазған композитор. Зерттеушілер Абайдың «ессіз, есер», «құлақты тесер», даңғаза, мәнсіз, мағынасыз, ойсыз әндерді сынаған қазақтың тұңғыш музыка сыншысы екенін, сонымен қатар қазақ ұлттық саз аспаптарын жинаушысы екенін, бірқатар аспаптары Семей музейінде тұрғанын айтады [157].

Оқушыларға Абайдың кең тараған әндерінен «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» т.б. әндері туралы мәлімет бере келіп, солардың ішінде «Татьянаның хаты» әніне тоқталдық. Абай Пушкиннің Татьянасын қазақ даласына қарай жеткізгенін Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында: «Осылайша 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп кең қазақ сахарасына қадам басты», - деп бейнеленген [158]. Роман-эпопеядағы осы әннің дүниеге келу тарихы жайлы баяндалған «Биікте» тарауынан қысқаша әңгімелеп беріп, тыңдау үшін ғаламтордан бірнеше әншілердің орындаған сілтемелерін ұсындық. Осындай жұмысты дүниеге келу тарихын тыңдап, бейнематериалды көріп, бірге айту арқылы оқушылардың көңіл-күйлері көтерілді, Абай тұлғасын жаңа қырынан таныды.

1.3 Аударма мәтіндермен жұмыс арқылы тіл дамыту

Тәжірибе арқылы тиімділігіне көзіміз жеткізген бір тәсіл ретінде тіл үйретуде өлеңді орыс тіліндегі аудармасымен қатар беруді атап көрсетуге болады. Себебі мәтіннің екі тілдегі нұсқасы қатар ұсынылған кезде оқушылар ондағы жаңа сөздерді есте сақтап қана қоймайды. Сонымен қатар жаңа грамматикалық формаларын да меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл жөнінде Абай өлеңдерінің ағылшын, қазақ тілдеріндегі нұсқаларын салыстыра талдау арқылы оқытудың тиімділігін атап көрсететін зерттеулер де бар. Мамандар жоғары оқу орындары студенттеріне Абайдың ағылшын тіліне аударылған өлеңдері мен қазақ тіліндегі нұсқасын қатар салыстыра оқыту арқылы тілдік дағдыларды тиімді қалыптастыруға болатынын айтады [159]. Оқушылар ақын өлеңдерінің мағынасын толық түсінуі үшін оның сөзбе-сөз аудармасын беріп отыру керек. Дүние жүзі тілдеріне көп аударылған Абай шығармаларын аудармаларымен қатар ұсыну оны меңгеруді көп жеңілдетті. Шығарма мәтінінің екі тілдегі нұсқасын қатар оқу қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын өзі жақсы білетін орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып, жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Кез келген уақытта сұрақтар туындаған кезде қарау үшін оқушыларға Абай өлеңдерінің орыс тіліне аудармалары орналасқан Абай институты сайтының сілтемесін [160] бердік. Аударма мәтінмен жұмыс тәжірибесін жұмысымыздың келесі тарауында ұсындық.

2) Тілдік дағдыларды дамыту тапсырмалары

2.1 Шығарма тілін тануға арналған деңгейлік тапсырмалар

Қазақ тіл білімі тарихында шығармаларының тілі толық жинақталып, зерттеу нысанына алынып, әрбір сөзі мен сөз тіркесі қолданылу жиілігі жағынан зерттелген тұңғыш ақын Абай екені белгілі [161]. Абай сөздігін құрастырған ғалымдардың анықтауынша, Абай шығармаларында не бары 6 мыңдай ғана жеке-дара сөздер қамтылған. Сөздікке берілген алғысөзінде А. Ысқақов Абайдың сөздерді қолдану жиілігі жайлы «ал» етістігі 614 рет, «көр» етістігі 328 рет, «де» етістігі 1037 рет, «да» шылауы (фонетикалық нұсқаларымен бірге 796 рет қолданылғаны жайлы дерек

келтіреді. Сөздердің тіркесімділік жиілігіне келсек, «жоғарыда айтылған «ал» етістігімен 55, «кел» етістігімен, «кет» етістігімен 41, «күн» сөзімен 28, «көз» сөзімен 49 түрлі сөз тіркесі кездесетіні жайлы айта келіп: “Абай тілін зерттеу мәселесі тек қазіргі қазақ тіліміздің құрылымдық тарам-тармақтарын түсіну үшін ғана емес, ақынның өз заманына дейінгі, өз тұсындағы әдеби тілге қаншалықты жаңалық енгізгенін айқындау үшін де және Абай тілінен, оның құрамынан қазіргі қазақ тілінде несі қалыптасып, несі сақталмағанын анықтау үшін де аса қажет”, - екендігін атап көрсетеді (АТС, 12 б.).

Абай шығармаларының тілін таныту мақсатында тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық және прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне лайықталған тілдік материалдарды қатыстыра отырып, күрделілік деңгейі жағынан қарапайым, орта және жоғары деңгейдегі тапсырмалар әзірленді. Ол тапсырмаларды құрастыруда әр деңгейге байланысты Б. Блум ұсынған ойлау әрекетінің кезеңдеріне қойылатын талаптар ескерілді (5-сурет).



Сурет 5-Тілдік тұлға, оның тілді білу деңгейлері және таным әрекеті кезеңдерінің байланысы

Тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық деңгейінде тілді сыртқы формасы бойынша, атап айтқанда, тілдік бірліктердің грамматикалық, мағыналық жақтарын тану арқылы меңгеру, сол арқылы сөздік қорды дамыту көзделеді. Сол себепті қарапайым деңгей тапсырмаларын құрастыруда тілдік тұлғаның осы бірінші деңгейінің мүмкіндіктерін ескере отырып, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің беретін мағынасын түсінуі, олардың грамматикалық құрылымына үніліп, сол мағынаны жеткізуде атқарып тұрған қызметін тани білуіне мүмкіндік беру қағидасын ұстандық. Қабылдау мен түсіну – өте күрделі психикалық құбылыстар. Психолог ғалым Н.И. Жинкин қабылдау деген – тілдің материалдық құралдарын (фонема, буын, сөз, сөйлем, үндесім) талдау мен жинақтау, ал түсіну дегеніміз – құралдардың сигналдық және мағыналық мәндерін талдау мен жинақтау екендігін айтады [162]. Соған байланысты біз құрастырған тапсырмалар Блум таксономиясының білу, түсіну деңгейлеріне лайықталып түзілді. Мысалы, қарапайым деңгейде:

“Берілген өлең жолдарын болымды / болымсыз формаларда ауыстырып жазу, мағынасын түсіндіру”;

“Берілген өлең жолдарын осы шақ / келер шақ / өткен шақ формаларда ауыстырып жазу, мағынасын түсіндіру”;

“Абай өлеңдерінде кездесетін зат / сын / сан есімдерді теріп жазу, мағыналарын түсіндіру”;

“Абай өлеңдерінде кездесетін синоним / омоним / антоним / көп мағыналы сөздерді теріп жазу, мағыналарын түсіндіру”;

“Абай өлеңдерінде кездесетін есімше / көсемше / етіс формалы сөздерді теріп жазу, мағыналарын түсіндіру”;

“Абай өлеңдерінде кездесетін өсімдік / аң / құс / үй жануарлары атауларын теріп, жазу, мағыналарын түсіндіру”;

“Берілген өлең жолдарын грамматикалық нормаға сай қарасөз түрінде жазу”;

“Қарамен жазылған сөздерді қолданып, сөйлемдер құрастыру”;

“Өлең жолдарының жалғасын табу” деген тәрізді тапсырмалар ұсынылды.

Орта деңгей тапсырмаларын түзуде тілдік тұлғаның когнитивтік-тезаурустық деңгейі талаптарына сәйкес тілді концептуалдық, мәдени, бейнелі деңгейде таныту, тіл үйренушілердің ойлау жүйесі мен таным әрекетінің байланысы негізінде Абай өлеңдерінің тілінде кездесетін сөздердің терең мағынасына үңіліп, мәдени-танымдық контексте қолдануды үйрету мақсаты көзделді. Соған байланысты:

“Өлең жолдарында кездесетін мақал-мәтелдерді / фразеологизмдерді / қанатты сөздерді аудару және мағынасын түсіндіру”;

“Белгілі бір ұғымдардың мәдени контекстіндегі мәнін ашу”; *“Сөздердің ассоциативтік желісін құру (ассоциограммасын жасау)”;*

“Өлең мәтінінен символикалық немесе астарлы мағыналарды анықтау”;

“Концептілік талдау жүргізу”;

“Берілген өлең жолдарын мағынасымен сәйкестендіру”;

“Берілген сөздерді мағынасы мен ұйқасына қарай тиісті орнына орналастыру”;

«Өлеңдегі белгілі бір ұғымдардың өзіне тән белгілері мен қасиеттерін жинақтап көрсету”;

“Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі ой үндестігін табу”;

“Абай өлеңдерінің кімдерге арналып, қашан, қандай оқиғаға байланысты жазылғанын анықтап, мәнін түсіндіру” т.б. тапсырмалар түрлері ұсынылды.

Жоғары деңгей тапсырмалары тілдік тұлғаның прагматикалық-уәждемелік деңгейінің талаптарына сәйкес құрастырылды. Бұл деңгейде білім алушының тілді өмірлік жағдаяттарда, коммуникативтік ниетпен дұрыс қолдану мүмкіндігін дамыту көзделді. Соған байланысты Блум таксономиясының жинақтау, бағалау деңгейіне лайықталған тапсырмалар жүйесі құрылды, олар тілдік бірліктерді нақты жағдаятта, сөйлеу мақсатына сәйкес қолдана білу дағдыларын дамытуға бағытталды. Атап айтқанда,

“Берілген өлең үлгісімен диалог/монолог құрастыру”;

“Өлең мазмұны бойынша нақты жағдаятқа негізделген (өтініш, сыпайы бас тарту, реніш білдіру т.б.) сөйлеу актісін құрастырып жазу”;

“Абайға хат жазу”;

“Жарнама, хабарландыру құрастыру”;

“Абай өлеңдерінде / қарасөздерінде берілген сын-пікіріне өз ойын қосып, жалғастырып жазу”;

“Абай өлеңдерінен өзіне ұнайтын үзінділер тауып, олардан алатын құндылықтарды анықтау, сол құндылықтарға сәйкес өмірлік ұстанымдарын жазып шығу” т.б. сипаттағы тапсырмалар ұсынылды. Тапсырмалардың бірқатарының орындалу барысы жұмысымыздың келесі эксперименттік тараушасында баяндалды.

2.2 Шығарма тілін талдауда жасанды интеллект көмегіне жүгіну

Жасанды интеллект адам атқаратын ой жұмысын жеңілдету қызметін атқарады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы N12 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында” “Қазақ тілі мен әдебиеті” (оқыту орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптарда) негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы “Жасанды интеллектіге (ЖИ) негізделген дайын құралдар мен қосымшаларды қолдана біледі”, “оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру кезінде ЖИ пайдаланады” деп жазылған [163].

Тәжірибемізде білім алушылар жасанды интеллектіге Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің мәтінін жүктеп, «өлең тіліндегі сөз таптарын грамматикалық түрленуіне қарай (түбір, қосымша) саралап, беретін мағынасын, атқаратын қызметін кесте түрінде жазу» тапсырмасын берді. Алынған жауаптың үзіндісі 11-кестеде ұсынылды.

Кесте 11- ЖИ құрастыруымен. Өлең тіліндегі кейбір сөздерге ЖИ жасаған талдау

Сөз	Түбір	Қосымша	Аффикс атауы	Мағынасы	Синтаксистік рөлі
бүркітші	бүркіт	-ші	Суффикс лиц (профессии)	Охотник с беркутом	Подлежащее
табылар	тап	-ыл, -ар	Возвратный залог	возможно, найдётся	Сказуемое
томаға-сын	томаға	-сы, -н	Притяжат.аффикс + винительный падеж	накладка на глаза птицы	Дополнение
қашқан	қаш	-қан	Причастие прошед.времени	убегающий	Определение
жымыңдап	жымыңда	-п	Деепричастие	подмигивая	Обст-во обр.действ.

Кестеден көріп отырғанымыздай, сөздерді құрамына қарай талдап, мағыналарын түсіндіріп беруі тіл үйренушілер үшін үлкен көмек болды. Адамзат өміріне мықтап еніп келе жатқан жасанды интеллекттен бас тарта алмаймыз. Мұғалім өзі қадағалап, жол көрсетіп, дұрыс қолдану жолын

үйретпесе, оқушы оны қате қолданып, тапсырманы қате орындайды. Сондықтан оған сауатты сұрақ (промт) қойып, қызметін пайдалану тіл үйренуге көп көмектесетінін көрдік.

3) Шығармашылық дағдыларды дамыту тапсырмалары

3.1 Абай шығармаларына сүйеніп, жазбаша шығармашылық жұмыстар орындау

Білім алушыларға эссе жазу, ертегі құрастыру, жаңалықтар мәтінін құрастыру, бата, тілек жазу, аффирмация құрастырып жазу, өз өмірінде басшылыққа алатын қағидалар мен өмірлік ұстанымдар жазу, эйдос-конспект жазу тапсырмалары берілді.

Мысал ретінде «Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» және «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген өлеңдерін негізге ала отырып, өз шағын өлеңінді жаз» деген тапсырмаға байланысты орындалған жұмыстардың ішінен біршама өлең талаптарына келетіндерін іріктеп алдық:

1. Мақсұтым – адам болу, білім іздеп,

Алға басу, білім мен өнер көздеп.

Жігермен еңбектеніп, алға ұмтылып,

Өмірден өз жолымды табу тездеп.

2. Мен қорықпан қиындықтар кезіксе,

Сабыр сақтап, табам ақыл кез келсе.

Туған жерім, ұлтым үшін тер төгіп,

Елімді алға жетелеймін өзгеше.

3. Ізде өмірден шындық пенен адал жол,

Білім іздеп, еңбек етіп, дара бол.

Әрбір күнің жаңа арманмен басталсын,

Талмай ұшып, бақытты бір адам бол.

4. Мен ерінбей, тыным таппай үйренем,

Жүрегімде ақыл, қайрат, түйген ем.

Болашаққа нұрлы ізім қалдырсам,

Өмірімнің мәні сол деп білген ем.

«Абайдың «Балалық өтті, білдің бе?» деген өлеңінде айтылған ойларды негізге алып, пайымдау эссесін жаз» деген тапсырмаға байланысты орындалған жұмыстардың ішіндегі салыстырмалы түрде ең жақсыларын ұсынамыз:

1. «Бұл өлеңде Абай адам өмірі туралы айтып тұр. Әуелі бала кез болады, сосын жігіт болады. Жігіттік те өтіп кетеді, сосын кәрілік келеді. Адам өмірі тез өтеді. Кейбір адамдар өмірін дұрыс өткізе алмайды. Адам өмірі баянды және баянсыз болады. Қорадан шықпай өмір сүрген түйедей де болады. Ондай адамдар өмірден түк түсінбейді».

2. «Абай атамыздың бұл өлеңін оқығанда мен терең ойландым. Өлеңде адамның өмір жолы айтылады. Әр адамның балалық шағы болады. Мен қазір 8-сыныпта оқимын, кішкентай бала емеспін. Қазір жасөспірім болдым. Кейде өзімді үлкен сезінемін, бірақ әлі де бала сияқтымын. Абай атамның «жігіттік өтті, көрдің бе?» дегені маған болашақты ойлатты. Болашақта мен де жігіт

боламын, жұмыс істеймін, отбасым болады. Ал кәрілік туралы ойлау қиын. Бірақ бәріміз сол кезеңге барамыз. Бұл өлең маған өмірдің өткінші екенін түсіндірді. Уақытты бағалау керек екенін ұқтым».

3. «Абай атамның бұл өлеңі мені қатты ойландырды. Өлеңде адамның балалық шағы, жастық кезі, кәрілік өмірі туралы айтылған. Қазір біз, оқушылар, балалықтан өтіп, жасөспірім болып өсіп келеміз. Күнде сабақ оқимыз, армандарымыз бар. Бірақ кейде телефонға, ойынға көп уақыт кетеді. Абай атам «уақытыңды бос өткізбей, ерте ойлан» дегендей. Ертең жгііттік шақ та өтеді. Сол кезде өкініп қалмау үшін қазірден еңбектену керек. Бұл өлең бізге өмірдің тез өтетінін, әр кезеңді бағалау керектігін ескертеді. Жастарға бұл өлең үлкен сабақ деп ойлаймын».

Абай шығармаларына сүйеніп, бата-тілек жазу тапсырмасын да білім алушылар қызыға орындады. Үздік үлгілері 1-кестеде ұсынылды:

Кесте 12- Автордың құрастыруымен. Абай шығармалары негізінде жазылған бата-тілектер

<p><i>Абай айтқан сөздерді, Жүректерге түйіңдер. Білім менен ілімді, Бар жүректен сүйіңдер.</i></p>	<p><i>Иә, Алла, жар бола гөр, жолымызға, Шындық болсын серік әрбір қолымызда. Абай айтқан ақыл, қайрат, жүрек бірге, Бірлік тапсын сол үшеуі ойымызда.</i></p>
<p><i>Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба," Арманың алға жетелеп Ашылсын аппақ жолың да.</i></p>	<p><i>Жастық шақтың қызығынан ада қылма, Еңбек, білім серік болсын дана жолда. Терең оймен, таза жүрек, биік армен, Қадам басар ұрпақ өссін қара орманда.</i></p>
<p><i>Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой. Әр қадамды нық басқын, Еңбегің берсін абырой.</i></p>	<p><i>Берекеңді үйіп-төгіп құя көргін, Жігер беріп, арманға бір ұя бергін. Халқымыздың болашағын жарқын етіп, Тәуелсіз елге бақ болып сая бергін.</i></p>

Эйдос-конспект жазу – көркем шығарма мәтінімен жұмыс істеуде қолданылатын тиімді тәсілдердің бірі. Әдеби шығармаларды оқытуда қолдану тәжірибесі жазылған зерттеулер авторлары да осыны айтады [164, 165]. Төменде 1-кестеде эйдос-конспект жазу тапсырмасы бойынша орындалған жұмыстардың үздік үлгілерін ұсындық.

Кесте 13- Автордың құрастыруымен. Эйдос-конспект үлгілері



Абайдың 27-қара сөзінде Құдайға құлшылық қылудың маңызы баяндалады. Сонда Сократ Аристодим атты шәкіртіне сұрақ қою арқылы өлшеусіз ұлы ақыл иесі адамзаттың қамын жеп, бар затты біздің ыңғайымызға қарай жаратқандығын түсіндіреді. Мәселен, адам мен жануарға бірдей жан береді. Сол себепті суретте жүректі салып, оны адамда да, өгізде де бар екендігін бейнеледім. Бірақ жанның жарығын ұғу бәріне берілмеген. Сондықтан өгіздің ойына бос кеңістік қалдырдым. Ал адамның ой кеңістігін түрлі салалармен толықтырдым, яғни ақылы арқылы қандай жетістіктер мен прогрестер жасағанын көрсеттім. Мысалы, сол ақылымен хайуандарды пайдасына асыратын, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік, әділдік, білім,

шаруашылыққа бейімділік пен құрал-сайман жасау сынды нығметтерге ие екендігін сипаттадым. Бұл ғажайыптың барлығы адам баласын артық көріп, қамын әуелден Алланың өзі ойлап жасағанына дәлел. Сол үшін адам баласы оған құлшылық етуге қарыздар деген ойды жеткізгім келді.


Абай Құнанбаев бұл қара сөзінде “естіген нәрсені ұмытпау” үшін қажет қағидалар және “ақыл мен ғылымды тоздыратын” ой кеселдері жайлы сөз қозғаған. Естілген ақпараттың барлығы миымызда өңделіп, сақталғандықтан, адамның бас бейнесі мен миы суреттелген. Парақтың сол жағында пайдалы әдеттер, ал оң жағында зиян әдеттерге қатысты ассоциациялар ұсынылған. Пайдалы қағидалар “көкірегі байлаулы, берік” деген тіркестің сипаты ретінде бейнеленген. Тамыр – ойдың беріктігі, нақты шешімнің символы. Үлкейткіш әйнек – қызығушылық пен ынтаның белгісі. Үшінші қағида ақпаратты қайталау мен бекітудің маңыздылығы жайлы, сондықтан “ақпарат” сөзінен тұратын спираль қайталау символы ретінде ұсынылған. Артқы көріністегі сары түс жарқын болашақ пен білімнің байланысын білдіреді. Сұр бұлттар – уайымсыздық пен салғырттықтың белгісі. Ал ойыншы-күлкішілдік пен құмарлықтың басты себебі әлеуметтік желілер екендігін көрсету үшін, адамның қолы телефонға кісендеулі болып суреттелген. Қайғыға берілуді басы төмен салбыраған, тек көлеңкесі бейнеленген адам арқылы көрсеттім.



Абай Құнанбаев 18-қара сөзінде кербез адамды өте ұтымды сипаттап, шын мәнінде, адам баласы үшін ондай қасиеттің қажеті жоқ екеніне тоқталады. Мен де бұл терең ойды ұтымды жеткізу үшін параллелизмді қолдануды жөн көрдім. Бірінші жанды сөзін ісімен дәлелдейтін ақылды адам деп көрсетсем, екіншісін сөзін сәнімен дәлелдейтін кербез адам ретінде бейнеледім. Сол жақтағы қызға білім символы ретінде кітап, қайрат символы ретінде от, ал мейірімділік ретінде жүректерді бейнеледім. Сондай-ақ ол қыздың жүзі

тыныштық пен бақытты қарапайымдылығымен жеткізіп, өзінің тұлғалық қасиеттерін дамытуда екенін көрсетеді. Ал адамның кербез болуын көрсету үшін сыртқы жылтырлыққа, атақ пен даңққа мән беретін оң жақтағы қыз суреттелген. Ол жанның басты мақсаты – өзгенің көзіне түсу және сән-салтанатпен мақтану болғандықтан, беті салынбаған, яғни оның ішкі рухани дамуға қажет қасиеттері жоқ екенін айқындайды. Бірі ішкі жан дүниені бірінші орынға қойса, екіншісіне сыртқы бейнесі маңыздырақ. Сонымен қатар, Абай атамыздың сол қара сөзден үзіндісі белгілі бір ойды жеткізу және сурет мәнін нақтылау мақсатында қойылды.

Абайдың барлық қара сөздері мен үшін даналыққа толы әрі әрқайсысы ерекше. Бірақ мен 19-сөздің ерекшеліктерін атап өткім келеді және оны осы конспектте қандай суреттермен сипаттағанымды көрсеткім келеді. Мен бұл қара сөзді былай түсіндім: өмірде көп нәрсені ақылды әрі тәжірибелі адамдардың сөзін тыңдау арқылы үйренуге болады. Бірақ оларды тек тыңдап, есте сақтау жеткіліксіз – ең маңыздысы, сол сөздерді дұрыс қолдана білу және ұмытпау. Ең бастысы, айтылған ойдан қорытынды шығарып, оның мағынасын түсініп, пайдасын алу қажет. Өз конспектімде мен бес сурет бейнеледім: 1. Адам миы – бұл ойлауды, білдіреді. 2. Сезім мүшелері – өйткені адам осы мүшелерімен дүниені таниды, бірақ тек тыңдау мен көру, ұстап, сезу арқылы ғана жақсы мен жаманды ажыратуға үйренеді. 3. Шам, құлып пен кілт – өмірде ақылды адамдар кездесіп, бізге кеңес береді (шам – даналық сөзі). Бұл сөздер біздің санамызды ашады (құлт пен құлып) және бізді өзгертеді. 4. Бос құмыра және жеміс ағашы – тек есте сақтап, бірақ ойланбайтын адам бос құмыра сияқты, ал есті адамдардың сөздерін есте сақтап, зерттеп, өмірде қолданатын адам жеміс ағашы сияқты пайдалы болады. Бұл конспект арқылы мен 19-қарасөздің негізгі идеясын бейнелеп жеткіздім.



Кестеде берілген жұмыстарда білім алушылар Абай шығармалары мазмұны бойынша өз қиялдарынан туған суреттер салып, суреттегі әрбір детальды не себепті, өлеңдегі қай оймен байланыстырып бергенін түсіндіріп, сипаттамасын жазды. Жұмыс барысында мәтін мазмұнына қайта-қайта үңіліп, мәнін ашатындай суретті ойлап тауып, қағазға түсіріп, ұзақ отыру терең түсіну, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруға әсер етті. Сонымен бірге өз ойларын жазбаша түрде жеткізу функционалдық сауаттылықтарын арттыра түсуге зор ықпал етті.

3.2 Абай шығармаларына сүйеніп, ауызша шығармашылық жұмыстар орындау

Абайдың өлеңдерінің мазмұнын әр шақта айтқызу, сторителлинг құрастыру, өмірмен байланыстыру, кейіпкерлерін қазіргі заман кейіпкерлерімен ауыстырып әңгімелеу т.б. ауызша жұмыстар орындалды. Мысал ретінде, өмірмен байланыстыру шығармашылық жұмысын келтіруге болады. Білім алушыларға Абайдың түрлі жарыстан озып келген балуаны, аты, иті, құсының жетістігіне қуанатын қазақ елін сынаған 26-қарасөзі ұсынылды. Онымен бірге «Азып-тозып жүрміз. Алтын медаль қазаққа азық болмайды» тақырыбындағы публицистикалық стильде жазылған заманауи мәтіннен үзінді берілді [166]. Мәтін авторы А. Нұрсила Абайдың осы 26-қарасөзіне сүйеніп, қоғамдағы үлкен мәселені көтереді. Тапсырма оқырманға ой тастау, қоғамдық құндылықтар жайлы өз ұстанымдарын анықтау жолында Абай сынды дананың пікірін таныту, өз пікірін сауатты жеткізуді меңгерту мақсатын көздеді. Білім алушыларға “Абайдың пікірін бүгінгі күн тұрғысынан талдау” кестесін толтыру ұсынылды (14-кесте).

Кесте 14- Автордың құрастыруымен. Абай пікірін бүгінгі күн тұрғысынан талдау

Абай пікірі (26-қарасөз)	Мысал	Тұжырым
Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады.	-	-
Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады.	-	-
Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді.	-	-
Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді.	-	-

Тапсырманың бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселемен байланыстырыла берілуі білім алушыларды өте қызықтырды. Сөйлеу барысында орфоэпиялық заңдылықты ескеру, әдеби-тілдік нормаларды сақтау, Абай тіліне барынша жақын мазмұндау мақсатында ақын қолданған лексикалық бірліктерді қолдануға басымдық беру талаптары қойылды. Осындай түрлі тапсырмалар жүйесін

орындау білім алушылардың сөйлеу тілін дамытып, тілдік тұлғасын қалыптастыруға зор ықпалын тигізді.

Тапсырмаларды орындағандар – оқу тілі орыс тілінде жүретін мектептің 8-9 сынып оқушылары. Ұсынылып отырған ақпараттардың танымдық мәнінің жоғарылығы мен тапсырма формаларының интерактивтілігі себепті білім алушылар тарапынан қарсы келу, наразы болу жағдайлары кездеспеді. Белсенді түрде Абайды тануға ұмтылу, ақын тұлғасын өзіне үлгі етіп, соған ұқсауға тырысу, алған білімдерін тәжірибемен ұштастыру, өмірде қолдану қажеттілігін сезініп, өздігінен білімдерін тереңдету, Абай шығармашылығынан іріктеліп ұсынылған тапсырмаларды өз еріктерімен орындап, тілдерін дамытуды мақсат тұту байқалды. Бірқатар тапсырмаларды орындау тәжірибесі жұмысымыздың келесі тараушасында жазылды.

3.3 Абай шығармалары негізінде оқушының тілдік тұлғасын дамыту тәжірибесін ұйымдастыру

Зерттеу тақырыбымыз бойынша эксперименттік жұмыстар кезең-кезеңімен және өзіміз сабақ берген аудиторияларға байланысты бірнеше бағыттарда жүргізілді. “Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ” деп Абай айтқандай, эксперимент мақсатын Абай шығармашылығын қолдана отырып, білім алушылардың тілін ұстартып, сөз өнерін шыңдау арқылы тілдік тұлға ретінде қалыптасу үдерісін бақылау деп алдық. Ұлттық психология ғылымының негізін қалаған Ж. Аймауытұлы білім берудегі бақылау әрекетінің маңызын аса жоғары бағалай келіп, жай бақылау және тәжірибелі бақылау деген түрлерін ажыратып көрсетеді. Адамның қылығын бақылау деген бақыланушының амалдарын жүйелеп, асырмай, кемітпей қадағалап, онымен бірге ол амалдарға әсер берген сыртқы жағдайлардың өзгешелігін және бақыланушының ішінде болып жатқан қызмет ағымдарын зерттеу екендігін атап көрсетеді [167]. Сол себепті оқу үдерісін бақылау әрекеті бізге әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін зерттей отырып, тілдік тұлға деңгейлеріне сай даму ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік берді.

Эксперимент жұмысын жүргізудің мақсаты: қазақ тілі сабақтарында Абай шығармаларының тілімен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудың тиімді әдістемесін анықтау.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін эксперименттік жұмыстарымыздың алдына:

- Абайтану бағытындағы зерттеулерге сүйене отырып, Абай шығармалары негізінде құрастырылатын деңгейлік тапсырмалардың түрлерін айқындау;
- тілдік тұлға теориясына сүйене отырып, деңгейлік тапсырмаларға қойылатын талаптарды айқындау;
- тілдік тұлға деңгейлеріне сәйкес Абай шығармалары тілі бойынша құрастырылған қарапайым, орта, жоғары деңгей тапсырмалар жүйесін әзірлеу;
- Абай шығармалары негізінде құрастырылған тест тапсырмалары арқылы зерттеу нысанына алынған оқушылардың бастапқы тілдік дайындықтарын, яғни тілді білу деңгейлерін анықтау;

- оқушылардың қарапайым, орта, жоғары күрделілік деңгейлерінде құрастырылған тіл дамыту тапсырмаларын орындау барысындағы танымдық, коммуникативтік әрекеттерінің даму динамикасын бақылау;

- білім алушылардың қол жеткізген нәтижелерін тілдік тұлға деңгейлеріне қойлатын талаптар тұрғысынан бағалау;

- Абай шығармалары арқылы тіл дамытуға арналған сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру;

- тілдік тұлға қалыптастыруда Абай шығармаларының тілімен жүйелі жұмыс жүргізудің тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу деген міндеттерді қойдық.

Эксперименттік жұмысымыздың бірінші кезеңі 2018-2022 жылдар аралығында өтті. Бұл кезеңде Абайтану бағытындағы зерттеулерге сүйене отырып, Абай шығармалары негізінде құрастырылатын деңгейлік тапсырмалардың түрлерін айқындау жұмысы басты назарға алынды. Ол үшін ең алдымен тілдік тұлға теориясына сүйене отырып, деңгейлік тапсырмаларға қойылатын талаптарды айқындау жұмыстары жүргізілді. Соған байланысты тілдік тұлға деңгейлеріне сәйкес Абай шығармалары тілі бойынша құрастырылған қарапайым, орта, жоғары деңгей тапсырмалар жүйесі әзірленді.

Әзірленген тапсырмалардың тиімділігін тексеру жұмыстары Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде 9-12-сыныптар кураторы қызметінде кураторлық сағаттар ұйымдастыру барысында өтті. Тәжірибе жұмыстары негізінен оқушыларға Абай өлеңдерін түсіндіру, талдату, ақын шығармашылығы бойынша сайыстар ұйымдастыру түрінде жүргізілді.

Зерттеу барысында мектеп оқушыларының тілдік тұлғасының даму динамикасын салыстыру және әдістемеміздің тиімділігін дәлелдеу мақсатында жазғы тілдік лагерьге және тағылымдамадан өтуге шетелден келген қазақ балаларға да деңгейлік тапсырмаларымызды орындауға бердік. Ақмола облысы Бурабай ауданы Щучье көлінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан IQanat High School of Burabay мектебінде «Жас Қазақ» жазғы этно-лагерінде қандастарға қазақ тілін үйретуге арналған 2 апталық «Айқанат» жазғы лагерінің қатысушыларына да тиімділігі айқындалған тапсырмаларымыздың бірқатары ұсынылды. «Отандастар қорының» ұйымдастыруымен екі аптаға жалғасқан бұл лагерьге әлемнің 8 елінен, АҚШ, Иран, Беларусь, Қытай, Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан, Моңғолия және Ресейден екі жүзге жуық этникалық қазақ балалары қатысты. Шетелде туып-өскен, мектеп жасындағы қазақтарға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді көздейтін лагерьде қазақ тілі, тарих сабақтары, сонымен қатар садақ ату, қолөнер шеберлік сағаттары өтті. Келген оқушылар ақынның бірнеше өлеңдерін жаттап алды, Абай өмірі мен шығармашылығы жайлы танымдық ақпараттарды қызығушылықпен тыңдап, өлеңдерін талдауға белсене қатысты.

Сонымен қатар Абай өлеңдері негізінде тіл дамыту тапсырмаларын апробациядан өткізу жұмыстары Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де педагогикалық практикадан өту кезінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін жүргізу барысында «БВ01717-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының білім алушыларымен және өзіміз сабақ берген Назарбаев Университетінің «Creative

writing in Kazakh Language» («Қазақ тіліндегі креативті жазылым»), «Kazakh for Business» («Кәсіби қазақ тілі»), «Academic writing in Kazakh Language» («Қазақ тіліндегі академиялық жазылым») курстарының тыңдаушыларына да жүргізілді. Студенттерге Абай шығармалары негізінде дайындалған тапсырма үлгілері орындауға ұсынылып, тиімділіктері тексерілді. Алайда зерттеу нысанымыз оқушылар болғандықтан, негізгі тәжірибемізге бұл тапсырмалардың орындалуы бойынша қорытындылар енгізілмеді.

Тіл үйренуде ақын шығармашылығы мен өмірі жайлы қызықты ақпараттарды әңгімелеп беру мен өлең жаттаудың пайдасы жайлы зерттеулер өте көп. Өлең жаттау арқылы адам жаңа сөздерді меңгереді, белгілі бір қалыпқа түскен тілдік құрылымдарды өз сөздік қорына қосады.

Сондықтан кураторлық сағаттар ұйымдастыру, тілдік тағылымдамаға, тілдік жазғы лагерьге келген білім алушылармен жұмыс сынды сыныптан тыс шаралар кезінде ақындар өлеңдерін жаттаудың маңызы зор екенін ескере отырып, эксперименттік жұмысымыздың бастапқы кезеңінде осы бағыттағы жұмыстарға басымдық бердік.

Эксперименттік жұмысымыздың осы 1-кезеңінде теориялық зерттеулерімізді қатар жүргізе отырып, тілдік тұлғаның қалыптасу деңгейлеріне қойылатын талаптарға сәйкес қарапайым, орта, жоғары деңгей тапсырмаларын әзірледік. Ол тапсырмаларды анықтау тесті мен тіл дамыту тапсырмалары деп бөліп қарастырдық.

Эксперименттік жұмыстардың екінші кезеңі 2023-2024; 2024-2025 оқу жылдарында Әбіш Кекілбаев атындағы BINOM School мектеп-лицейінің оқу орыс тілінде жүретін 9,10-сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі ретінде сабақтар жүргізу барысында орындалды. Экспериментке өзіміз сабақ жүргізетін 9-10-сынып оқушылары (жалпы саны – 77, сыныптар бойынша: 9 «Л» – 13; 9 «Н» – 13; 9 «О» – 13; 9 «Ө» – 13; 10 «Л» – 12; 10 «О» – 13 оқушы) тартылды.

1. Анықтау тәжірибесі

Оқу жылының басында оқушылардың бастапқы білім деңгейлерін анықтау мақсатында тест тапсырмасы алынды. Ұсынылған 4 жауаптың біреуін белгілеу түріндегі 30 жабық тест сұрағының ішінде 10 қарапайым, 10 орта, 10 жоғары деңгей күрделілігіндегі тапсырмалар болды. Қарапайым және орта деңгей сұрақтары мазмұны сыныптар бойынша оқу бағдарламасы аясында меңгерілетін материалдар негізінде құрастырылды. Абай шығармалары негізінде 10 жоғары деңгей тапсырмасы құрастырылып, енгізілді. Анықтау тесті бойынша алынған тест тапсырмаларын 77 оқушы орындады, олардың ішінде қарапайым деңгей сұрақтарының жауабын 62 оқушы, орта деңгейді - 15 оқушы шеше алды. Жоғары деңгейдің тест тапсырмаларын орындай алған оқушы болмады.

15-кестеде анықтау экспериментінің нәтижелерін ұсындық.

Кесте 15-Автордың құрастыруымен. Оқушылардың анықтау тестін орындауының салыстырмалы нәтижелері

Тапсырмалардың күрделілік деңгейі	Тапсырмаларды орындай алған білім алушылар		Тілдік тұлға деңгейлері
Қарапайым	62	(80,52 %)	Вербалдық-семантикалық
Орта	15	(19,48 %)	Когнитивтік-тезаурустық
Жоғары	-	(0 %)	Прагматикалық-уәждемелік

2. Оқыту тәжірибесі

2.1 Деңгейлік тапсырмалар орындату арқылы тіл дамыту

Эксперименттің осы кезеңінде тіл дамытудың танымдық, тілдік, шығармашылық дағдыларды дамыту кезеңдеріне арналған тапсырмалар орындалды. Абай шығармалары жайлы қосымша мәліметтер беру, Абай әндерін пайдалану, аударма мәтіндермен жұмыс жүргізу, деңгейлік тапсырмалар беру, шығарма тілін талдауда жасанды интеллект көмегіне жүгіну т.б. әдістер қолданылды. Тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық және прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне лайықталып әзірленген тіл дамыту тапсырмалары орындалды. Абай шығармаларының тілін меңгертуге арналған деңгейлік тапсырмалар орындату арқылы көптілді оқушының тілдік тұлғасын дамыту мақсатында оқыту тәжірибесі жүргізілді. Осы оқыту кезеңінде зерттеуіміздің 3.2 тараушасында тілдік тұлға деңгейлеріне сай деп іріктелген тапсырмаларды қолдандық. Абай жайлы қосымша мәліметтерді, ақын шығармалары негізінде іріктелген оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым тапсырмаларын мүмкіндігінше негізгі сабаққа қосымша ретінде оқу жылының бойында аз-аздан ұсынып отырдық.

Абай мұрасының тілі жайлы Қ. Бибеков “Абайдың негізгі миссиясы - тіл ұстарту, тілді қалай қолдану жолын көрсету” екендігі жайлы айта келіп, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңін мысал ретінде келтіреді [168]. Тәжірибеде ақынның осы “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңі бойынша үш деңгейге арналып құрастырылған тапсырмалар да қолданылды.

1. Қарапайым деңгей тапсырмасында аталған өлеңнің бірінші шумағымен ғана жұмыс жасалды. Ақын қолданған инверсия тәсілі түсіндірілді. Оқушыларға “Өлең шумағында берілген сөйлемдерді грамматикалық түзілу тәртібімен дұрыстап қайта жазып шық” деген тапсырма берілді. Оқушылар әр сөйлемді қайта-қайта оқып, баяндауыштың сөйлем соңында тұруы керек екендігін ескеріп, бастауыштарын тауып, олардың орын тәртібін еске түсіріп, қайта жазып шықты (16-кесте).

Кесте 16- Автордың құрастыруымен. Оқушылар жазған сөйлемдер

1. “Мен өлеңді ермек үшін жазбаймын”
2. “Мен жоқ-барды, ертегіні термек үшін жазбаймын”
3. “(Мен) Жастарға үлгі бермек үшін жаздым”
4. “(Мен) Көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға үлгі бермек үшін жаздым”

“Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар” деген тіркесті анықтады. Осы өлеңде ақын қолданған “термек үшін”, “бермек үшін” тіркестерінің құрамына талдау жасалып, мақсатты келер шақта қолданылып тұрғандығы, “теру үшін”, “беру үшін” сөздерімен алмастыруға болатыны түсіндірілді. Осылай тілін біраз талдағаннан кейін өлеңді жаттап алу өте жеңілге соқты.

2. Орта деңгейде “Абай адамның жақсы, жаман қасиеттерінің сипаттарын қандай сөздермен, сөз тіркестерімен жеткізетінін тап” деген тапсырма берілді. Оқушылармен бірге отырып сөздерді тауып, мағыналарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Табылған сөздер екі бағанға бөліп жазылды (17-кесте).

Кесте 17- Автордың құрастыруымен Абай өлеңдеріндегі адамның жақсы, жаман қасиеттерінің сипаттары

Адамның жақсы қасиеттері	Адамның жаман қасиеттері
“көкірегі сезімді, тілі орамды”, “талапты”, “көңілінің көзі ашық”, “сергек”, “түзу”, “өлеңі бар”, “өнерлі”	“тасыр”, “қисық-қыңыр”, “арсыз”, “барымташы”, “даңғой”, “қызшыл”, “қызықшыл”, “малсыз”, “ақылсыз”, “шаруасыз”, “елірмелі”, “маскүнем”, “мисыз”, “бәңгі”, “сәнқой, даңғой, ойнасшы”, “керім-кербез”

3. Жоғары деңгейде: “Абайдың “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген өлеңіндегі “жазбаймын” деген сөзін болымды формаға ауыстырып, соған сәйкес жаңа мазмұнда өзіңнің бір шумақ өлеңінді жазып шық” деген тапсырма берілді. Оқушылар орындаған жұмыстардан үзінділер 18-кестеде берілді.

Кесте 18- Автордың құрастыруымен. Оқушылар орындаған жұмыстардан үзінділер

Мен жазамын өлеңді ерлік үшін, Көңілді кеңейтемін бірлік үшін. Тілі бай, көкірегі ойға толы Жазамын жастарға ой бермек үшін.	Мен жазамын өлеңді шындық үшін Бойымдағы беремін елге күшім, Көңілге ой, жүрекке жылу беріп, Жазамын әділ сөзбен өмір ісін.
---	--

2.2 Аударма мәтіндермен жұмыс эксперименті

Зерттеуіміздің оқыту кезеңінде оқушылардың тілді білу деңгейлеріне байланысты аударма-грамматикалық әдісті жиі қолдандық. Соңғы кездердегі тіл үйрету әдістемесінде басымдыққа ие болып келе жатқан қатысымдық

(коммуникативтік) бағыт аударма-грамматикалық әдісті қолдамайды. Дегенмен оқушылар ақын өлеңдерінің мағынасын толық түсінсін деген мақсатпен арасында сөзбе-сөз аудармасын да беріп отырудың қажеттігін көрдік. Өкінішке қарай, көптеген әдеби шығармалардың орыс тіліндегі дайын көркем аудармасы болмағандықтан, мұғалім оқулықта берілген шығармаларды, олардың үзінділерін аударып, түсіндірумен көп уақыты кетіп қалатыны белгілі. Ал дүние жүзі тілдеріне көп аударылған Абай шығармаларын аудармаларымен қатар ұсыну оны меңгеруді тек қана жеңілдете түсетіні сөзсіз. Соған байланысты Абай өлеңдерінің аудармаларын оқу материалы ретінде қолдана отырып, оқушының өзі жақсы білетін орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыру арқылы қазақ тілін меңгертуді көздеген зерттеуімізді жүргіздік. Шығарма мәтінінің екі тілдегі нұсқасы қатар ұсынылған кезде оқушылар ондағы жаңа сөздерді есте сақтап қана қоймайды, сонымен қатар жаңа грамматикалық формаларын да меңгеруге мүмкіндік алады.

Осы мақсатта алдымен оқушыларға Абайдың қазақ әдебиетіндегі аударманың негізін қалаған ақын екендігі жайлы қызықты қосымша ақпарат бердік. «Өмірінің аудармашылыққа арналған 15 жылында ақын орыс тілінен қазақ тіліне 50-ден астам шығарманы аударған. Олардың ішінде А.С. Пушкиннің әйгілі «Евгений Онегин» поэмасынан 7 үзінді, М.Ю. Лермонтовтан 30 өлең, И.А. Крыловтан 12 мысал және басқа авторлардан 7 өлең аударған» [169]. Сонымен қатар Абай шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Абай шығармашылығын аударған ақындар қатарында Г.К. Бельгер, Д.Г. Бродский, В.А. Бугаевский, А.Б. Гатов, М. Длигачлев, М.А. Дудин, А.Л. Жовтис, В.К. Звягинцева, Б.Г. Каирбеков, П.С. Карабан (Шлейман), А.А. Қодар, Ю.П. Кузнецов, Е.В. Курдаков, М.К. Луконин, Б.Б. Момышұлы, Ю.М. Нейман (Новикова), М.П. Нечай, М.С. Петровых, В.А. Рождественский, Л. Руст (Е.А. Тарловская), А.В. Старостин, М.Р. Султанбеков, М.А. Тарловский, С.Х. Тлеубаев, А.Н. Ульянов, Э. Шехтман, А.А. Штейнбергтерді атауға болады. Абай институты сайтында осы ақындардың Абай өлеңдерінен орыс тіліне аудармалары толық берілген [170].

Біз оқу үдерісінде қолдану мақсатында көркем аудармаларды емес, түпнұсқаға барынша жақын сөзбе-сөз аударма жасалған нұсқаларын қолдандық. Қазақтың көркем әдеби тілін тереңірек ұғып, мағынасын түсіну үшін оқушыға Абай өлеңдері мәтіндерінің сөзбе-сөз аудармасының берілуі үлкен көмек көрсетті. Кей жағдайда берілген бірнеше аудармаларды салыстырып, қарап, барлығынан өзіміз бір аударма нұсқасын таңдап алуға тура келетін жағдайлар да болды. Себебі оқушыға барынша түсінікті, жеңіл болуы мақсатын көздеген кезде, осындай тыңғылықты іріктеу жұмысын жүргізу аударма мәтіннің барынша түсінікті болуына мүмкіндік береді. Мысалы, «Түбінде баянды еңбек, егін салған» – Абайдың кейін табылған өлеңдерінің бірі. Көлемі 4 жол ғана. Өлеңді 1940 жылы Қ. Мұқаметханов Семейде тұратын Ташмұхамбет деген қариядан жазып алған екен. Абай өлеңінде «*Би болған, болыс болған өнер емес*» деу арқылы мансап армандамай, мақсат қууды уағыздайды. Жасынан оқу оқып, білім алған адам ғана ұлтының ұлы болатындығын айтып, жас ұрпақтың

өмірлік мақсаты осы екенін ескертеді. Туынды қарақалпақ, орыс тағы басқа тілдерге аударылған екен. Аталмыш өлеңнің М. Адибаева мен А. Жовтистің көркем аудармасына қарағанда Қ. Досжанның орыс тіліне жасаған сөзбе-сөз аударма нұсқасы әлдеқайда түсінікті екенін, әрі жеке сөздердің мағынасын есте сақтауларына да көмегі тиетінін байқадық (19-кесте). Ал өлеңнің сөзбе-сөз мағынасы түсінікті болған кезде оның беретін философиялық мәнін түсіну оқушыға қиындық тудырмайды.

Кесте 19 - Автордың құрастыруымен. «Түбінде баянды еңбек егін салған» өлеңінің түпнұсқасы мен Қымбат Досжан жасаған сөзбе-сөз аудармасы

Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.	В конечном итоге самый долговечный труд, Это — поросль растить (вырастить учеников). Не судья (судейство), не волостной (чиновник), Это не искусство, все остальное — итог труда.
---	--

Осы аталған оқу материалдарын қолдана отырып, құндылық тану тәжірибесін ұйымдастырдық. Құндылық тану эксперименті оқушыларды ұсынылатын материалдың құндылығына, оқытушы қолданатын әдістің құндылығына, өздерінің құнды білім алатындарына сендіру мақсатын көздеді. Экспериментке бақылау тобынан 17 адам, тәжірибе тобынан 12 адам тартылды. Тәжірибенің мақсаты – ұсынылатын оқу материалының құндылығының тіл үйренушілердің есте сақтау қабілеті мен сөйлеу әрекетіне әсерін анықтау. Тәжірибеде оқушыларға өлең мәтіні ұсынылып, жаңа сөздерді есте сақтау деңгейлерін тексеру жүргізілді. Тәжірибеге ұсынылған материал – Абайдың «Ғалымнан надан артпас ұққанменен» атты төрт тармақты бір шумақтан ғана тұратын шағын өлеңі. Өлең қарақалпақ, қырғыз т.б. тілдерге аударылған. Біз қолданған орыс тіліндегі сөзбе-сөз аудармасының авторы – Қымбат Досжан (20-кесте).

Кесте 20 - Автордың құрастыруымен. Абайдың «Ғалымнан надан артпас ұққанменен» өлеңі және оның аудармасы

Ғалымнан надан артпас ұққанменен, Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен. О-дағы қалыбынан аса алмайды, Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.	Невежда хоть сколько будет понимать, не станет, (не будет знать больше), лучше ученого. Судьбы не избежишь, все равно не спрячешься, не убежишь. Он (тоже) (невежда) все равно не выйдет из своей сути (формы), Как подснежник рано расцветающий (не видит лета).
---	--

Бақылау тобына өлең мәтінін ұсынар алдында ешқандай алғысөз айтылған жоқ. Мәтіннің не туралы екенін де ескертілмеді, авторы жайлы да айтылған жоқ. Тек қана Абайдың қағазға басылған өлеңі мен оның аудармасы берілді. Асықпай, есте сақтауға тырысып, 10 минут оқығаннан кейін өлеңді жатқа жазуға кірісулері талап етілді.

Тәжірибе тобына Абайдың бір шумақ өлеңін есте сақтау деңгейлерін тексеру сынағы алдында мәтіналды, мәтін бойынша және мәтінсоңы жұмыстары жүргізілді. Мәтіналды жұмыс ретінде алдымен өлеңде үш жерде қайталанып келетін грамматикалық форма туралы қосымша ақпарат берілетіні жайлы айтылып, «Етістік түбірі + -қан/-кен; -ған/-ген + -мен/-менен» деген грамматикалық форманы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Осы тұлғада келетін басқа бірнеше мысалдар беріліп, мағынасы түсіндірілді (21-кесте).

Кесте 21 - Автордың құрастыруымен. Грамматикалық форманы түсіндіруге арналған мысалдар

Бәрін біл+ген+менен	жауап бермеді.
Көп ұйықта+ған+менен	ұйқысы қанбады.
Көп сөйле+ген+менен	ешкім тыңдамады.
Мәгінді оқы+ған+ мен	жаттығуды жазбады.
Тақпақты жатта+ған+мен	ұмытып қалды.

Келесі кезекте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, мәтін алды жұмыстар жүргізілді. Өлең мәтінін ұсынбас бұрын компьютерден Power Point бағдарламасы арқылы дайындалған ұсынымның көмегімен өлеңнің тарихы жайлы қысқаша мәлімет берілді. Бұл өлеңді 1940 жылы ақынның шөбере інісі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов Абай ауданында ел аузынан жазып алғаны жайында, руы тобықты Балқожа Бақанұлы деген кісі мен ауыл молдасы Ғабитхан ноғайдың арасындағы бір дауға төрелік ретінде қолма-қол шығарылған жолдар екендігі жайлы айтылды. Өзіл аралас әңгіме үстінде айтылған төрелік болғанымен, Абайға тән ойлылық айқын аңғарылатыны, ақынның ғылым-білім жолына тұсау болып келген надандыққа қарсы көзқарасын білдіретіні, надандықты қанша жасырсаң да көрініп тұратынын ашық айтатыны жөнінде жан-жақты түсіндірілді.

Одан кейін барып, Абайдың қағазға басылған өлеңі мен оның аудармасы берілді. Мәтінмен жұмыс жасауға бұларға да бақылау тобындағыдай 10 минут уақыт берілді. Алайда бақылау тобынан айырмашылығы, бұл топта мәтінсоңы жұптық жұмыс ұйымдастырылды. Онда қатар отырған екі адам мәтін мазмұнын бір-біріне түсіндірді, аударма мәтінге сүйене отырып, жаңа сөздермен жұмыс жасады, оқылған грамматикалық формаға сәйкес келетін мысалдарды тауып, мағынасын талдады. Осы жұмыстардың барлығы орындалғаннан кейін топ мүшелеріне өлеңді жатқа жазуға кірісу тапсырмасы берілді. Тәжірибенің нәтижесі 22-кестеде ұсынылды.

Кесте 22- Автордың құрастыруымен. Құндылық тану тәжірибесінің нәтижесі

Топтар	Төмен	Орта	Жақсы	Жоғары
	«2»	«3»	«4»	«5»
Бақылау тобы	1 (5,9%)	14 (82,3%)	2 (11,8%)	0
Тәжірибе тобы	0	0	5 (41,65%)	7 (58,35%)

Тәжірибе негізінде қорытылған тұжырымдар:

1. Құндылық тану эксперименті барысында оқушыларды қызықтыру мақсатында өлеңнің тарихы туралы берілген қосымша ақпарат ұсынылатын оқу мәтінінің құндылық мәнін арттыруға ықпал етті;

2. Өлеңде кездесетін грамматикалық формамен жұмыс жасау нәтижесінде оқушылар жаңа сөздерді жақсы есте сақтап, қазақ тілінің құндылығын сезіне түсті, осы тілдік құрылымды өмірде қолдана алу мүмкіндіктеріне деген сенімдері артты;

3. Ешқандай қосымша әдістер қолданылмай жүргізілген бақылау тобы төмен нәтижелер көрсетті. Онымен салыстырғанда, тәжірибе тобында мәтіналды, мәтін бойынша және мәтінсоңы жұмыстардың жүргізілуі тиімді екеніне көз жеткізілді;

4. Тәжірибе нәтижесінде оқушылар ұсынылған Абай өлеңдерінің теңдесі жоқ туындылар екенін тағы да мойындай түсті, оларды меңгерту үшін мұғалім үнемі ерекше тиімді әдістерді қолданатынына деген сенімдері арта түсті. Және ең бастысы, аз уақыттың ішінде күрделі шығарманы толық меңгеріп шығу нәтижесінде өз мүмкіндіктерінің жоғары екеніне көздері жетті.

2.3 Қатемен жұмыс жүргізу тәжірибесі

Тәжірибе барысында мектеп оқушыларының тілінде әдеби тіл нормасына сай келмейтін қисық қолданыстар көп кездесетіні анықталды. Соған байланысты Абай өлеңдерінен мысалдар келтіру арқылы ол қолданыстардың қате екендігін көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілді. Мысалы, сабақ үстінде Абайдың өлеңдерімен жұмыс істеу барысында: «Бұл өлең-мен не істеймін?» - деген қолданысты жиі пайдаланатынын байқадық. Сондай-ақ кейде сыныптастарының туған күндерінде бір-біріне тілек айту барысында оқушылар тілінде «туылған күн» тіркесін қолданудың да кең тарап кеткенін байқадық. Осындай кемшіліктердің алдын алып, оқушыларға әдеби нормасын түсіндіру мақсатында Абайдың келесі өлеңдеріне талдау жасаттық (23-кесте).

Кесте 23- Автордың құрастыруымен. Оқушылар тіліндегі қате қолданыстарды Абай өлеңдерінен мысалдар келтіру арқылы түсіндіру

Қате қолданыстар	
Бұл өлең+мен не істеймін?	Туылған күн
Әдеби нормасы	
Өзгеге, көңілім, тоярысың, Өлең+ді қайтіп қоярысың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярысың.	Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызығың – бәрі өлеңмен, Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.
Мен жазбаймын өлең+ді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Жіңішке қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Өлең+ді айтпақ түгіл, ұға алмайсың, Айтсаң да үддесінен шыға алмайсың. Сен білмейді екен деп айтпасын ба, Неге мұнша сіресіп құп алмайсың?	Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Жүргізілген тәжірибе нәтижесінде оқушылар өздері дұрыс айтпай жүрген тағы басқа тіркестерді естеріне түсіріп, қателіктеріне көз жеткізді. Мысалы, «не+мен құрбан ете аласың?», «сені+мен не болды?», «жаңалықтар+мен таныстырды», «заң+мен тыйым салынған», «бірдеңе+мен пайдаланамын /қолданамын» т.б. тіркестерді айту барысында орыс тіліндегі «творительный падеждің» ықпалымен көмектес септік жалғауын қате қолданып жүргендерін түсінді.

3. Бағалау тәжірибесі

Оқыту тәжірибесіне барлығы 77 оқушы тартылды. Тәжірибе нәтижесінде оқу жылының соңына қарай әр деңгей тапсырмаларын орындай алатын оқушылар саны белгілі болды. Атап айтсақ, қарапайым деңгей тапсырмаларын - 39, орта деңгей тапсырмаларын - 31, жоғары деңгей тапсырмаларын - 7 оқушы орындай алатыны анықталды (24-кесте).

Кесте 24- Автордың құрастыруымен. Оқушылардың оқыту эксперименті соңындағы тілдік тұлға деңгейлері

Тапсырмалардың күрделілік деңгейі	Тапсырмаларды орындай алған оқушылар саны	Тілдік тұлға деңгейлері
Қарапайым	39 (50,65 %)	Вербалдық-семантикалық
Орта	31 (40,26 %)	Когнитивтік-тезаурустық
Жоғары	7 (9,09 %)	Прагматикалық-уәждемелік

Эксперимент нәтижесінде оқушылардың ішінен әр сабақта қосымша ретінде берілетін шығармашылық тапсырмаларды жоғары дәрежеде орындай алу мүмкіндіктері бар 7 оқушы іріктеліп шықты. Жоғары деңгей тапсырмаларын орындай алған оқушылардың негізінен отбасында ата-аналарымен қазақ тілінде сөйлесетіндері белгілі болды. Тәжірибе негізінде алынған осы көрсеткіштерден оқушының тілдік санасының қалыптасуында жалғыз мектепте берілген білімнің жеткіліксіз екені, отбасы институты жоғары рөл атқаратыны айқын көрінді. Алынған нәтижелерден жеті оқушының жетістіктерінің жоғарылығы айқындалды. Бұл нәтижелердің көрсеткен оқушылардың бесеуі оқу үздігі, екеуінің екі-үш пәннен «жақсы» деген бағалары бар. Яғни басқа пәндерден де өте жақсы бағалар алып жүрген талапшыл, үздік оқушылар. Ол өздерінің тілді меңгеру мақсаттарының айқындығын, өздеріне жоғары талап қоя білетіндіктерін көрсетті. Сонымен қатар тапсырмаларды орындау барысында жақсы нәтиже көрсеткен оқушылардың техникалық құралдарды қолдану мүмкіндіктерінің де жоғарырақ болғанын атап көрсету қажет. Атап айтқанда, онлайн сөздіктермен, жасанды интеллект түрлерімен еркін жұмыс істеп, шығармашылық тапсырмаларды аз уақыттың ішінде, тиімді орындап шығу мүмкіндіктерін көрсетті.

Кесте 25- Автордың құрастыруымен. Анықтау және тіл дамыту эксперименттерінің салыстырмалы нәтижелері

Тапсырмалардың күрделілік деңгейі	Тапсырмаларды орындай алған оқушылар		Тілдік тұлға деңгейлері
	анықтау	қорытынды	
Қарапайым	62 (80,52 %)	39 (50,65 %)	Вербалдық-семантикалық
Орта	15 (19,48 %)	31 (40,26 %)	Когнитивтік-тезаурустық
Жоғары	- (0 %)	7 (9,09 %)	Прагматикалық-уәждемелік

25-кестеден көріп отырғанымыздай, жүргізілген анықтау және оқыту эксперименттерінің салыстырмалы нәтижелері бойынша оқу жылының басында күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындай алған оқушылар жоқ болса, соңына қарай 7 оқушы прагматикалық-уәждемелік деңгейінің көрсеткіштеріне сай келетін тапсырмаларды орындай алды.

Кесте 26- Автордың құрастыруымен Экспериментке қатысқан BINOM оқушыларының әлеуметтік-демографиялық сипаты:

Қазақ	Орыс	Кәріс	Украин	Азербайжан
63	9	2	1	2
Барлығы: 77 оқушы. Жынысы: қыздар: 42, ұлдар: 35. Жас ерекшелігі: 14-16 жас.				

Бастапқыда қарапайым деңгей тапсырмаларын ғана орындай алған 30 оқушының орта деңгейге көтерілуі де оқыту экспериментінің нәтижелі болғандығын көрсете алды.

3-бөлім бойынша қорытынды

Абайды әркім тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық, когнитивтік-тезаурустық, прагматикалық-уәждемелік деңгейлеріне сәйкес қарапайым, орта, жоғары деңгейлерде қабылдайды, түсінеді, талдайды;

Өнер атаулының ең жоғары шыңы – сөз өнері. Абай бұл жайында «өнер алды – қызыл тіл» деп түйіндеген;

Оқушы ақын өлеңдерін түсініп, қабылдауы үшін алдымен оның тілін түсінуі керек. Ақын тіліндегі көнерген сөздер мен кірме сөздерді атамағанда, бүгінгі күнде қолданылатын көптеген сөздердің өзінің мағынасын оқушы білмей жатады. Сондықтан Абай шығармашылығын танытуда ең әуелі атқаратын жұмыс түрі – оқушының шығарманы қабылдауына кедергі келтіретін тың сөздермен жұмыс болуы тиіс;

Абайды оқытатын мұғалім өзі ақын өлеңдерін жатқа оқи алмай тұрса, өзі мүдіріп, шатасып тұрса, ол амалсыз сабақ бойында өз жағымсыз эмоцияларын

байқатып алады. Оның барлығын мұғалімнің қас-қабағына қарап отырған оқушылар көріп, біліп, сезіп отырады. Сондықтан Абайды оқыту деген киелі де күрделі істі жалғыз әдістер арқылы ғана алып шығамын деп ойлау үлкен қателік болады;

Абай шығармашылығын оқыту мәселесінде өз авторлық технологиясын жасаған ұлы ұстаз Қ.О. Бітібаева болды. Ұстаздың әдеби айтыс, пікірлесу диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сынды өнімді әдістерге және оқушылардың өз бетімен іздену мен зерттеу жұмысын дамытуға негізделген көп жылдық тәжірибесі Абай шығармаларын «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы атты авторлық технологиясын тудырды;

Ғалым Ж. Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен бірнеше ғалымдар ұжымы ұсынған «ТАЛАП – ҚАБЫЛДАУ – БІЛУ – ТҮСІНУ – ЕСТЕ САҚТАУ – ҚОЛДАНУ» үлгісіндегі Абай таксономиясын білім беру жүйесіне енгізу мәселесін қарастыру қажет;

Әдебиет пен қазақ тілі пәндерін кіріктіріп оқытатын болғандықтан, ол жерде көркем шығарманың мазмұны мен идеясы, тақырыбы, оқиғалары мен кейіпкерлері ғана талданбауы керек. Сонымен қатар қаламгер тілі бойынша да тапсырмалар орындалып, сөз қолдану үлгісі үйретілуі қажет. Сол кезде ғана оқушы сөзді құндылық ретінде танып, қабылдап, тіл байлығын кеңейте бастайды;

Абай шығармашылығын оқыту әдістемесін тілді оқыту тұрғысынан, оқушының тіл байлығын арттырып, функционалдық тұрғыдан оқыту мәселесі әзірге қолға алынбаған тың сала екендігін көреміз;

Тілді қолданудағы өз деңгейін мөлшерлеп, өзін-өзі сынай алуы үшін оқушыға үлгі боларлық, үлгі тұтарлық нағыз тілдік тұлғаның үлгісі қажет. Ондай нағыз тілдік тұлғаның үлгісі – қазақтың ұлы Абайы. Ақынның сөз саптау үлгісін көріп, “ондай болмақ қайда” демей, үйренуге ұмтылып, алдына тіл байлығын дамытып, сөз өнерін меңгеру деген айқын мақсат қойған оқушы тілдік тұлға ретінде қалыптасу жолына түседі;

Үздік сөз өнерінің иесі – Абайдың сөз орамдарының құрылымын, сөз айшықтарының түзілу жолдарын түсінген, қабылдаған, меңгерген оқушының тілдік тұлғасы тиісті бағытта қалыптаса бастайды;

Тіл үйретуде көркем шығарма тілін талдау мәтінде берілген тілдік бірліктерді санамалап атап шығуды ғана емес, олардың әрбірінің қалай қолданылғанын және қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтау арқылы оқушының өз тілдік біліміне, сөздік қорына қосуға болатын мүмкіндіктерді көздей жүргізіледі; тілді үйретуде көркем әдебиетті пайдаланудың негізгі мақсаты – қаламгердің шебер қолданысындағы тіл қуаты арқылы оқушы сезіміне эмоционалдық тұрғыдан әсер ету;

Қазақ тілі сабағында Абай шығармашылығын қолдану арқылы оқушының сөйлеу тілінің дамуына, тілдік тұлғасының қалыптасуына оң әсер беретін мүмкіндіктерді барынша молынан алуымыз қажет. Ол үшін мәтін тілін талдау жұмыстары кешенді түрде, үнемі жүргізіліп отыруы қажет;

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушының тілін дамыту арқылы оның тілдік құзыреттілігін, яғни ойды жүйелі жеткізе алу, тыңдай және түсіне білу, сауатты жазу, сөйлеу этикасын сақтау, лексикалық және грамматикалық нормаларды меңгеру қабілетін мақсатты, жүйелі түрде жетілдіріп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер етуге болады;

Ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда әдеби шығарма мен қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін байланыстыра оқыту мәселесі – шешімін таппай келе жатқан аса маңызды міндеттердің бірі;

Абай шығармалары арқылы тіл дамыту әдістемесінің мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті сабағында Абай шығармашылығын оқыту арқылы оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін деңгейлік тапсырмаларға негізделген тіл дамыту әдістемесін ұсыну;

Абай шығармалары – тілдік-мәдени контексті терең, көркемдік құрылымы күрделі мәтіндер. Лингводидактика тұрғысынан бұл шығармалар ұлт болмысы, салт-дәстүр, дүниетаным сипатталатын мәдениеттанымдық мазмұнға бай. Абай шығармаларының тілі фразеологизмдер, поэтикалық синтаксис, көнерген сөздер, араб-парсы кірме лексикасынан тұратын көпқабатты тілдік құрылымға ие;

Абай шығармашылығы арқылы тіл дамыту әдістемесі – тек тілдік бірліктерді меңгерудің құралы ғана емес, оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеудің, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың, тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негізі бар интегративтік модель;

Абай шығармалары арқылы тіл дамытуға арналған деңгейлік тапсырмалар да жоғарыда айтылған танымдық, тілдік және шығармашылықты дамыту кезеңдеріне сәйкес тіл үйренудің коммуникативтік деңгейлерін (А1–С2) ескере отырып құрастырылады;

Білім алушылардың ынтасын ояту мақсатында Абайтану ілімінің тарихы жайлы, Абай шығармаларының алғашқы қолжазба нұсқаларының таралуы жайлы, Абай шығармалары тіліндегі сөздердің статистикасы жайлы т.б. қызықты ақпараттарды орнымен ұсынылып отыруға болады;

Абай өлеңдері мәтіні аудармасымен қатар ұсынылған кезде оқушылар ондағы жаңа сөздерді есте сақтап қана қоймайды. Сонымен қатар жаңа грамматикалық формаларын да меңгеруге мүмкіндік алады;

Тілдік тұлғаның вербалдық-семантикалық деңгейінде тілді сыртқы формасы бойынша, атап айтқанда, тілдік бірліктердің грамматикалық, мағыналық жақтарын тану арқылы меңгеру, сол арқылы сөздік қорды дамыту көзделеді;

Орта деңгей тапсырмаларын түзуде тілдік тұлғаның когнитивтік-тезаурустық деңгейі талаптарына сәйкес тілді концептуалдық, мәдени, бейнелі деңгейде таныту, тіл үйренушілердің ойлау жүйесі мен таным әрекетінің байланысы негізінде Абай өлеңдерінің тілінде кездесетін сөздердің терең мағынасына үңіліп, мәдени-танымдық контексте қолдануды үйрету мақсаты көзделеді;

Жоғары деңгей тапсырмалары тілдік тұлғаның прагматикалық-уәждемелік деңгейінің талаптарына сәйкес құрастырылады;

Білім алушылардың тілін дамыту мақсатында эссе жазу, ертегі құрастыру, жаңалықтар мәтінін құрастыру, бата, тілек жазу, аффирмация құрастырып жазу, өз өмірінде басшылыққа алатын қағидалар мен өмірлік ұстанымдар жазу, эйдос-конспект жазу, сторителлинг құрастыру, өмірмен байланыстыру, кейіпкерлерін қазіргі заман кейіпкерлерімен ауыстырып әңгімелеу т.б. тапсырмалар орындату өте тиімді.

ҚОРЫТЫНДЫ

